

*Мақсатым – тіл ұстартым,
өнер шаппақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

7/2018

ШІЛДЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Ұлттық тәлім-тәрбие – рухани ұыз

| | | |
|---|---|--------------------------|
| Қ.БӨЛЕЕВ. Л.Қ. БӨЛЕЕВА. | Ұлттық тәлім-тәрбие беру – қазіргі заман талабы..... | 3 |
| М.ӘБЛҰЛЫ. | <u>Туған эсерге тағзым</u> Тассуаттағы жазу..... | 12 |
| Қ.Ж. БАЙЖОЛДИН. | <u>Шалғайдан келген хат</u> Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің махам жауһарлары жөнінде..... | 18 |
| С.И. ҚОНЫСБАЕВА. | <u>Тіл – құрал, өнер – өріс</u> Шет тілін ғылыми оқыту әдісі..... | 45 |
| Э.ЕБЕЛЕКОВА. А.ҰЛМАҒАМБЕТОВА. | <u>Жас маманға эсердем</u> Д.Исабековтың “Дермене” хикаятынан алынған “Ата үміті” үзіндісін “Зерде” теориясы негізінде оқыту..... Сабақта оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру..... | 52 63 |
| Қ.АБУОВА. | <u>Терендетіп оқыту ордасында</u> Сабақты Lesson Study арқылы зерттеу: Сіз сабақты қаншалықты сапалы берудесіз?..... | 72 |
| Ә.ТАСБОЛАТ. | <u>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u> Қазақтың би-шешендері..... | 90 |
| З.Х. ЕСЕНҒАЛИЕВА. Н.Т. УТЕГЕНОВА. Б.ҚҰЛАНБАЕВА. | <u>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u> Тіл – қарым-қатынас құралы..... Ғаламтор және кітап..... Ортақ етіс. Ырықсыз етіс..... | 99 103 106 |
| А.АБДИЕВА. | <u>Сыныптан тыс шара</u> Кейіпкерлер әлемі (Ә.Нұрпейісовтың “Соңғы парыз” романы бойынша)..... | 114 |
| Қ.АСАУБАЕВА. | <u>Уақыт ағымында</u> Үштілділік – заман талабы..... | 119 |
| Н.АМАНБЕК. | <u>Балауса – жыр бағында</u> Тілім менің | 128 |
| А.ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ. | <u>Шәкірт сыр шертпей</u> Тәрбие бастауы – сынып жетекшіде..... | 130 |
| Л.БУЛТЕКОВА. Г.ДАНИБЕКҚЫЗЫ. Г.ӨТЕГЕНОВА. Г.ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ. | <u>Білім көзі – кітапханада</u> Мәдениеттің туын көтергендер..... Молдабай – тілге шене, әнге бай..... Ұлт – мәдениетімен мәңгілік..... Өлең – тағдыр таңбасы..... | 133 137 139 141 |

Ұлттық тәлім-тәрбие – рухани ұыз

ӘОЖ 37.03

Қ.БӨЛЕЕВ,
педагогика
ғылымдарының докторы,
Тараз
инновациялық-гуманитарлық
университетінің
профессоры.

Л.Қ.БӨЛЕЕВА,
педагогика
ғылымдарының кандидаты,
М.Х.Дулати
атындағы Тараз мемлекеттік
университетінің доценті.
Тараз қаласы

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ– ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты еңбегінде: «Біз жаңа Қазақстанды – Ұлы Дала Елін құрдық!» деп, бүкіл әлемге жария етті [1]. Бұл ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы армандаған мақсаты мен мұраты еді.

Елбасы сөзінен: «Ұлы Дала Елінде тәрбие қандай болу керек?» – деген сұрақ туындайды. **Біздіңше, Ұлы Дала Елінде тәрбие – ұлттық тәрбие болуы керек!** Өйткені ұлттық тәрбие туралы идея – бүгінгі күннің талабы және қазіргі өміріміздің қажеттігінен туындап отырған көкейкесті мәселе.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани

жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақстандықтардың ұлттық санасын қалыптастыру арқылы ұлттық тәрбие беру міндеті қойылды [2]. Ендігі мәселе елімізде бүгінгі таңда ұлттық тәрбие берудің қажеттігі!

Ұлы Дала Елінде ұлттық тәрбие берудің қажеттігі – елімізде бүгінгі таңда орын алып отырған төмендегідей қасіреттер мен құбылыстарды бірте-бірте жоюдың, келешекте олардың алдын алып болдырмаудың бірден-бір сенімді және ғылыми дұрыс жолы екендігі:

1. Қазақ тілін, қазақ тарихын, қазақ мәдениетін, қазақ салт-дәстүрлері мен дінін шала немесе тіпті білмейтін жастар;

2. Қарттар үйлері мен балалар үйлерінде жылап отырған аталар, әжелер мен жетімдер;

3. Азаматтық неке, жатжұрттық неке, ұлтаралық неке, бір жыныстық неке, некеден ажырасу;

4. Әйелдермен мен қыздардың түсіктастауы, мектеп оқушыларының екі қабат болуы;

5. Бойдақтар, қызтекелер, бедеулер;

6. Жұмыссыздық, жезөкшелік, жалқаулық;

7. Ланкестік, экстремизм, басқа дінге сену;

8. Сыбайлас жемқорлық, пара алу, пара беру, қызметтің сатылуы;

9. Экономикалық және әлеуметтік дағдарыстар;

10. Ата-ананың тәрбие жұмысымен айналыспауы;

11. Шетелдік ақпарат құралдарының ықпалы;

12. Зиянды әдеттер: темекі шегу, ішкілік ішу және нашақорлық;

13. Жастар арасындағы қылмыстық істің өсуі, тәртіпсіз ұл мен қыз, т.б.

14. Мектепте және ЖОО-дағы тәрбие үрдісінің нашарлауы, мұғалімдер мен оқытушылардың беделінің төмендеуі, т.б.

Айтылған қасіреттер мен құбылыстарға нақты статистикалық мәліметтер келтірейік:

1. Елімізде 34.000 жетім балалар бар, олар балалар үйлерінде өмір сүруде.

2. Еліміздің бірнеше қаласында қылмыскер балалардың колониялары бар.

3. Күн сайын, апта сайын, ай сайын нәрестелерді темір жол, тас жол, әжетхана, үйлердің алды мен қоқыс жәшіктеріне қыздарымыз бен келіншектеріміз тастап кетуде.

4. Елімізде бүгінгі күні 15 пен 25 жас аралығындағы қыздарымыздың тең жартысы шетелдіктерге тұрмысқа шығуға даяр, жылына 9000-нан аса қыздар шетелдіктерге тұрмысқа шығуда.

5. Елімізде 25 жастан асқан тұрмыс құрмаған 250.000-ға жуық «кәріқыздар» мен

175.000-нан аса «сұр бойдақ» жігіттер бар. Егер оған жесір қалғандар мен ажырасқандарды қоссақ, бұл көрсеткіштер 2-3 есе асады.

6. Елімізде әр 10 некенің 5-і ажырасуда.

7. Мектепте оқушылардың екі қабат болуы орын алуда. Мысалы, 2017 жылы Астана қаласында 73 оқушы қыз жүкті болған.

8. Мектептерде 10 оқушының 3-і темекі шегеді, 4-і ішкілік ішеді, жастар арасында нашақорлық жайлай бастады.

9. Қазақ жастарының арасында 30%-дан аса жастар бедеулік кесанатқа ұшыраған.

10. Елімізде 20% отбасы азаматтық некеде тұрады екен, олардан жыл сайын 5000-ға жуық некесіз балалар дүниеге келуде.

11. Қызтеке жігіттер мен еркекшора әйелдер көбеюде. Олар өздерін ашық жариялай бастады.

12. Елімізде 100.000-нан аса жезөкше бар. Мысалы, Шымкент қаласының өзінде бір түнде 2000-2500 жезөкше «қызмет» етуде.

13. Еліміз қонақ үйі мен саунасы ең көп елге айналды. Әр қалада 5-20 жуық сауна-моншада қыз-келіншектер «қызмет» етуде.

14. Елімізде 87 қарттар үйлері бар, онда 32.000 әжелер мен аталар жылап отыр, оның 40%-ның бала-шағалары бар, 60-70% қазақтар екен.

Міне осы айтылғандардың салдарынан

бүгінгі таңда елімізде 40-тан аса тәртіпсіз балалардың түрлері пайда болды. Олар: тастанды бала, жетім бала, қиын бала, қылмыскер бала, ұры бала, қайыршы бала, дене және ақыл-ойы кем бала, ауру бала, қаңғыбас бала, қатыгез бала, сатылған бала, сатылатын бала, надан бала, сауатсыз бала, некесіз бала, асыранды бала, бейпіл-ауыз бала, аш бала, құл бала, жезөкше бала, бұзық бала, қорланған бала, зорланған бала, анасы өлтірген бала, әкесі өлтірген бала, ұрланған бала, жолдасы өлтірген бала, әкесіз бала, анасыз бала, маскүнем бала, нашақор бала, ғаламтор тәрбиелеген бала, басқа дінге сенетін бала, т.б.

Қайталап айтамыз: Егер жас ұрпаққа және жастарға отбасы мен оқу-тәрбие орындарында ұлттық тәрбие берілсе, онда жоғарыда келтірілген қасіреттер мен құбылыстар бірте-бірте жойылар еді, тіпті болмас еді. Сонда: “Ұлттық тәрбие деген не? Ол қандай тәрбие? Оны қалай жүзеге асыруға болады?” – деген сұрақтар туындайды.

«Ұлттық тәрбие» ұғымы дүниежүзілік педагогика тарихында әлі нақты анықталмаған. Бұл мәселеде Батыс және Шығыс елдерінің ғылымдары әртүрлі пікірде.

1.Батыс педагогикасында ұлттық тәрбие беру мәселесі тіпті қарастырылмайды. Өйткені онда рухани құндылықтар

ескерілмейді.

2. Шығыс педагогикасында – Жапония, Қытай, Корея, Араб елдері – ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл мән береді. Өйткені онда рухани құндылықты өте жоғары бағалайды. Онда «ұлттық тәрбие» деп – жеке тұлғаның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруді айтады.

Адам өмірі құндылыққа құрылған. **Құндылықтың екі түрі бар: біріншісі – материалдық құндылық, екіншісі – рухани құндылық.**

Материалдық құндылық – ішіп-жеу, баю, ал рухани құндылық екіге бөлінеді: ұлттық құндылық және жалпыадамзаттық құндылық болып.

Ұлттық құндылыққа – ұлттың тілі, тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі мен діні жатады. Ал жалпыадамзаттық құндылық – білім, ғылым, озық мәдениет үлгілері, т.б.

Егер адамға тәрбие ұлттық құндылықтар арқылы берілсе, ол ұлттық тәрбие алады; егер адамға тәрбие ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы берілсе, ол «кемел адам», «жетілген адам», Абайша айтсақ, «толық адам» болып қалыптасады.

Бүгінгі күні елімізде: 1). Жастарға ұлттық тәрбие беру; 2). Жастарды «кемел адам» етіп тәрбиелеу мәселелері өте көкейкесті болып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың соңғы «Төртінші өнеркәсіптік революция» атты Жолдауында: *«Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шеттілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық – біздің қоғамымыздың идеалына айналуы тиіс»* [3] деп, ұлттық тәрбие алған «кемел адамды» тәрбиелеу мәселесін бүгінгі күн тәртібіне қойды.

Қазақ педагогикасының тарихында, нақты айтсам, қазақ этнопедагогикасы ғылымында «ұлттық тәрбие» ұғымын ең алғаш ендірген қазақтық ұлы ағартушысы – Мағжан Жұмабаев. Ол өзінің 1922 жылы Орынбордан шығарған «Педагогика» атты оқу құралында ұлттық тәрбие, оның қажеттігі, тәрбиешісінің (ата-ана мен мұғалімнің) ұлттық тәрбиемен таныс болуы туралы, ұлттық тәрбие алған баланың ерекшеліктері туралы мынадай керемет пікірлер айтқан:

«Әр тәрбиешінің (ата-ана мен мұғалімнің) қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың баланы тәрбиелі қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Әрбір тәрбиеші (ата-ана мен мұғалім), сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс. Және де әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші сол ұлт тәрбиесімен

тәрбие қылуға міндетті» [4] деген екен. Біз өзіміздің көпжылғы зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде «ұлттық тәрбие» ұғымына мынадай анықтама бердік [5,101 б.]: «Ұлттық тәрбие деп – жеке тұлғаның ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін бойына сіңіріп, ұлттық санасының, ұлттық намысының, ұлттық мінез-құлқының және ұлттық дүниетанымының қалыптасуын айтамыз».

Сонда ұлттық тәрбие алған жас ұрпақ, білімді ақылды, еңбекқор, иманды, адамгершілікті, салауатты, сұлу да сымбатты, үнемшіл, отансүйгіш, бір сөзбен айтсақ, ұлтжанды азамат болып шығады.

Енді жас ұрпаққа, жастарға ұлттық тәрбие қалай берілуі керек?! Оның екі жолы бар: отбасында ұлттық тәрбие беру және оқу тәрбие мекемелерінде ұлттық тәрбие беру.

Қазақ халқы балаға отбасында ұлттық тәрбие беруді ана құрсағынан бастап, адамды өмір бойы және оны о дүниеге шығарып салумен аяқталатын әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде үздіксіз жүргізіп, іс-әрекеттер мен қарым-қатынастар арқылы тұрақты жүзеге асырған. ***Осыдан келіп, қазақта отбасылық ұлттық тәрбиенің мынадай 6 түрі пайда***

болған: құрсақ тәрбиесі, бесік тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, келін тәрбиесі, ұл бала тәрбиесі, ер жігіт тәрбиесі. Бұл кезеңдерге жеке-жеке сипаттама беріледі [6].

Қазіргі оқу-тәрбие мекемелерінде жас ұрпаққа және жастарға ұлттық тәрбие беру үрдісі оларда оқытылатын оқу пәндерінің бағдарламаларына ұлттық мазмұн жасап, ұлттық тәрбие берудің әдістемесін пайдаланып, ұлттық тәрбиені жүзеге асыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары-қазақстандық арманға бастайтын жол // Егемен Қазақстан, 6.01.2016 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12.04.2017 ж.
3. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» халыққа Жолдауы // Егемен Қазақстан, 10.01.2018 ж.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
5. Бөлеев Қ., Бөлеев Л.Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие. – Алматы: Нұрлы әлем, 2013. – 121б.
6. Бөлеев Қ. Қазақ отбасылық тәрбиесі. – Алматы: Отан, 2016. – 160 б.

Туған жерге тағзым

М.ӘБІЛҰЛЫ,
филология ғылымдарының
кандидаты, профессор,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі.
Тараз қаласы

ТАССУАТТАҒЫ ЖАЗУ

Елбасымыз Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: *«Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып ғана қоймай, олардың өзегіне айналады»* – деп жазған еді.

Бұл әдебиетке де байланысты айтылған сөз. Әдебиет болмаған елде, әдебиетте сілкініс болмаған елде саясат та, экономика да дамымайды. Себебі әдебиетте бейбіт өмірді сақтап тұратын ғаламат күш бар. Ал бейбіт өмір жоқ жерде саясат та, экономика да ілгерілемейді.

XI ғасырдағы қазақ түркілерінің жазба әдеби жәдігерліктері туралы сөз болғанда, Тараз маңынан табылған Тассуаттағы жазудан айналып өтуге болмайды. Бұл жазу Таразда ғылым мен мәдениеттің, әдебиеттің ерекше канат жайғанын дәлелдейді.

Белгілі әдебиетші Ө.Жәнібеков үш мың

жылдан астам тарихы бар қазақ халқының мәдениеті туралы былай деп жазған еді: *«Қолына қалам алып, үмітпен жоқ қуған зерттеушіге, әсіресе, мәдениет тарихы мәселелерінің айдан анық, қалтарыс-бұлтарысы жоқ даңғыл, ұзын-ырғағы жатық сілтемелерге толы бола бермейтіндігінен де болар, біз соңғы кезге дейін қазаққа тек көшіп-қонып күнелткен, қала мәдениетінен құралақан ел ретінде қарап келдік. Оның жартылай отырықшы және отырықшы топтары қалыптастырған заттық және рухани мұрасына көңіл аударма алмадық. Тіптен үш мың жылдан астам тарихы бар халықтың және оның ата-тегін құрағандардың бүкіл дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесі жайында сөз қозғаудың өзі де бізге орынсыз болып көрінетін...»* (Ө. Жәнібеков, «Тарих өткелдерінің ізімен», кітапта: Ө. Дербісәлиев, «Қазақ даласының жұлдыздары», Алматы, 1980-жыл, 3-бет).

Тараздан шыққан әйгілі оқымыстылар Баласағұндық Әбу Әбід Алла (XI ғасыр), Дулат тайпасынан шыққан Тараздық Махмұт Бин Әлі, Тараздық Әбу Таһир Мұхаммед, Тараздық Шамс, Шейх Ахмет Құдайдат т.б. ғылым мен мәдениетті, әдебиетті дамытуда елеулі еңбек

еткені рас.

Тараздан табылған тас астаудағы жазу туралы ғалымдар біршама зерттеу еңбектер жазды. Қазақ ғалымы Ә. Дербісәлиев, түрколог ғалымдар В.В.Бартольд, И.В. Стеблева, Ю.Н.Завадовский Х ғасырға тиісті жазба ескерткіштер туралы және Баласағұндық Жүсіптің «Құт дарытатын ілім», Қашқарлық Махмұттың «Түркі сөздерінің жинағы» атты еңбектері түркілік мәдениет пен әдебиеттің биік туындысы екенін атап көрсетті.

Қазақтың көрнекті ғалымы Ә. Дербісәлиев «Қазақ даласының жұлдыздары» атты кітабында Тараздан табылған тасуат, ондағы жазу туралы былай деп жазады: *«Тараздың қазақ даласындағы рухани орталықтарының бірі болғанын онан табылған XI ғасырға жататын тасуат пен ондағы арабша жазудан да көруге болады. Шамасы, Меккеге қажылыққа баратын жолда жолаушылар аялдап, сусындап-тамақтанатын және түнейтін киелі жерлердегі бастау көздері мен құдық басына мейлінше қарапайым қазан-ошақ, ыдыс-аяқ, су толтыратын тасуаттар қоятын қайырымдылық дәстүр болған.*

Мұсылман шығысындағы осындай дәстүр бойынша жергілікті халық өкілі

жасатқан тасуаттың бетіндегі жазуды Мәскеу Шығыстану институтының профессоры Ю.Н. Завадовский (1909-1979) оқып, ажыратып берген. Онда былай делінген: «Бұл тасуатты Әбд әл-Мәлік Құтлықтың (жергілікті әкімдердің бірі болса керек) қызы Фатима хатын Алланың нұрлы шапағатына бөлейтін жолға түсу үшін және оның рақымы мен жомарттығына үміт ете жасатты. Оның өзі және ата-анасы һәм күллі мұсылман (жамағаты) Алланың кешіріміне жолықсын!

Бұл (тасуат) төрт жүз... жылдың раби-л-аууал айында бітті».

Ю.Н.Завадовский тасуат 1009-1100 жылдар арасында жасалған дегенді айтады...» (Ә. Дербісәлиев, «Қазақ даласының жұлдыздары», Алматы, 1980-жыл, 133-134-беттер).

XI ғасырда жасаған және өз халқының рухани мәдениетіне ерекше үлес қосқан Қашқарлық Махмұт, Баласағұндық Жүсіп өз заманында бүкіл дүниежүзін тандандырған атақты кітаптарын жазып, түркілердің даңқын асқақтатты. Фольклоршы Қашқарлық Махмұт түркілердің, соның ішінде қазақ түркілерінің ауыз әдебиетін жинап, әдебиеттану ғылымына өлшеусіз үлес қосты. Ол өз дәуірінің ғана емес,

көне дәуір (сақ, ғұн) ауыз әдебиетін де жинады. Сонан соң, өз заманына тиісті ауыз әдебиетін жинап, түркі тілінің бай қорын жасады. Ежелгі сақ дәуірінде жасаған көрнекті мемлекет басшысы Алып Ер Тұңғаны жоқтау жырын осы «Түркі сөздерінің жинағына» енгізді.

Ал, Баласағұндық Жүсіптің «Құт дарытатын ілім» атты кітабы – көршілес мемлекеттердің патшалары құшырлана оқитын сүйікті кітабына айналды. Себебі, «Құт дарытатын ілім» кітабы мемлекетті басқару жайлы жазылған ғажайып еңбек еді. Кейін осы кітаптан үлгі алған Еуропа елдері мемлекетті басқару туралы заңды – Конституцияны енгізді.

XI ғасырда тараздық Әкім Әбід әл-Мәліктің қызы Фатиманың жасатқан тассуатының маңызы тереңде. Тассуаттағы жазу күллі адамзат баласын Алланың нұрлы шапағатына бөлейтін жолына түсуге үндейді. Яғни, мейірімділік пен адалдыққа, Аллаға деген ынтызарлыққа, жомарттық пен кеңпейілділікке үндейді. Бүкіл мұсылман пендесі Алланың кешіріміне жолығып, Алланың шапағатына бөленсін деген ғажайып идеяны ұстанады.

Қазақ әдебиеті тарихы соның ішінде жазба әдебиетінің тарихына қосылатын бұл әдеби жәдігерлік Тараздан табылып отыр. Сондықтан XI ғасырдағы қазақтың жазба

әдебиеті осы тассуаттағы жазудан басталу қажет. Біз жерімізден табылып отырған жазба жәдігерліктерге көз жұмып қарап келеміз. Шет ел ғалымдары қазақта жазба әдебиет болмаған деген шындыққа сай келмейтін қорытынды жасайды. Ағылшын немесе италян, испан немесе поляк ғалымы: *«Қазақтың XI ғасырдағы жазба әдебиеті осы тассуаттағы жазудан басталу қажет»* – десе, орнымыздан атып тұрып қол соғамыз. Осы тассуаттағы жазуды зерделеп, ғылыми қорытынды жасап, қазақтың ғалымы *«Қазақтың XI ғасырдағы жазба әдебиеті осы тассуаттағы жазудан басталу қажет»* – десе, орнымыздан атып тұрмақ түгіл, орындықтың астына кіріп кетеміз, ішімізді қызғаныштың қаншық иті тырмалап жатады.

Қазақтың ауыз әдебиетінің, жазба әдебиетінің тарихын көне дәуірлерден бастау қажеттігін кешегі Кеңес заманында социализм идеясынан тартынған ғалымдарымыз, зиялы қауым өкілдері айта алмай кетті. Дегенмен, М.Дулатов, Ә.Марғұлан, Мір Қадырбаев, О.Ысмағұлов, К.Ақышев, А.Көбесов, М. Тынышбаев, Ә.Оспанов, Б.Кенжебаев, Е. Бекмаханов, М.Мырзахметұлы т.б. идеялық қысымдарға қарамастан, өз ойларын там-тұмдап болса да жеткізіп отырды.

Қ.Ж. БАЙЖОЛДИН,
Жунгуо Шинжиаң
Алтай аймақтық
әдебиет-көркемөнершілер
бірлестігі.
«Алтай аясы» журналы редакциясы

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАХАМ ЖАУҒАРЛАРЫ ЖӨНІНДЕ

«Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің махам жауһарлары» – көлемі кең, тамыры терең, мазмұны бай, құрылымы күрделі, зерттейтін объектісі аса мол байлық қайнары құндылығын өзінің өзек-арқауында өрімдеген соны тақырып. Сонымен бірге ол қазақ ұлтының ұлттық мәдениетінің тарихи шындығы мен шындық болмысы. Бұдан бұрын осы тақырыпты алға ұстаған немесе осы тақырыптың ішкі астар қабатына үңілген зерттеушілердің кейбір арнаулы мақалалары қазақ елінде де, шетелде де аз жаряланбаған. «Қазақтың әйгілі күйшілері», «Ғасырлар пернесі», «Күй аңыздары», «Күй шежіресі», Шинжяннан: «Алтын арна», «Қоңыр әуен» (2009-жылы «Іле халық баспасынан шыққан») қатарлы шығармалар жарық көрген. Біз бұл арада тарихи дәстүрлі мәдениетіміздің батпан салмағы мен айдай ажарын қалыптастырған алтын қорының – мәдениет, күй-музыка, ән-би, эстетика, этика, көркемөнер арнасында бейнелеген нанымды негіздік ұлағатынан біраз сөз қозғаймыз.

1.

«Махам» атауының қазақ тілінде – әуен, сарын

немесе әннің әуені ретінде ұғым беретіні белгілі жайт.

Сондықтан біз қазақ мәдениетінің ерекше арнадан жүйеге түскен жауһари көркем бейнесі белгісіне қатысты мазмұнға жіктелген формаларын жинақтап, сәйкесті үндестік ұғымымен махам тақырыбымен қабылдап отырмыз. Яғни, халқымыздың мәдениет қорында бұрыннан сақталған әрі халық киелі сан деп түсінетін көптік шама: «алпыс» немесе «алпыс екі» саны ұғымына тәнті болып құрмет тұтамыз. Фолклорлық әдебиетте, ертеде Үрім (Византия) мемлекетінің патшасының «алпыс екі махамның бәрін білген» оқымысты қызы **Мәликенің*** өзі жарялаған жүз жұмбақтың шешуін тапқан түркістандық сұңғыла білімпаз Әбдіғалыммен үйленгені туралы хикаят бар.

Жалынды күрескер ақын **Махамбет Өтемісұлының*** өлеңдерінде «ақылды алпыс жаққа шаптырып» деп те толғайды.

Ендеше, «Дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары» яғни «алпыс екі махам жауһарлары» тақырыбынан сөз қозғағанда, біз енді осы тақырыпқа жүкті: талқы, керіс-тартысқа қоламта болған назар аударарлық мәселелердің салмағын, нақты нәтиже көрсету жағына аударып, халықтық тарихи дәстүрлі мұрамызға мұрагерлік етіп, әдебиетті халық үшін қызмет еттіру бағытын шынайы үндестіріп, халқымызға көркемөнер мәуесінен шүлен тұшымды жеміс таттыруға құлшыныс

(* “Мұра” журналы 1982-жылы, 6-сан «Мәликенің жұмбағы»).

(* Ақыметбек Кірішбаев. «Қазақ әдебиеті тарихынан таңдамалы үлгілер - 1», 458-бет.

Шинжиаң университеті баспасы, 1985-жыл).

жасауымызға, әрі сондай жұмыс істеуге хақылы екендігімізді саналы түсініп борыш арқалауымызға тура келеді.

Осыған орай айтылатын алғы сөз немесе жалпы ұстаным мынадай болуға тиіс деп қараймыз :

Бірінші, «қазақтың дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары» арнасына тәуелді күй-ән саласында, нақтылы «алпыс немесе алпыс екі санымен қатып-семген түрде жез шеңбердің ішіне қысылатын бір ғана түбірден тарайтын тұрақты күй-сазы тіркесі жоқ. Бірақ оның есесіне: «Алпыс екі ақ желең», «Алпыс екі қосбасар», «Алпыс тараулы науай сазы», «Алпыс екі қоңыр» т. б деген атаумен аталатын күй шоғырлары бар. Біздің бұл күй шоғырларын халқымыздың тарихи нанымында киелі сан көріп қалыптастырған «Алпыс екі» деп атауымыз және сондай болмысқа бой ұсынып ұлағаттап, мұрагерлік етуіміз әбден орынды, табиғи ұстаным болып табылады.

Екінші, «қазақтың дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары» қазақ ұлтының ғасырдан-ғасырға жалғасқан тарихымен біте қайнасқан. Ол елеусіз қарауға, үзіп тастауға немесе мүлде теріске шығаруға болмайтын, халықтың тыныс-тіршілігімен, тағдырымен тамырлас бекзаттық және рухани дүниеміз болып есептеледі.

Үшінші, бұл «махам жауһарлары» арнасы күй-ән сазы тарапынан айтқанда, түп тамырынан құнары қордалы үлкен бір қайнардан суат алып, адамзат басып өткен біріне- бірі ұқсамайтын әрі бірінің орнын екіншісі басқан тарихи дәуірлердің бәріне ортақ ұласымды немесе оның жаңа туындысы ретінде халықтың бекзаттық рухани эстетикасын бейнелеген, сондай-ақ,

бір-бірімен байланысты әрі парықты, өзіндік ерекшелік сипатты мәнге ие көптеген күй шоғыры формасымен майданға шыққан.

Төртінші, «қазақтың дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары» тұтастық тұлғасы жағынан өзіне әрқилы көркемөнер объектілерін қамтып, олардың әрқайсысы бейнелену тәсілі жағынан өз алдына дара-дара «дәстүрлі мәдениет махамы жауһары» болып ашық жария болып , бой көрсетіп келген. Айталық: ән - би, күй, қолөнер жауһары, күй-сазы, айтыс әуені, литография (тастағы ойма сурет), сызба сурет, мүсін-фигура, бәдікшілік, музыкалық терме әуені, қисса-дастан нәзірасы, бақсы сарыны, шешендік шежіресі, шамандық, тотемдік, исламдық наным ықпалы, тұрмыс-салт жырлары мен саз-саз әуені т . б .

Бесінші, қазақтың дәстүрлі мәдениет махамы жауһарларының ауыз-екі тілде айтылатын, әрекет-қимылда бейнеленген немесе күй-саз аспаптары арқылы орындалып жалғасқан, кейінірек нотаға түсірілген деректі нұсқаларының дүниеге келген заман-уақытына, салыстырмалы мөлшер жасап тұрақтандыру мүмкін болғанымен, оның дәуір үрдісіне ілесіп немесе сәйкесіп, тоқтаусыз салиқалы керуен тартып алға жылжып өркендеу, даму жолына қарата, пәлен уақытта, пәлен жерден тоқтаған немесе тоқтайды – деп, тұрпайылықпен жолбикелік істеп, кесім жасау мүмкін емес. Мәдениетіміздің осындай асыл мұрағаты, қашанда алдыңғысына кейінгісі мұрагерлік етіп, оның үстіне ол өзін-өзі тудырып, үздіксіз жаңаланып, толықсып дамып келген. Сондықтан оның аяқтау шегі жоқ әрі мәңгілік даму жолымен ілгері көшіп отырады.

2.

Талай уақыттардан бері жер шары бетінде жасаушы басқа ұлттар мен халықтардың қатарында, қазақ ұлты да өзінің өзге жұрттың назары мен дүние мәдениетінің айнасына: *«Менің меншікті дүнием мынау еді»* деп атап көрсететін, сан-алуан тұлғасы зор асқақ мүсінді, жарқын образды, алтын зерлі мәдениет мұрағаттарын жасап қалдырған. Осындай құдыретті жүйеде адамды терең әсерімен баурап, сүйіспеншілік сезімге жүгіндіретіні, халқымыздың ежелден бері басынан кешірген сан ғасырды қабаттап ораған, не қиын тарихи белестерден өту үрдісінде, өзіне тән ғұрыптық нанымы бойынша: «алпыс екі махам» деп атап, қоймалы көкірек сарайына сақтап, ыстық қанымен суарып жетілдірген заттық және бейзаттық мәдениетінің, хас тасындай жалтылдаған рухани жауһары біздің заманымызға жетіп отыр.

Демек, «Алпыс екі махам жауһары» атты дәстүрлі мәдениеттік қор-қазынасының ішінде ең қордалы саласы күй сазы болып табылады. Ал, күй музыкасының халық нанымындағы «Алпыс екі санын» киелі ұғым етіп, құдыретті дәстүрлік фолклорлық мұра ретінде, өз жүйесінен бірнеше өңірлік махамдарға бөлініп жасалып жалпыласқаны айқын. Біздің назарымызда ол саз-әуендік жанрлық сипаты жағынан: мынадай жүйеде байқалады.

Яғни, «Алпыс екі ақжелен», «Алпыс екі қосбасар», «Алпыс екі қоңыр», «Алпыс тараулы науай сазы», «Теріс қакпай», «Кер толғау», «Күй шақыртқы», «Кеңес күй-сазы», «Сәлем-сағыныш күй-сазы», «Жұбату-жоқтау күй-сазы», «Хайуанат күй-сазы», «Бақсы сарыны сазы» жүйесіне жіктеліп, осыған қоса, ұлттық

тұрмыс-салт құндылығының барлық саласын; ащы-тұщы көңіл-күй лирикасын; адамның психологиялық сезім-зердесіне тікелей не жанамалай әсерін тигізетін жаратылыстық құбылыстарды; жан-жануарлардың өз дүниесіндегі өмір сүру тәсілі мен оның адам баласымен бірге жасаған ортақ мекені – жер үстіндегі қиян-кескі тағдырын әр қырынан бейнелеген әуен-сарыны айқын арналарды қамтып жасалып, бұрынғыдан соңғыға, атадан балаға, ұлынан ұрпаққа мұрагерлік етілу тәсілімен, қазіргі заманымызға дейін салиқалы керуен жолын түзеп, екпіндете қоңыраулатып келіп, көш тізбегінің бастаушысы ақ атанның жез бұйдасын «болашаққа жеткіз!» деген ізгі тілекпен, біздің қолымызға ұстатқандай сыр аңдатады.

Сондықтан, қазақтың «алпыс екі махам» – дәстүрлі мәдениет жауһары - классикалық музыка құнары болып қана қоймай, оның үстіне музыкалық тіл, саз - әуенімен суарылған және музыкалық саз-әуенімен безендірілген ұлттық дәстүрлі заттық, бейзаттық, рухани мәдениетіміздің объектив болмысы және мәдениеттік өркениет мәйегінің әр дәуірде бейнеленген құнарлы мұрасы; ұлттық өркениетіміздің шежіре тауарихқа мағұлым жәдігері; күллі жаһанға әйгілі жалт-жұлт етіп, көз құнарын өзіне тартқан гауһар тастай құнды әрі мәнері айдай арайлы мәдениет символы болып табылады.

Өйткені, ұлтымыздың қайсы ән, күй-музыка, би қимылы, мүсіні, өнер өрнегі мәтіндегі көркем өнер, әсем өнер туындысы болмасын, бәр-бәрінің өз бойына немесе мазмұнына түгелдей халық тіршілігінің талғам-тәсілін, ұлт дәстүрін, жеке адамның әр қилы өмір өткелін немесе жаратылыс дүниесінің сиқырлы

құбылыстары мен тылсым сырын, жан-жануарлардың тіршілік тағдырына тығыз байланысты тарихи уақиғаларды сіндіріп, белгілі көрмемөнер формасы ретінде тұлғаланып әрі бейнеленіп, шындық өмірде жария болып отыратыны талассыз шындық.

Айталық, ерекше музыка үнімен әрленіп, әр түрлі дене мүшесі ишаратын бейімдеп өрлі-қырлы мықындап ырғатылып тұрған «қара жорға биі» – қазақ халқының ұлттық бояуы қанық дәстүрлі би өнегесі болып қана қоймай, осы биді тамашалап отырған адам одан:

Қазақ ұлтының керемет би өнерін; үлкен-кіші, ер-әйел демей, жамағаттың би құдіретіне құштарлығы мен шынайы берілген ынтасы мен ирадасын (**араб тілінде ерік, ықылас**); би жасампаздығындағы адамзаттың әр қилы жаратылыстық құбылыстар мен жан-жануарлардың қимылын біріктіріп бейнелеудегі ерекше еліктеме қабілетін; әуеден сорғалай түйіліп, құйылып ұшқан қыран құс; айна көл, шалғынды саздағы сайран құрып сұңғақ мойнын толғап, қос қанатын қомдай қағып, сүзе таранып отырған аққу; биік төбеден қанатын дірілдете қағып шырқап тұрған сұрша торғай; тастан-тасқа ойнақ салып секірген ортеке қияпаты; қазақ тұлпарына тән алтын-күміс ертұрманы тамаша жарасып, сауырынан су төгілмейтін тайпалған жорға жүріс; әйелдер мен жасы кішілердің үлкендерге ізет-құрметі; үлкендер мен ерлердің әйел затын аялау сипатты ілтипаты; қыз-жігіттердің шаттық шалқымасы мен өзара жарасымды да іңкәрлік көңіл күйі, ойнақы да ибалы қимылы т. б жанды суреттей бірінің артынан бірі көзіңізге мен мұңдалап көрініп тізбектеліп өтіп жатады .

Құрманғазы Сағырбайұлының **«Сарыарқа» күйінен** – IX-X ғасырдағы қазақ сахарасының бар тылсым сырын айдынына жасырған керемет көркем көрінісінен, шексіз ләззаттық сезімге шомып, иіні мен қиыны көп тіршілік тартысының қайнаған қазанында не тосқауыл кедергіні жойып, бет алған бағытына қарай жеңіспен жөңкіген халықтық шерудің, жер-әлемді дүрілдете сілкіндіріп, алдағы мұнарлы болашаққа жол ашқан дабылды жорықтың; жойқын күшпен дем алған дала тынысының; сол мекенде жасаған халық ауанының дауылды үн-сарынын естіп, тың рухани шабытқа кенелесіз. Осыған ұқсас **«Адай» күйін** тыңдағаныңызда, өзіңіздің сұрапыл соғыс майданына қалай кіріп кеткеніңізді сезбей қаласыз; Дәулеткерей Шығайұлының **«Бұлбұл» күйінде** әсем бұлбұлдың тыныш қауіпсіз өзенді, орманды алқапта, сергек секемсіз бейнеде ұшып-қонып, сан құбылтып құйқылжыта сайрап, балапанын баулып, емен-еркін шадыман күй кешкен, алаңсыз қунақы тіршілігі бейнеленеді; Қорқыт атаның **«Сарын»** күйінен ел қамын жеп, кермек дәмді күй кешкен атаның, ішкі оғыздың сыртқы жауына қарсы аттаныс жорығына толғам тастап, ерді ерлікке, елді берекеге шақырып айтқан ақыл-насихатын тыңдайсыз.

Осылайша, қазақтың көркемөнер, әсем өнер туындыларының көркемдік нарқын өз мәнісінен танып түсіну үшін оның адам баласы мен адам жасаған қоғамдық, жаратылыстық ортадан еш бөлінбей, қайта онымен біте қайнасып объектив болмыспен қабыстық тауып тұрғанын саналы көкірек жадына мықтап сақтауға тура келеді. Қысқасы, әртүрлі туынды – объектив болмыстың астары, ажары, айнасы әрі тіл-

сөзі; болмыс - туындының қайнар көзі, жан денесі болып есептеледі. Ендеше, ән-күй сазы, би туындыларын оның әуені мен мәтінін тудырған қоғамдық, тарихи, алуан аңғарлы шежірелік объектінің өзінен бөліп, тек жалаң көңіл-күй, субъектив сезім баламасына жатқызып, тіпті тұрпайы тәсілге сыңайлап, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын оқшау желіден танып я соған теліп, түсіндіру дұрыс қортынды емес деп қараймыз.

3.

Мақала авторы «Қазақтың дәстүрлі мәдениет махамы жауһарларын» жазба әдебиет – көркемөнер мұрасы ретінде көрсету мақсатымен бірнеше сахналық туынды жазған болатын. Ол шығармаларда «Қазақтың дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары», тарихи ұласым тәуелділігінен мынадай алты тарихи дәуірлік сатыға бөлініп көрсетілді, онда :

Ежелгі ерте ғасыр (б.э. бұрынғы VIII-I ғасыры аралығы) дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары;

Ерте ғасыр (б.э.I-VIII ғасыры аралығы) дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары;

Қорқыт ата заманы (IX-XII ғасыр) дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары;

Хандық дәуірі (XIII -XVIII ғасыр) дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары;

Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес дәуірі (XVII-XVIII ғасыр) дәстүрлі мәденет махамы жауһарлары;

Орыс отаршылдығына қарсы күрес дәуірі XVIII-XX ғасыр) дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары деп аталатын алты дәуірлік кезең айқындалып, оған «Қоңыр әуен жазирасы » (IX-XX ғасыр);

«Ғашықтардың ізі қалған ата мекен» (VIII-IX

ғасыр) тақырыбы арнайы қосылып деректі, образды сахналық симфониялы драма нұсқасын (либретто текстік нұсқа) шығаруға күш салынды.

Сахналық шығармада: тарихи үрдістегі ұзын арқау, кең арнада өріліп өркен жайған дәстүрлі мәдениет махамы жауһарлары, өзінің шоғырлы, типті түрде миуалы жеміс беріп дамыған көлемдік аумағы мен жанырлық ерекшелігіне қарай :

«Алпыс екі ақ желең махамы», «Алпыс екі қосбасар махамы», «Алпыс екі қоңыр махамы», «Алпыс тараулы науай сазы махамы», «Теріс қақпай күй-сазы махамы», Кер толғау күй-сазы махамы», «Күй басы (күй шақыртқы) сазы махамы», «Кенес күй-сазы махамы», «Сәлем-сағыныш күй-сазы махамы»,

« Жұбату-жоқтау күй-сазы махамы», «хайуанат күй-сазы махамы», «Бақсы сарыны махамы», «Қоңыр әуен жазирасы», «Ғашықтардың ізі қалған ата мекен» деп жіктеліп, оның үстіне, қазақтың ән-күй, би-музыкасы, көмей сазы (көмай), қисса-дастан, терме әуені т.б мазмұнының, бұл он екі жүйемен ғана шектелмейтіні ескеріліп, басқада мазмұндар пайдаланылды. Олар:

«Мекен-жай күйлері махамы», «Тұлпар-ат күйлері махамы», «Бөкен - киік күйлері махамы», «Аққу күйі махамы», «Бұлбұл күйі махамы», « Саятшылық күйлері махамы», «Қыран бүркіт күйлері махамы», «Көл-дәрия күйлері махамы», «Өсімдік қосанжар күйлері махамы», «Арнау-мадақ күйлері махамы», «Лирикалық көңіл күй-сазы махамы», «Жорық-шайқас күйі махамы», «Тұрмыс-салт күйлері махамы», «Дастан-жыр әуені махамы», «Шежірелік күйлер махамы», «Терме әуені махамы», «Адамгершілік гуманистік сарын махамы», «Жаратылыстық құбылыс тылсым күй махамдары»,

«Ойсыл қара – киелі түйе түлігіне арналған күй махамы», «Қамбар ата – киелі жылқы түлігіне арналған күй махамы», «Зеңгі баба – киелі сиыр түлігіне арналған күй махамы», «Шопан ата – киелі қой түлігіне арналған күй махамы», «Айтыс күйлер шоғыры саз-махамы», «Ән-би, күйлері махамы», «Қобыз күй-сазы махамы», «Сыбызғы күйлері махамы» қатарлы күй музыкасы топтары қажетіне қарай іріктеліп қабылданды.

Сонымен бірге, авторлық ізденіс, еңбек жолында алуан сырлы қым-қуытуақиғалы қатынас диалектикасы теңізіне кеме жүздіріп, қазірге дейін әдебиетте мағұлым болған мыңдаған күй қазынасын саралап қолданып, осынау барлық күйлер тобына тіркемелі ән-би-күй өнері және сезім шыңырауынан бұлқынып атылып шыққан күй-саз мағамы толқымасын қосып, көп қайнардан суаттанып, көп арнадан жемісі самсап гәуһәр ұстатқан мәтінді туындылардан тоғыстық тапқан – ұласпалы, жүйелі сахналық шығарманың мәтіндік нұсқаларын шығаруға барынша күш жұмсалды.

Жоғарыдағы дәстүрлі мәдениет махамдарының би-ән-күй сахналық либретто драма нұсқасын шығаруда – әртүрлі дәуірлердің мәдениеттік сатылы деңгейі мен қоғамдық, тарихи дамуының өзіндік ерекшелікке ие болатындығы негізіне табан тіреп, сахналық суретті көрініс жариясын ашық дәнекер етіп, ұлттық музыка аспаптарының сүйемелдеуінде әрқайсының өзіне тән ән, би, күй сазы, тұрмыс-салт дәстүрі (торқалы той өткізу салты, аруақ аттандыру, жоқтау зары, ас беру т. б.); наурыз мерекесі; ұлттық спорт; шешендік толғам, кеңес-ақыл, нақыл сөздер (пернелі-термелі сөз); күркіреме әуені (құмай көмей); терме жыры; қисса-дастан жыры әуезі; диуана-бақсы сарыны; балгерлік

талғам; арнау өлең, батырлар жыры; халық әндері, дәстүрлі би талғамы қимылы; табиғат құбылыстары және оның тылсым әсері; жан-жануарлардың тыныс-тіршілігі және олардың табиғатпен, адамзатпен байланысына қатысты уақиғалар; түрліше тотемдік, шамандық, тәңірлік наным, ислам ұстамы, сыртқы киелі күш-құдіреті қатарлы мазмұндарды әр топтарға қабыстырып іріктеп қолданып, он екі мүшесі толық, сом бітімді тұлғалы туынды жаратуға барын салдық.

4.

Қазақ ұлтының дәстүрлі мәдениет махамы жауһарларына сын-си пат бергенде, ол бізге сыртқы ажарынан ән мен күй, би өнерінің біріккен тұлғасы, қазақ эстетикасының тоты құстай түрленген қанат күйірығы сияқты көркем түс береді. Ал, көркемөнердің осы түрінің ұлтымыздың меншікті саз аспабы, домбыра, қобыз, сыбызғы, сырнай үні музыкасы арқылы жаратылып, бейнеленіп келгені шындық.

Айталық, қазақтың домбырасы мен домбыра күйінің тарихи тамыр-тегіне назар салған мамандардың берген дерегінде, тіпті біздің жыл санауымыздан сегіз ғасыр бұрын, халық ортасында домбырамен күй шертілген тарих бар. Мұндағы мағұлым болған ертедегі күйлер: *“Жорға аю”, “Қара жорға”, “Шыңырау”, “Нар идірген”, “Бозінген”, “Мұңлық-Зарлық”, “Сары өзен”, “Салқоңыр”, “Майда жал”, “Сарын”, “Балжынгер”, “Бұлғын сусар”, “Бөкен жарғақ”, “Ақсақ құлан”, “Боз айғыр”, “Аққу”, “Айрауықтың аиы зары”, “Жетім қыз”, “Көктөбет”, “Көкбөрі”, “Самұрық”, “Тарғыл бұқа”, “Жеңіс”, “Қос мүйізді Ескендір”* т. б. атымен бізге жеткен. Сондықтан: *«Музыка атаулы елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалтын білдіретін*

болса, солардың ішіндегі ең тұлғалы, ең терең сырлысы – күй» – дейді Мұхтар Әуезов.

«Сары өзен» күйі – б.э. бұрынғы ата жұрты Гәнсу Дұнхуаң өңірінен, жаугершілік ықсырымға байланысты батысқа Еренқабырға, Іле алатауы, Сырдария өңіріне ауған үйсін бектігі елінің, ескі жұрты Хуаңқы (Сары өзен) алқабын аңсап шығарған күйі.

«Көкбөрі» күйі – 8-ғасырда Сырдария өңірін мекендеп, сырттан тиіскен шапқыншы жау рим патшасымен соғысқан оғыз елінің патшасы – Оғыз батырға тау ішінен кезігіп, жол бастаған көкжал арланға арналған.

«Наридірген» күйі – ертеде бір қоныстағы өзінің бұлақ болып аққан ақ сүтімен бір қауым жұртты асырап келген мал киесі боз інгеннің ботасының өлуіне байланысты көзінен қасірет жасы парлап, желіні тартылып, оған сүйенген жұрт аштық қаупіне ұшырап, апатқа тап болғанда, ауыл ақсақалының ұсынысымен көрші ауылдан келген күйші жігіттің інгеннің жанына отырып, бозінгеннің жан дүниесін балқытып күй шертіп, інгеннің тоқтап қалған сүті қайтадан көнекке төгіліп, бір қауым жұрттың тақсіреттен құтқарылғанын бейнелейді. Күйші жігіттің қалтықсыз асқақ ұстанымымен адамзаттың тағдырын құтқару жолына, шын ниеті мен ыстық пейілін берген адамгершілік ізгі рухы бүтін елге ғибрат болып қалған.

«Мұңлық-Зарлық» күйі – ертеде ел-жұртын қорғап, жауға қарсы ерлікпен күрескен Мұңлық, Зарлық атты ағайынды екі азаматтың жау қолында тұтқын болып, қас жауы ол екеуін ит тұмсығы батпас тоғайдың шетіне іштерін жарып өлтіріп кетіп, бірнеше күннен кейін артынан құлындарын іздеп барған анасының

көзіне, биік ағаштың бұтағына жыртқыш құс апарып ілген кепкен ішектің ызғырық желмен ызылдаған дыбыс шығып тұрғаны туралы. Ұлдарын жоқтап, жер құшып, зарлап жатқан анаға көлденең жолдан кезіккен бейтаныс азамат қайғыға ортақ болып, оны жұбатып қасіретті жанды ауылына алып барады. Сонымен бірге ол әлгі ағаштың бұтағынан алып келген кепкен ішекті өзі жасаған домбырасына тағып, сол орында батырлардың ерлігі мен қазасына арналған «Мұңлық-Зарлық» атты күй шығарып шертеді. Ауылдағылар бұл күйді кейінгі ұрпаққа жалғастырып әкеткен делінеді.

«Боз айғыр» күйі – үйірі жау қолына бұланған мал киесі – боз айғыр тұлпардың, орта жолда жау қарақшыларынан сытылып қашып шығып, жайлау жұртындағы иесіне келіп, сауыт сайманмен қаруланған иесін үстіне мінгізіп алып, жау ортасына қайта кіріп, шайқаста иесі – батыр азамат жауын жеңіп, жылқысын қайтарып айдап қайтқанымен ауыр жараланғаны себепті жолдағы бір жасыл төбенің басына келіп, атынан түсіп тыныстаған жерінде қаза болғандығын; боз айғырдың ауылға тағы шауып барып ер азаматтың әкесін үстіне мінгізіп әкеліп, оны қаза болған ұлының жас мүрдесінің үстінен түсірген керемет әсерлі уақиғасы баяндалады .

Ал , **«Жеңіс», «Қос мүйізді Ескендір» атты екі күй** – б.э. бұрынғы 6-ғасырда, Македония патшасы, жиһанкез – Александр Македонскийдің (Ескендір Зұлхарнайдың) кезекті мұрагері Ескендір3-тің Каспий теңізінің шығыс етегін жағалап жорық жасап келіп, Арал теңізі өңіріне жетіп, Сырдарияны өрлей шабуылдап, Сырдарияның бойын мекендейтін массагет, сақ-скифтердің әйел патшасы Томирис

жасағының ерлікпен жүргізген қайтарма соққысына тап болып, келісіп жеңілгені хикаят болып шертіледі. Грек тарихшысы Геродоттың жазуында :

Массагеттің әйел патшасы Томирис ханым (б.э. бұрынғы 6 – ғасыр 570 – 520 -жылдар) және оның ұлы Спаргапис (Спарғали) өз жерінде әуелі фарыс әскерінің шабуылының бетін қайтарып, артынан Александр Македонскийдің (Ескендір Зұлхарнайын) ұрпағы Ескендір3-тің Послав Шалиссия бастаған шапқыншы әскерімен соғысып, киrom соғысында жеңіс тауып, тұлыпқа салған пославтың басын елші адамдары арқылы Ескендір3-ке хат жазып жіберген.

Хатта былай делінеді :

“Сен менің еліме шабуыл жасап кіргендігің үшін соғыста менің әскерім жағынан өлтірілген жақтың – “Послав Шалиссаның кегін аламын” деп менің ұлым Спарғалимен соғысты жалғастырып жүргізу ниетіңнен қайт! Әйтпесе менің Күн тәңірімнің құдыретімен күшейген сақ-массагет жасауындарым менің қолымның қоршауында қамалған сенің 30 мың әскеріңді бір түнде жайпап тастауға дайын. Егер сен қайтадан соғыспауға уәде берсең, қолымдағы мыңдаған тұтқын адамыңды аман-сау қайтарып жіберемін”.

Шындығында сондай, бірнеше күнге созылған дала соғысында Томирисің қолбасшы ұлы Спарғали жауды қызыл құм шөлдігінің ішіне қамап, айлалы тәсіл қолданып, үлкен тобын шырғалап бөлектеп әкетіп, жиырма мың жауынгерін жойып, жеңіске жеткен болатын.

«Жеңіс» күйі – данышпан, ержүрек патша Томирисің жаумен соғыстағы ерлігіне арналса, «Қос

мүйізді Ескендір» күйі – сол уақытқа дейін еуропа, азия, африка құрлығының шектескен алқапты жиек өңірін басып алып, жер бетіне билік жүргізген, әрі соғыста беті қайтпаған Ескендр әулеті жорығының, Орта Азияға ұмтылған алдыңғы шебінің массагет батырларының қолынан маңдайға ұрылып, мерт болып жеңілгенін ашық жарялайды.

Күй әуенінің қатарында ән ариясы мен өнері кейін қалған емес, бұл өнердің барлығы қажетті ортада бірін-бірі толықтырып, я болмаса сәйкестік білдіріп, қатар жүрген. **«Елім- ай», «Шилі өзен қамыс-ай», «Әриам-айдай», «Сусамыр елдің жайлауы» т. б . әндері мен «Ортеке», «Қара жорға», «Аю биі» сияқты билер** өте ежелгі заманнан бері бар көркемөнер туындылары есептеледі.

5.

«Алпыс екі махам жауһарларының» ішінде күй музыкасының алар орны ерекше. Әдетте күйге табынып күй – құдірет, күй – шежіре, күй – дастан деп қарайтынымыз содан. Күй музыкасы – домбыра, қобыз, сыбызғы немесе көмей сыбызғы үні арқылы орындалады.

Домбыра – таңдаулы ағаштан жасалған, шанағы алуан формалы шертпелі аспап. Ол әдетте сағақты, көп пернелі болып, оған екіден үшке дейін, ширатылған жанурлардың ішегі немесе химиялық талшық ішек, металл ішек тағылып, саусақпен шертіліп іске қосылады.

Қобыз – құрылымына қарай қыл қобыз, нар қобыз деп бөлініп, оған екі-үш-төртке дейін қыл ішек немесе металл сым ішек тағылып, шанақты (қыл ысқышты) ішекке сүйкей тарту жолымен орындалады.

Сыбызғы – ағаштан, шоңай қурайдан немесе металдан жасалып, ұзын-қысқалығы, үн тесігі өлшемдендіріліп жасалған үрлемелі аспап. Ағаш-қурай сыбызғының қаңсып не жарылып кетпеуі үшін мал ішегінің қырынды пердесімен, жыланның түленді терісімен қапталып жасалады.

8-ғасырда Алтай тауы алқабында өмір сүрген «қарлық қағандығы» кезінде өмір сүрген Қозы көрпеш-Баян сұлу сынды ғашықтардың уақиғасына байланысты туылған «Қозы Көрпештің қоштасу зары» атты күйді Қозы көрпештің өзі сыбызғы тартып жеткізген делінеді.

Кезегінде бірнеше күй шоғырына аялдайық.

Жүйеден «Алпыс екі ақжелең» (халық күйі шоғыры және авторлы күй-сазы). Бұл түрдегі күй тобында романтикалық пафос сезімі, философиялық толғаныс пен ой қорытындысы басым жатады. Қазанқап Тілепбергенұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Әбіл Тарақұлы, Боғда Қараұлы, Тоқа Шоңманұлы, Ақбала Жанқабылова, Аққыз Ахметова, Сейтек Оразалыұлы, Есбай Балұстаұлы, Қыздарбек қатарлылар толық нұсқасын шерткен. «Алпыс екі ақжелең» күйлерінде қазақ халқының адамдық жаратылыстық бітіміне хас көңіл – күй лирикасы, салт-сана жосыны, адамгершілік қасиет, адамдық қатынас, ер-әйел сүйіспеншілігі, ғашықтық хикаяты, әйел заты образы ерекше көркемделіп толғанады.

Қазанқап Тілепбергенұлы ғашығы қарақалпақ Уәли мырзаның қызы Балжанға «Ақжелең» тақырыбына жиырмаға жуық күй арнаған. Айталық, «**Балжан қыз**», «**Бұраңбел ақжелең**» және басқа «**Қыз ақжелең**», «**Әбілдің ақжелеңі**», «**Арыстан ақжелең**», «**Кербез**

ақжелең», «**Кербез керік**».т. б .

«Алпыс екі қосбасар» (халық күйі шоғыры және Тәттімбет Қазанқапұлы, Сүгір Әлиұлы, Тоқа Шоңманұлы, Байсерке, Қыздарбек, Әбді, Мүкей Әбілхайыр ұлы толық нұсқасын шерткен).

«Қосбасар» күйінде халықтың ауыл тіршілігі, түрліше hareket қамы, адам психологиясы, туған жерге деген махаббаты, лирикалық толғаныс, жиреніштілік залымдықтан сақтанып, ізгілік, адамгершілікке тәнті болу, жақсылыққа мадақ, жамандыққа нәлет сыңайлы құндылықтар үн беріп, сипат көрсетеді. Айталық, «**Мұң қосбасар**», «**Наз қосбасар**», «**Қосбасқан**», «**Құр ойнақ**», «**Тәуба қосбасар**», «**Қосалқа**» т. б .

«Алпыс тараулы науай сазы» (Өскенбай Қалмамбетұлы, Мұрат Өскенбайұлы қатарлы күйшілер шерткен) қарапайым еңбек адамы Науайдың образын тұлға етіп, адамзаттың қоғамдық ортадағы әр қилы hareket, тіршілік-тынысын бейнелейтін халықтық күй шоғыры. Онда Науайдың өз атында немесе Науайдың тіршілік қимыл тәжірибесіне байланысты көп бөлімді тізбекті уақиғалы күйлер жарыққа шыққан. Айталық, «**Жетім Науай**», «**Тамшы Науай**», «**Тел Науай**», «**Шар Науай**», «**Қақпалы Науай**», «**Қарт Науай**» т. б .

«Алпыс екі қоңыр» – халықтық күй шоғыры. (Халық күйі және Қорқыт Қарақожаұлы, Бәйжігіт Жастабан (Жастабан ру аты), Қазанқап Тілепбергенұлы, Қожеке Назарұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Дина Нұрпейісова, Мүкей Әбілхайырұлы, Қайрақбай Шелекеұлы қатарлы күйшілер шерткен).

«Қоңыр» атты күйлердің тақырыптық көлемі кең, объектілік тиянағы аса мол болып, адамзаттың

қоғамдық ортасы, мінез-құлық сипаттары, тұрмыс-салт, жол-жосын, табиғат құбылысы, жан-жануар тіршілігі қатарлы көпжақтылы бай мазмұнды қамтып, алуан сипат қырынан жария көрсетеді. Айталық, **«Қарақасқа ат», «Майда қоңыр», «Телқоңыр», «Әсем қоңыр», «Қаражорға», «Қоңыр қаз», «Қоңыр кой», «Қоңыр», «Қоңыр жел» т. б.**

«Жорық-шайқас күй-сазы» – халықтық күйлер және авторлы күйлерді тұтастырған күй шоғыры. Күй-сазының идеялық көркемдік өресі кәсіби деңгейден көрінеді. (Бәйжігіт Жастабан, Махамбет Өтемісұлы, Қазанқап Тілепбергенұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанқапұлы, Әбіл Тарақ ұлы, Сейтек Оразалыұлы, Тоқа Шоңманұлы, Боғда Қараұлы, Есбай Балұстаұлы қатарлы күйшілер шерткен). Бұл топтағы күйлерде дұшпан сұмдығына қанжар қадап, жат пиғылын барынша шенеп, халықтың жігер қайратын жанып, сыртқы жауға қарсы ерлік айқасы мен отаншылдық рухына шабыт беріп, мадақ жырын арнайды. Айталық, **«Адай», «Кішкентай», «Қиыл қырғын», «Жұмыр-Қылыш», « Әбіл күйі», «Арман», «Сексен ер», «Шырылдатпа», «Ерназар – Бекеттің зары», «Арман» т. б.**

«Қобыз күйлері» түп тегі 9-ғасырда Сырдария өңірінде жасаған күй атасы, данышпан ақылгөй, жырау-ақын Қорқыт Қарақожаұлынан басталып, оның күйлерін мұрагер болып, қобызбен Ықылас Дүкенұлы, Өскенбай Қалмамбетұлы қатарлы күйшілер орындап жеткізген. Айталық, **«Сарын», «Ұшардың ұлуы», «Тарғыл тана» т. б.**

«Кеңес күй сазы» – халықтық және авторлы күй шоғыры. (Бәйжігіт Жастабан, Бейсенбі Дөненбайұлы,

Әшім Дөңшыұлы қатарлы күйшілер шерткен). Бұл түрдегі күйлер көбінесе жамиятты жауға қарсы немесе қоғамдық келелі іске жұмылдыру іспетті халықтық аттаныс; елдің іші-сыртындағы келелі немесе даулы істерді шешу, ата жолы дәстүр мұрағатын қорғау, заң- жарғы, қазылық үкім жасау сипатты маңызды тақырыптар төңірегіндегі ақыл-кеңес тақылетінде баяндалады. Айталық, **Құрманғазы, Дәулеткерей, Бәйжігіт, Бейсенбі Дөненбайұлы, Қайрақпай Шалеке, Қожеке Назарұлы қатарлы күйшілер шерткен – «Кеңес күйлері».**

«Кер толғау» күй сазы, «Теріс қақпай» күй сазы – халықтық және авторлы күй шоғыры. (Бәйжігіт, Дәулеткерей, Тәттімбет, Есжан, Досжан, Қазанқап, Ықылас Дүкенұлы, Ақбала қыз, Сүгір Әлиұлы, Қожеке Назарұлы, Есбай Балұста ұлы, Қайрақпай Шалекеұлы, Мүкей Әбілқайырұлы қатарлы күйшілер шерткен). Бастысы – күйші өнерпаздардың өз басынан өткен өмір көшірмесінің ащы-тұщы, ғазапты-ғазапсыз тіршілік тағдырына; өзі жасаған қоғамдық ортадағы жұрт басына түскен ауыр жағдайға, апатты жылдар тудырған зардапты уақиғаларға байланысты пәлсапалық ой қорыту, тәжірибе сабақ қорыту, болашаққа насихат беру т. б. мазмұндарда толғаныс байқатады. Айталық: **«Қос көмей», «Жігер», «Көкейкесті»** қатарлы күйлер.

«Мекен-жай – күй сазы» – халықтық және авторлы күй шоғыры. (Құрманғазы Сағырбаев, Тәттімбет Қазанқапұлы, Мұрат Өскенбайұлы, Құмақай Шамғынұлы қатарлы күйшілердің күй жасампазығындағына арқау болған негізгі, көлемді тақырып). Айталық, **«Сарыарқа», «Кең жайлау», «Ақ қабаның толқыны» т. б.**

Құрманғазы Сағырбаев қазақтың күй әуенін әлемдік деңгейден танытқан және өзі әлемдік ірі музыканттардың қатарынан орын алатын ұлы күйші әрі күй атасы. Оның «Сарыарқа» күйі – 19-ғасырдағы қазақ қоғамының айнасы және қазақ сахарасы, қазақ өмірінің музыкалық симфониясы. Онда 19-ғасырдағы орыс отаршылдық жыртқыштығы мен халық құқығына жаныштама қысымы; халық еркінің сыртқы қысымға қарсы лаулаған жалынды оты; сахара сазының жер сілкіндіргендей тебіреніп шыққан асқақ та, әсерлі үн-әуені; дәстүрлі мәдениет ариясы; қараңғылық пердесін қаһар қуатымен жарып, нұрлы болашаққа ұмтылып, асқарға өрлеген халықтық тарих көшінің еш тосуға болмайтын екпінді шерулі күй тілі, күй әуенімен саликалы шежіре шертеді.

6.

Қазақ күйлері өзінің көтерген тақырыбының объект, мазмұны мен қағыс тәсіліне қарай: тік күй (төкпе күй), шертпе күй, бойлауық күйлер (зар-мұңды, жоқтау сипатты күйлер) болып бөлінеді.

Төкпе күй – жаппай қағыс, кезектесті қағыс, шұбыртпалы қағыс ыңғайымен тартылады;

Шертпе күй – іліп қағу, термелеп қағу, сипап қағу жолымен үн катады. Қазақта қазірге дейін 5000-ның үстінде күй жария болып отырғаны мәлім. Ал қазақ халқының қоныстанған жер көлемі төтенше кең болғандықтан, әрбір аумақта тың күй бейнелеу мәнерінде сәйкесті парық болып отырған. Кезінде Александр Затаевич қазақтың 500 күй-сазын жинап, нотаға түсіріп бастырған. Кейін Қазақстанда «Қазақтың 1000 күйі» атты күйшілер мен күй сазын таныстырған антологиялық жинақ жаряланды. Зерттеуші маман Ақселеу Сейдімбеков «Күй шежіресі» атты кітабында

күйшілік ортасын жеті өңірлік мектепке бөліп түсіндіреді. Олар:

Орда күйшілік аймағы (Батыс Қазақстан, Еділ-Жайық өңірі);

Қаратау күйшілік аймағы (Оңтүстік Қазақстан, Арал теңізі өңірі);

Жиделі-Байсын күйшілік аймағы (Сырдария өңірі);

Түбек күйшілік аймағы (Маңғыстау өңірі);

Арқа күйшілік аймағы (Орталық Қазақстан өңірі);

Жетісу күйшілік аймағы (Оңтүстік, Шығыс Қазақстан өңірі);

Алтай тауы сілемі, Шығыс Қазақстан күйшілік аймағы (Алтай, Семей, Шыңғыс тауы қойнауы, Шұбар тау, Тарбағатай, Аягөз алқабын меңзейді). Ал, Жұңго қазақтары мен Моңғолия қазақтарының күй-сазының орындалу мәнерінде Жетісу, Шығыс Қазақстан күйшілік ортасының стилдік ерекшелігі байқалады. Домбыра күйлерінің орындалу мәнерінде, төкпе күй мен шертпе күй тәсілі жоғардағы жеті бөлектің бәрінде бір-бірімен тоғысып, ажыратылмастай біріктік тапқан (айталық, Құрманғазы Сағырбайұлының күйлерінің дені төкпе күй, Дәулеткерей Шығайұлының күйлері шертпе күй немесе төреқағыс стиліндегі шертпе күйлер болып келеді). Дегенмен Оңтүстік, Батыс Қазақстан күйшілік аймақтарында орыс отаршылдығына қарсы тұру тарихи кезеңіндегі отты жылдар үрдісіндегі, объектив шарт-жағдайдың мәжүбірлеуінен туған жорықшайқас күй тобының өзегінде төкпе күй сазы басым орынды ұстаған. Ал Сырдария, Арқа, Жетісу күйшілік өңірлерінде төкпе күй мен шертпе күй шығармалары қатарынан дамыған. Шығыс Қазақстан, Жұңго, Моңғол

қазақтарының күй шығармалары негізінен шертпе күй мәнерімен орындалады.

7.

«Қазақтың дәстүрлі мәдениет махамы жауһарларына» тәуелді күй-сазы саласының күй шерту мәнерінде халқымыз өзінің ұлы думан мереке-мейрам немесе абыралы ас, торқалы той, жәрмеңке майданы сияқты дәстүрлі бұхаралық қимылдарында «күй айтысы» сайысын өткізіп отырған.

«Күй айтысы» – халқымыздың өзінің күй мәдениетіне мұрагерлік ету салты ғана емес, күйшілердің өз өнерін шаршы топта көрсетіп, әріптестердің өнер сайыстыруына қолайлы орай тудырумен бірге қазақтың күй өнерін әуелгі деңгейінен бір мәрте биікке көтеру. Сонымен бірге күйші өнерпаздардың бірін-бірі күй сайысына шақыру бәсекесі де жалғасып жататын.

Осындай «Күй айтысы» өнер сайысында күйші өнерпаздар туған халқына өзінің өнер өресі мен білім қабілетін паш етуден тайынбайтын еді. Айталық, тарихта өткен: Қойлыбай бақсы мен Өскенбай Қалмамбетұлының «жаңылтпаш» тақырыбындағы қобыз күй айтысы; Қазанқап пен Үсен төренің күй тартысы; Тәттімбеттің Алтынаймен күй тартысы; Құрманғазы мен Дәулеткерейдің күй айтысындағы **«Бұлбұлдың құрғұры» күйінің** майданға келуі; кіші жүзден Қаналы бидің басшылығымен өткізген күй тартысында жеті рудың домбырашысы Алтынай қыз бен Әлімұлы руының домбырашы жігіті күй айтысына түсіп, сөткеге созылған аламан тартыста, екі жақ бірін-бірі жеңістік бермей, **«Кербез керік», «Лек-лек» күйлерінің** майданға шығуы, ақыры төбе би байрақты

кімге берерін білмей дағдарып, екі ру арасында керіс-жанжал туылуға айналғандағы, тартысқа әділ қазы ретінде ұсынылған Есбай Балұстаұлының **«Ел айырылған» атты тың күй** шертіп, күллі жамиғатты разы етіп, тартыскер тараптарды жарастырып шешім жасауы; Маңғыстау өңірінде өткен «Үш ананың айтысы» аталған күй тартысында Әлімнен Тоғызбай, Табыннан Науша қыз, Байұлынан Есбай сайланып келіп айтысқа түскен. Осы айтыста **«Шиелеме-шегелеме», «Теріс қақпай» сияқты тың тебінді күйлер** туындаған. Қаратаулық домбырашы Сүгір Әлиұлының арқаға атағы шыққан домбырашы қыз Мақпрузамен күй тартысындағы желілес **«Қосбасар сарынымен»** шертілген **«Бесжорға» күйінің** туылуы; осы қатарда Адайдан шыққан маңғыстаулық домбырашы Құлшардың **«Жолаушының жол тұмары» (Кебіс қалған)** деп аталатын күйінің тақырыбы болған – күйшінің жолаушылап кетіп бара жатқан жолында түскен үйіндегі, үй иесі кексе әйел және оның бойжеткен қызымен тұтқиыл домбыра тартысын өткізіп, ақыры «қос қыспақтан» қашып құтылған әңгімесі халық есінде жыр болып сақталған.

20-ғасырдың бас шенінде Тарбағатай өңіріндегі Мамырбек төренің ауылынан Жұмажан деген күйші жігіт Тарбағатайдың Маңырақ тауының Терісайрық өзенінің бойын мекендейтін өзі пір тұтқан Қайрақбайдың баласы күйші Заманбектің үйіне мылқау адам бейнесінде жасанып келіп паналап, бір мезгіл сол отбасының жұмысын істеп жүріп, оның тартқан күйлерін әбден жаттап, жасырын жаттығып еліне қайтқаннан кейін, келесі бір жолы екі күйші кездескен қара тартыс үстінде, ол Заманбектің шерткен күйін

айнытпай шертiп, Заманбек оны танып: *«Япыр-ай, бiреудiң өзегiн жарып шыққан перзентiн екiншi бiреу жатсынбай бауырына салып, мәпелеп ұстай алады екен -ау»* дегенiнде, Жұмажанның жүрегi ерiгендей болып, оны ұстаз тұтып, басын иiп кешiрiм сұрғаны бар.

Ал, *“Шерубай мен Мұса, Оспанғали мен Шанақ сыбызғы күйi тартысына түскен”* делiнген дерек бар.

Қазақ күйшiлерi өздерiнiң күйшiлiк бiлiм өнерiн тек өз елiнiң iшiнде ғана емес, түрiкмен, қырғыз өнерпаздарымен күй сайысына түсу жолыменде әйгiлеп отырған. Әбiл Тарақұлы, Боғда Қараұлы, Тоқа Шоңманұлы, Ықылас Дүкенұлы, Жамбыл Жабаяев осындай ел аралық тартыста өз өнерлерiн сыннан өткiзе бiлген дарынды күйшiлер едi.

Бiр жылы Қыр Алатау қырғызының белгiлi манабы Шәбден деген адамның асына қазақтың жетi уезiнен ашылар келiп қатынасқан жәйт болған. Соның iшiнде Ақмола уезiнен келген күйшiлердi әйгiлi күйшi әрi бiлiктi болыс Тоқа Шоңманұлы бастап келiп, арнайы тiгiлген орда төрiнен орын алыпты. Осы аста бiрнеше жұп күй тартысы өткiзiлiп, қазақ жағынан Сайдалы Сартоқа күйшi қырғыздың Ыбырай Тұманұлы және жас перi атанған Қарамолда Оразұлы деген күйшiлерiмен сайысқа түсiп болған соң, Ыбырай мен Қарамолда кезектесiп, Тоқа Шоңманұлымен де байқасып көрiптi. Айтыста сайыскерлер «қара тартыстан» жеңiстiк таппаған соң, төрешiлердiң емеурiнiмен «түре тартысқа» ауысып, Ыбырай **«Қамбархан»**, **«Бата»**, **«Кер толғау» күйiн** шертiп, Қарамолда **«Қамыкейдiң арманы» атты күй** толғапты. Тәжiрибелi, талай тартысты басынан кешiрген сақа сайскер Тоқа Шоңманұлы өз кезегiнде бұл күйлерге күй тiлiмен қанағатты жауап

қайтарғанның сыртында өзi алға тартқан күйiн терiс бұраумен шертiп, қырғыз өнерпаздары күйдiң мәнiсiн түсiнгенiмен әуендiк сазын дәл өзiндей шығаруда таяздық байқатып ұтылып қалыпты. Осыдан Тоқа ауыл ақсақалдарына: *«Намыс деген қиын зой, бiраз терiс бұрауға салып тартқан күйлерiм жанымды алып қалды»* – дейдi екен астарын ашып.

Сайыскерлердiң домбыра, қобыз, сыбызғы күй тартысын өткiзуде әдетте, халық мойындайтын құрметтi төрешi адам, сол салтты басқарып, алдымен «бата күй» немесе «күй шақыртқы» аталатын күй шертiп, сайыстың пердесiн ашады. Күй сайысы үш түрлi тәсiлмен өтедi.

Оның бiрi – қара тартыс. Мұнда күйшi өнерпаз көпке өзiнiң күй шерту өнерiн көрсетiп бiлiмiн танытады;

Екiншiсi – мәнерлiк тартыс. Қарама-қарсы сайысқа түскен екi күйшiнiң бiреуiнiң тартқан күйiн екiншi бiрi айнытпай дәл өзiндей шертiп жауап қайтарады;

Үшiншi – түре тартыс. Бiр күйшiнiң орындаған күй-сазының мәнiсiн екiншi күйшi әбден ұғынып, оған өз тарапынан күй тiлiмен жауап қайтарады. Мұндай сайыс жаңылтпаш, қайым айтыс формасымен өтедi. Айтыста жетерлiк уақыт шегi белгiленiп, ең соңында төрешi қорытынды шығарып, ұтқан-ұтылған жақты ашық жария етедi.

8.

«Қазақтың дәстүрлi мәденет махамы жауһарлары» аталған заттық және бейзаттық мәдениетiн қалыптастырып дамыту жолында тарихта аты бар ақын-жырау, шежiрешi-шешен, жазушы, оқымысты, зерттеушi ғалымдардың, тарихи тұлғалардың өлшеусiз

зор еңбегінің болғандығын тұрақтандырумен бірге дара тұлға өнер адамдарынан: б.э. 1-ғасырында жасаған Қадыр Қалшаның баласы Алаштың 27-ұрпағы заңшыл, ақылгөй, шешен – «ата шежіреде» айтылатын Майқы би, күй музыкасының атасы Қорқыт Қарақожаұлы, Асанқайғы Сәбитұлы, Кетбұға би, Бәйжігіт Жастабан, Есжан күйші, Досжан Құрақұлы, Мырза Тоқтаболатұлы, Шал Мырзаұлы, Жалдыбай Елеукеұлы, Баламайсан, Байжұма, Үсентөре, Әбіл Тарақұлы, Махамбет Өтемісұлы, Боғда Қараұлы, Тоқа Шоңманұлы, Тәттімбет Қазанқапұлы, Әлікей, Мәмен, Әшімтай, Дәулеткерей Шығайұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Әлшекей Бекпенбетұлы, Байсерке Құлышұлы, Ықылас Дүкенұлы, Есбай Балұстаұлы, Қоңыр, Есір Айшуақұлы, Өскенбай Қалмәмбетұлы, Мұрат Өскенбайұлы, Сейтек Оразалыұлы, Дина Нұрпейсова, Айжан қыз, Сүгір Әлиұлы, Ақбала Жанқабылова, Ақбикеш Ахмет қызы, Александр Затаевич, Ахмет Жұбанов, Шәмші Қалдаяқ, Нұрғиса Тілендиев, Қожеке Назарұлы, Бейсенбі Дөненбайұлы, Қайрақпай Шалекеұлы, Мүкей Әбілхайырұлы, Әшім Дөңшыұлы, Әліпбек Мәлікұлы, Дәулет Мазакұлы, Дәулет Халықұлы; аспандағы аққумен ән қосқан әншілер – Біржан сал Қожағұлұлы, Әсет Найманбайұлы, Әміре Қашаубаев, Ақансері (Ақ жігіт) Қорамсаұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Мұхит Миралұлы, Балuanшолақ Баймырзаұлы, Құлтума, Естай Беркімбайұлы, Күләш Байсейтова, Майра Уәлиқызы Шамсұтдинованың есімі жарқын нұр шашады.

**Автордың мақала жазуда қолданған тарихи деректемелеріне редакция тарапынан өзгеріс болған жоқ. Жазу стилі, сөз саптауы өзгертелмей берілді.*

Тіл – құрал, өнер – өріс

С. И. ҚОНЫСБАЕВА,
ф.ғ.к. доцент
КМТИУ.
Ақтау қаласы

ШЕТ ТІЛІН ҒЫЛЫМИ ОҚЫТУ ӘДІСІ

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев Республикалық білім мен ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде *«Білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі – шығармашылық тұрғыдан бәсекелестікке сай үш тілді – қазақ, ағылшын, орыс тілдерін жетік меңгерген, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып тәрбиелеу»* – деп атап көрсетті.

Шет тілін үйрету үшін оқушылардың сол тілде сөйлесем деген талпынысын тудырып, сол мақсатта сан алуан әдістерді қолдану керек. Әр ұстаз шәкіртінің сабаққа деген қызығуын арттыру мақсатында технологиялық құрал-жабдықтар мен түрлі көрнекіліктер әзірлеп, ойын элементтерін пайдалана, сабақ мазмұнын түрлендіріп отырады.

Қай тіл болмасын ол мәдениет айнасы болып табылады. Тіл арқылы тек қана адам және оның қоршаған ортасы, сонымен қатар

халықтың қоғамдық танымы, діні, ұлттық мінезі, өмір сүру тәсілдері, дәстүрі, әдет-ғұрпы, адами құндылықтар жүйесімен дүние танымы көрінеді. Шет тілін меңгеруде тек сол тілдің грамматикалық, фонетикалық ережелерін білу жеткіліксіз, сонымен бірге сол елдің әдет-ғұрпымен салт-дәстүрін таныстыру керек.

Қазіргі таңда Егеменді Қазақстанның дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену үрдісінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру бағытына байланысты ұстаздардың кәсіби дайындығына және әдістемелік белсенділігіне деген талап күшеюде. Ғылыми салада білімді технологияландыру жөніндегі зерттеулер кәсіби дайындықтың мазмұндық және жеке аспектілермен де қызығушылық даму үстінде. Қазіргі педагогикалық технологиялардың ғылымда алатын орнын айқындай отырып, оқыту әдістемесінің ынтымақтастық технологиясын тәжірибеде қолданудың тиімділігін, нәтижелілігін айқындау, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктермен ашып көрсетіледі. Шет тілдерін және басқада білім салаларын оқытуда көптеген педагогикалық технологиялардың ішінде аса кең тараған технология – ынтымақтастық технологиясы.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, ынтымақтастық – дегеніміз оқушылар, студенттер қиындық деп түсінетін оқу-тәрбие үрдісіндегі қарама-қайшылықтарды жеңуге қажетті оқытушы ұйымдастыратын педагогикалық үрдіске қатысушылардың бірлескен іс-әрекеті.

Жоғары оқу орындарының педагогикалық үрдісіне қатысушылардың негізгі оқу-әдістемелік іс-әрекет түрі – оқу-танымдық іс-әрекет. Студенттерді шет тілінде оқытуда ынтымақтастық технологиясын қолдану барысында студенттердің өзара бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру, соның нәтижесінде олардың бойында өзара көмек көрсету, еркін түрде өз ой-пікірлерін көпшілік алдында қорғау, басқалармен өзін салыстырып түзету, еркін қарым-қатынас жасау, өзін-өзі жетілдіру міндеттері шешіледі. Оқытушы алдын ала сабақ жоспарын құруда интерактивтік оқыту әдістерін ойластырады. Сабақ бір сарынды болмау үшін ғылыми әдістемелерді қолдана отырып шағын топтар жұмыстарын, жарыстар, тренингтер ұйымдастырылады.

Ынтымақтастық технологиясын пайдалану барысында мұғалім әрбір студенттің өзін-өзі көрсете алуына ыңғайлы

педагогикалық-психологиялық жағдай туғызуы қажет. Егерде ынтымақтастық технологиясы мен дәстүрлі оқыту әдістерін салыстыратын болсақ көптеген ерекшеліктерін атап өтуге болады. Ол ерекшеліктердің бірнеше түрі бар.

Сонымен ынтымақтастық технологиясының идеялары қазіргі көптеген педагогикалық технологиялардың негізгі болып табылады.

Қазіргі таңда ғалым-зерттеушілерге бұрын болмаған үлкен мүмкіндіктер ашылды. Ол – компьютерлік технология. Ол виртуальды кеңістікке, сол арқылы виртуальды интерактивті тілдік орта болып табылатын интернетке еніп, көптеген зерттеуші-әдіскерлермен бірлесіп аталған құзыреттілікті дамытуға болады.

Шет тілін оқытуда интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтер төмендегідей:

1. Интернет топтарында берілетін тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады;

2. Оқып жатқан шетел тілінде электронды почта арқылы хат алысып, виртуальды қатынас клубтарында телеконференцияларға қатыса алады және нақты уақыт тәртібінде мәтіндік

хабарламалармен алмасады

3. Радиобағдарламаларды тыңдауға;

4. Бейнероликтер көруге;

5. Алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі;

6. Интерактивтілік – жылдам кері байланыс мүмкіндігі, т.б. интернеттің артықшылығын пайдалана алады.

Сондай-ақ интернет арқылы оқыту жүйесімен бірге ТСО техникалық оқыту арқылы бірнеше әдістерді қолдануға болады және ол әрбір мұғалімнің міндеті болып есептеледі.

Шет тілін тыңдап түсінудің өзіне тән қиыншылықтары бар. Шет тілін аудармасыз түсінудің бірі – ұнтаспа арқылы әртүрлі тапсырмалар орындау.

Ауызша сөйлеуге үйрету – шет тілін оқытудың ең қиын аспектісі болып саналатындықтан, ең негізгі мақсат – естігенін түсіне білуге үйрету.

Аудиоматериалды пайдалана отырып, фонетикалық, грамматикалық жаттығулар жасауға болады.

Дыбыстарды ажыратуға арналған жаттығулар:

1. Сөздерді тыңдап, [æ] дыбысы бар сөздерді атаңыз:

Bead, bad, nut, not, mat, cat, set.

2. Жұпты сөздерді таңдаңыз. Қандай жұпты сөздер бірдей айтылатындығын көрсетіңіз:

Shoe – sue

Show – show

She – see

Shun – sun

Sum – some

3. Сөйлемді тыңдап, [v] және [w] дыбыстарын неше рет естігеніңізді айтыңыз:

e.g. “*A very vivacious and vain villain was walking wearily with a venerable woman.*”

Аудиотаспа арқылы грамматикалық құрылымды түсіну әдісін мынадай жаттығулар арқылы орындауға болады.

1. Сөйлемдерді тыңдаңыз және қай сөйлемдер келер шақта айтылып тұрғанын атаңыз:

(1) *I'll go*

(2) *I go*

(3) *I'll look at it*

(4) *I look at it*

(5) *I'll laugh with you*

(6) *I laugh with you*

(Мұндай жаттығу осы шақты және келер шақты ажырата алуға үйретеді.)

2. Сөйлемдерді тыңдап, қайсысы өткен шақта тұрғанын айтыңыз:

(1) *We'd very little snow here.*

(2) *We've very little snow here.*

Міне, әртүрлі құралдар арқылы түрлі әдістемелерді тез арада түсіндіруге болады.

Қорыта айтқанда, шет тілін оқыту технологиясы немесе әдістемесі қазіргі заманғы компьютерлік бағдарламалармен жаңа электронды оқыту жүйелерін талап етіп отыр. Басты мәселе компьютермен соған сәйкес бағдарламалық мәселелерді қамтамасыз етумен қатар оқытушының олардың пайдалану әдістемесін меңгергендігінде және әдістемені шет тілдер сабақтарында тәжірибе жүзінде іске асыра алуында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шет тілін оқыту әдістемесі. №5.2007ж.
2. Шет тілін оқыту әдістемесі. №4.2007ж.
3. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. №5.2007ж.
4. Macmillan Books For Teacher. Author Scott Thornbury.
5. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. №3.2007ж.
6. “Білім” ғылыми журналы №3.2016ж.

Д.ИСАБЕКОВТИҢ «ДЕРМЕНЕ» ХИКАЯТЫНАН АЛЫНҒАН «АТА ҮМІТІ» ҮЗІНДІСІН «ЗЕРДЕ» ТЕОРИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚИТУ

6-сыныпта Д.Исабековтің «Ата үміті» деген атпен «Дермене» хикаятынан алынған үзіндіде еңбегімен күн көрген, имандылықтың үлгісіндей Тоқсанбай қарттың, іс әрекеті өте дөрекі, жасағаны – ұрлық, айтқаны – өтірік, өте жағымсыз образ- Омаштың және осы екі қарама-қарсы бейненің ортасындағы пәк сәби Ергештің арасында өрбіген оқиға баяндалады.

Шығарманың идеясы арқылы оқушыны жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге баули отырып, адамгершілік, имандылық сезімдерін дамыту міндеті туындаса, стильдік ерекшелігі жағынан оқушының өнер арқылы көркемдік, эстетикалық талғамын дамыту міндеті туындайды.

Бұл әңгімеде кейіпкерлер бейнесін сомдаудағы автордың шеберлігін әдебиет теориясындағы дамыту (градация) әдісімен байланыстыра қарасақ, қателеспейміз деп ойлаймын. *«Дамыту (градация)- алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсу».* Шығармадағы жағымсыз образ Омаштың бір ісінен екінші ісі асып түсіп жатса, соған

орай Тоқсанбай қарттың таңданысы мен қорқынышы да бірте-бірте үдей түседі. Жазушы стиліндегі дамыту үлгісін меңгерту мақсатында сыныпты 3 топқа бөле отырып, 3 тақырыпта «Дамыту» деген атпен жұмыс жүргізілсе, оқушылардың мәтіннен екі кейіпкердің іс-әрекетінің даму көрінісін бір-бірімен сатылы салыстыра отырып, әңгімелеу арқылы әңгіменің мазмұнымен шығармашылық тұрғыда кеңінен танысуларына әрі қаламгердің стильдік ерекшелігін тани білуге және осы сыныптағы алдыңғы тақырыптарда өткен «Дамыту/градация» ұғымы туралы білімдерін бекітуге жағдай тудырылады:

1. Алғашқы таныстық

| | Омаш | Тоқсанбай |
|----|---|--|
| 1. | Осы кезде ошақ басындағы тұрған шелектің тұтқасы сарт ете қалды. | Іштегі екеу селт етіп, орындарынан ұшып-ұшып тұрды. |
| 2. | Түйенің жарты етіндей біреудің шайдан қалған суды төбесінен төмен қарай сарылдатып құйып тұрғанын... | Әрі сасқанынан, әрі қорыққанынан жүректері көмейлеріне кептеліп, үн шығара алмай қалды. |
| 3. | Суды асықпай құйып болып, басын рахаттана шайқады да, күнге қарай қайыстай денесін алақанымен шапаттап қойды. ...теріс қарап тұрған бойы шелекті иілместен жерге тастай салды да, құлқайырға іліп қойған дағарадай ши қалпағын алып басына киді. | Тоқсанбай қарт іргеде жатқан шотты қолына алғанда аздап өзіне-өзі келейін деді. Немересі үрейленіп, атасының артына тығылып тұр. |
| 4. | Жігіт көрпешеге шынтақтай жатып, | «Алла-ай, қайдан сап ете қалды бұ жалмауыз, |

| | | |
|----|--|---|
| | нанды төртке бөлді де, бір бөлігін қабаттап-қабаттап аузына бір-ақ ұрды | - деді іштей ---Тоқсанбай қарт. – Айдалада нағып қаңғып жүрген жан? Кетер ме екен, әлде қонам деп масқара кылар ма екен? Бастан құлақ садаға, маған десе шайланы мойнына іліп кетсін, тек кетсе екен әйтеуір. Қашан карасын батырам дегенше де, немеремнің жүрегін ұшырып бітетін болды-ау. Түрі де түсіңе кірсе шошып оянардай келбетсіз екен. Аузына аттың тісін салдырып алған ба өзі, немене? |
| 5. | Оқасы жоқ, күн қайтқан соң Ергешбай екеуіміз ойдағы ауылға барып тамақ-памақ әкелеміз. | Құдайдың ұрған жері осы болды,-деді шал селт етіп.- Мына бәле асығатын емес. |
| 6. | Атым-Омаш. Бұйыртса үшеуіміз серіктес боламыз. | Шалдың зәресі ұшты. Көзі атыздай боп немересіне бір, дәуге бір қарады. |

2-топ. Түнгі көрініс

| | Омаш | Тоқсанбай |
|----|--|---|
| 1. | | «Бү, пәтшағар қайда жүр? Өне бір тентек суды ішіп-ішіп қазан арыққа түсіп кетті ме екен? Жеті түнде мас боп келсе, апшымызды бидайдай қуырып, немеремнің жүрегіннің отын алады-ау. Аспаннан түскен әзірейілдей боп қайдан ғана сап ете түсіп еді бар болғыр.» |
| 2. | Шайланың аядай есігінен көрініп тұрған бозамық сәуле бір сәтке түнекке айналып, артынша Омаштың гүр еткен даусы естілді. -Шал, ұйықтаған жоқсың ба? - Немереңізді оятыңыз. Жұмыс бар. | Шал дірілдеп кетті. ... Осы бір адамның қандай ойы бар екенін білгенше сабыры қашқан байғұс шал немересін оятарын да, оятпасын да білмей, жалтақ халде үнсіз қалды. |

| 3. | Төменгі ауылға арба апырып тастаса болды. | Қырманға жеткен кезде шалдың төбе шашы тік тұрып, алған демін қайта шығара алмай қалды. |
|-------------------------------|---|---|
| 3-топ. Ұя бұзғыш Омаш. | | |
| | Омаш | Тоқсанбай |
| 1. | Омаш дәу ошақтың бір бүйірінде ошарылып жұмыртқа жарып отыр. Далада жүргенде оның бір көзі жусанда болса, екінші көзі ұяда болады. Ұя көрсе бітті, жұмыртқасын түгел ши қалпағына төңкеріп ала қояды да, орнына топырақ салып кетеді. | Алғашында Тоқаң кәдімгідей қабақ шытып, қатты кейіді, одан ештеңе өнбеген соң бозторғайдың көзжасы жібермейтінін, о дүниеде алдынан шығарын айтып, ақиретпен шошытып байқады |
| 2. | Одан да ештеңе шықпады. “Шал бұ дүниеде жарымағанда о дүниеде жаримын деп жүрсің бе? Неужели мені какой-нибудь торғай үшін ақиретте сотқа тартады?” деп қойып қалғанда, | қарияның иманы ұшып, жағасын ұстап тұрып қалған. |
| 3. | Торғайдың жұмыртқасын жеуге болмайды дейсіндер, неге, әбден болады. Жер бетінде арам ештеңе жоқ, бәрін жей беру керек. Мен бір адамның жылан жегенін көргенмін. | -Астапыралла! Қойшы, шырағым, маған десе қоңыз жесін, айтпай-ақ қойшы соны. |
| 4. | -Несі бар. Жыланды құйрығынан ұстап әкеп қыпқызыл шоққа лақтырып жіберсеңіз, тулайды дейсің кеп, сонан соң тынышталады. Сол-сол-ақ екен, парс етіп жарылады. | -Астапыралла! Қойшы, шырағым, маған десе қоңыз жесін, айтпай-ақ қойшы соны. Шал шарасыз кейіппен жерге түкірді де: -Құлыным-ай, жусан әкеле қойшы,- деп немересін таусылмаса да отынға жұмсап жіберді. |

| | | |
|----|--|---|
| 5. | Обба-аа-й, мына біреуін қараңыз, балапан боп қапты,- дедіОмаш бір жұмыртқаның ішінен балапанды мойнынан суырып алып -Бұл әгәңілетгерге бала не керек десеңші! Бар әйтпесе. Ол балапанды отқа лақтырып жіберді. | Шал қараған жоқ. -Бұл неғылғаның балам... Мені қойшы, мен талайды көргем, қоңыз жеп, бақа жұтқанды да көргем. Ана баланы аясаңшы. |
| 6. | Аяйтын несі бар. Сіз көріпсіз, ол да соны көріп өссін. Майыңнан қалып па еді? | -Тұр ғой анау тостақта. Шал жылдарман халде отыр. |

Шығармадағы жағымсыз образ Омаш бейнесін қалай оқыту керек, оның бойынан бала не үйренеді? Осы сұрақтың жауабын «**Лұхман хакімше үйрену**» деген жұмыс жүргізу арқылы шешуге болады. Алдымен эпиграф ретінде Сайф Сараидың «Түркіше Гүлстан» шығармасындағы Лұхман хакім туралы баларға мынадай әңгімені айтып берген жөн:

Лұхман хакімнен сұрапты:

- Әдепті кімнен үйрендің?

Ол былай жауап беріпті:

– Әдепсізден үйрендім. Олардың өзін-өзі ұстауына қарап, қайсысы көңіліме жақпаса, сол әдеттен бездім.

| Р/С | Омаштың әдепсіз әрекеттері (Мәтін бойынша әңгімелеу). | Менің пікірім (Оқушының өз ойы бойынша әңгімелеу). |
|-----|---|--|
| 1. | | |
| 2. | | |

«Ата үміті» үзіндісінің атауынан бастап, шығарманың өн бойында «Адамның өзгелерге жасаған қиянаты ізсіз кетпейді, түбінде өзінің алдынан шығады» деген ой Омаш бейнесіне қарама-қарсы Тоқсанбай ақсақалдың бейнесі, оның пікірі арқылы өрбіп отырады.

Осы идеяны оқушыларға ұғындыру мақсатында «Омаштың кейінгі тағдыры қалай өрбиді деп ойлайсындар?» деген сұрақ төңірегінде ойландыра отырып, «Қанатты қиял» жұмысын жүргізу – пәндік құзыреттілік тұрғысында сұранып-ақ тұрған жұмыс деп айтуға болады. Өйткені оқушының ой-қиялын дамыту – «Әдебиет» пәнінің басты міндеттерінің бірі. Осындай міндеттен туындаған «Менің қиялымдағы Омаш» тақырыбындағы жазылым тапсырмасы оқушылардың қызығушылығын тудырды. Оқушылар 20-30 жылдан кейінгі Омаш бейнесін көз алдына елестете отырып, қызықты жағдайларға құрылған өз болжамдарын, тілек-сенімдерін бейнелейтін әңгімелер жазып шықты:

Ниязбай Айнұр:

Менің қиялымдағы Омаш

Омаш өте бай болатын. Бай болатын себебі: әркімнің затын ұрлап, оны сатып, қыруар ақша тапты. Ол күнде-күнде үйінен кетіп, мас болып, араққа тойып келетін. Әйелі болса оған ұрысып: «үйден кет, бар да арағыңды іш» деп оны үйінен бездірді.

Бір күні Омаш жолда келе жатып, бір досын жолықтырды. Досы онымен амандаспады. Омаш ішінен: «Досымдікі дұрыс, мас адаммын ғой, менімен кім амандасады» – деп ойлады.

Омаштың жасаған ісін, көрсеткен мінезін тауысып айту мүмкін емес. Қартайған шақта немере сүйіп отыратын Омаш па, қайта әйелін ұрып-соғып, адамдардың ақылын тыңдамай, өз бетімен кеткен адам. Адамға қарсы сөйлеу, онымен қоймай үлкен адамды ұру және балаға айқайлауы – Омаштың етіне сіңіп кеткен әдеті. Талай рет үлкен ақсақалдар: «Омашжан-ау, арағыңды қойсаңшы, қайта үйде отырып, әйел бала-шағаңа қамқор болып, қарасаңшы» – деп ақылын айтты.

Бірақ оны тыңдаған Омаш болмады, қайта жағымсыз әдетін үдете түскендей болды.

Бірақ, өмірде не болмайды дейсіз?! «Көп асқанға бір тосқан» дегендей, кейде өмірде тым артық кеткендер тағдыр талайымен тәубасына түсіп жатпайды ма? Омаштың да тәубасына түсуіне не себеп болғаны өзіне ғана аян, әйтеуір ол бір-ақ күнде өзгеріп шыға келгендей болды. Ол жасаған ісі, көрсеткен мінезі үшін қатты өкінді. «Неге мен бұлай еттім, қайта үйде отырып, балама, әйеліме қарамадым ба?» – деп өксіп-өксіп жылады.

Өкінгенмен бола ма? Омаш азғантай өмірде қаншама жаманшылықты жасап үлгеріпті десеңші. Өзінің әп-әдемі, тап-таза, өмірін босқа ластады. Оны енді екі дүниеде кешіре ме, кешірмей ме, оны тек бір Аллаһ тағала біледі.

Жақсылық Нұрбол:

Менің қиялымдағы Омаш

Өтірік айту, өзгелерге әлімжеттік жасау, ұрлық жасау, басқа да қандай жағымсыз әдеттер бар, әйтеуір соның бәрі Омаштың бойынан табылатын еді. Бірақ бір күннің ішінде Омаш өзгеріп шыға келді.

Омаш та үйленді, балалы-шағалы, немерелі де болды. Өзінің жағымсыз әдеттерін кейде көрсетіп, кейде көрсетпей жүріп, балаларын өсірді.

Бір күні Омаш немересін ертіп, дермене оруға барды. Айналаны бағдарлап қарап, бұл жер өзіне таныс секілді көрінді. Есіне әлденелер бұлдыр-бұлдыр болып, түсе бастады. Көз алдына біресе өзіне, біресе немересіне қарап, шарасыз кейіпте жаутандаған Тоқсанбай қарттың бейнесі келді. Бір сәт өзінің өткен өміріндегі ісіне өкінгендей болды ма, кенеттен жан-дүниесі құлазып кетті. Бірақ, «Маған не болды? Мен

Омаш емеспін бе?» – деп, өзін-өзі тез жиып алды. Артынша-ақ өзінің қатігез мінезіне қайта оралып, дермене оруға кірісіп-ақ кетті. Дермене оруға кірісті дегеніміз де жай сөз, өйткені оның орғанынан гөрі жан-жағын бағдарлап, өзгелердің дерменесін ұрлап алу туралы ойлануы көбірек еді.

Бір күні түсте өзі тіккен қоста демалып жатыр еді. Сыртта әлдене тарс еткендей боды. Немересі екеуі шығып қараса, еңгезердей біреу келіп, шелектегі суды үстіне құйып тұр екен.

Омаштың есіне осыдан екі-үш күн бұрынғы ойы, сонымен бірге қабаттаса Тоқсанбай қарт пен немересі Ергешбайдың бейнесі келді. Неге екені белгісіз, Омаштың бойын бір сәт қорқыныш биледі.

Омаштың бұдан кейінгі тағдыры айтпаса да түсінікті деп ойлаймын.

Сексенбаева Нұргүл:

Менің қиялымдағы Омаш

Омаш жас кезінде тәртіпсіз қылықтарды көп жасаған. Ал енді қазір «неге олай тәртіпсіз болдым?» екен деп бармағын тістеп отыр.

Күндердің бір күнінде Омаш үйлі-баранды болды. Жасы үлкейген сайын, оның өткен өміріндегі жасаған әрекеттері ойына оралып, өзінен-өзі ар азабын тартушы еді.

Сондайда Тоқсанбай қарт пен оның немересі Ергешбай да жиі есіне түсетін еді.

Сөйтіп жүріп Омаштың ұлы дүниеге келді. Атын Тоқсанбай деп қойды. Бұл өзінің қартқа істеген зұлымдығын жуып-шаю ниетінен туындап, қойылған есім болды.

Айлар өтті, жылдар өтті. Балалық бал қылығымен сүйсіндіріп өсіп келе жатқан Тоқсанбай Омашқа енді

жаңа қырынан танылып, мінез көрсете бастады. Мұндай сәттерде Омаш қатты уайымдайтын. Тәкең (Омаштың баласы) көршілерінің үйінен анау-мынау заттарды ұрлап алып келе беретін. Оны білген Омаштың ойы сан-саққа жүгірді. Менің қылықтарымды істемесе екен деп тіледі.

Бір күні «Омаштың баласы аурухананың жансақтау бөліміне түсіп қалды» деген хабар жетті. Әлдебір бұзақылардың қолынан жараланса керек... Баласы үшін шыбын жаны шырқыраған Омаштың есіне өзінің жас күнінде талай рет бозторғайдың ұясын бұзып, жұмыртқаның ішінен жарып шыққан балапандарын тірілей отқа лақтырғаны түсті. Көз алдына қабақ шытып, қатты кейіген, одан ештеңе өнбеген соң бозторғайдың көз жасы жібермейтінін, о дүниеде алдынан шығарын айтып, ақиретпен шошытып байқамақ болған Тоқсанбай қарт келді.

Бұл дүниеде баланың азабын тартып, жаны күйзелген Омаш енді о дүниеде көрер азабын ойлап, жаны қалтырап кетті.

Жадырасын Дәулет:

Менің қиялымдағы Омаш

Бұрынғы болған жағдай 20 жыл бойы Омаштың есінен кетпеді. Ол кезде Омаш 39 жаста болатын. Ал қазір 59 жаста. Кейде тіпті түсіне кіріп, жаны қиналып, қара терге малшынып оянатын. Бір күні немересі Арманмен табиғатты тамашалау үшін ауыл шетіне шыққан болатын. Олар сол жақта қонатын болды. Күн жылы. Көктем келген болатын. Омаш немересіне:

– Балам, шай қайнатуға отын сындырып әкелші, – деді.

– Жарайды, – деп жүгіріп кеткен Арман көзді ашып-жұмғанша бір құшақ отынымен жетіп келді.

– Балам, мұнша үлкен сексеуілді қайдан алдың, әрі тез келдің ғой – деді Омаш немересіне күдікпен қарап.

– Мен анау тұрған үйлерден ұрлап алдым – деді немересі өзінше мақтанып.

Омаш өз істерінің алдынан шығып жатқанын түсініп, немересіне не айтарын білмеді. Немересіне не айтса да орынсыз болатын. Өйткені Омаш та мұндай лас істерді істеген жоқ па?

Ертеңіне Омаш ұйқыда жатқанда оны торғайдың шикылдаған даусы оятып жіберді. Сөйтсе немересі таяқпен ұяны бұзып, торғайдың балаларын мысыққа жегізіп отыр. Шыр-пыр болған анасы не істерін білмей, шыр айналып, ұшып жүр екен. Сол кезде Омаштың басына торғайдың көз жасы тамшылағандай болды. Бұл көріністі көрген Омаш ақсақал торғайдың екі балапанын ұя жасап отырғызды. Омаш мұны өзі істеткізген соң ғана немересі көнді. Шөптерден екеуі ұя жасап, балапандарды жылы ұяға кіргізді.

Омаш таңертең тұрса немересі ағыл-тегіл боп жылап отыр екен. Неге екенін сұраса: «Түсімде анамнан айырылғанымды көрдім. Балапандары үшін торғайдың неге шыр-пыр болғанын енді түсіндім» – дейді. Омаш өзінің істеген зұлымдықтарының зардабы немере-шөберелерінің, яғни бүкіл ұрпағының алдынан шығарын сезіп, жаны күйзелді.

Омаш енді істеген ісі үшін өкінді. Күнәсін кешіруін өтініп, бес уақыт намаз оқыды. Сырттай қарағанда немере, шөберелерімен бақытты өмір сүріп жатқандай. Күніге немерелеріне ақыл айтып отырады. Ешқашан лас істерді істемеу керектігін немерелері түсінгеніне шүкіршілік етеді. Бірақ, үнемі жан-дүниесі құлазып тұрғандай, бір өкініш жанын кеміретін.

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген мақалдың нақты мәні осы хикаятта баяндалған деп ойлаймын.

Бұл соңғы екі жұмысты да, яғни «Лұхман хакімше үйрену» және «Менің қиялымдағы Омаш» тақырыбындағы «Қанатты қиял» жұмыстарын оқушыны танымдық ойлауға үйрететін «Зерде теориясы» тұжырымдамасымен сипаттауға болады. Сындарлы ойлау теориясында: *«Зерде теориясы – басқаларды зерделі делдал ретінде түсінудің ерекше когнитивті қабілеті, бұл олардың көқарасын, сенім мен тілек сияқты теориялық тұжырымдама терминдерін түсіндіру үшін қажет.*

Зерде теориясы деп – іс-әрекеттерге әкелетін ақыл-ой күйінің кең спектрін (сенім, тілек, елестету, эмоциялар және т.б.) түсінеміз. Қысқаша айтқанда, зерде теориясы – өз санаңның және басқа адамдар санасының мазмұнына ой жүгірте білу деген сөз» деп сипатталады. Бұл жерде біріншіден, Лұхман хакімді, екіншіден Омаш бейнесін делдал ретінде алып, оқушылар тарапынан 2 түрлі адамның санасына ой жүгірту жұмыстары жүргізіледі және сол арқылы оқушылардың өзіндік зердесі оң нәтижеде қалыптасады деп пайымдауға болады.

Осылайша көркем шығарманы тәрбие құралы ретінде пайдалана отырып, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көрсетілген *«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс»* – деген ұстанымын жүзеге асыруға үлес қосқаным деп есептеймін.

А. ҰЛМАҒАМБЕТОВА,
Қандыағаш қалалық
№2 орта мектебің
қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы

САБАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сабақта оқушының оқу қызметін ұйымдастыру – бұл оқушы мен мұғалімнің сырттай үйлесімді қызметі, оның өзі белгілі бір тәртіп пен талабынан құрылады. Мынандай бағыттарға бөлінеді: **фронтальді – мұғалімнің барлық оқушылардың жеке және өзіндік жұмысын басқаруы, жеке - өзіндік жұмыс.**

Жұмыс әр оқушының жеке және жұптық қызметі. Мұғалімнің оқу қызметін фронтальді ұйымдастыруы – барлық оқушылардың іс әрекетінің бірлікте болуын басқару, яғни барлық оқушылар бірдей тапсырманы орындайды, жұмыс бәріне ортақ, барлық сынып талқылайды, нәтижені салыстырады, жинақтайды. Бұл тәсіл оқушылар мен ұстаздар арасындағы сенімді нығайтып, ұжымдық сезімді тәрбиелейді, пікірлерді талқылауы ширайды, басқаның ойын, өзінің ой түйіндерімен салыстырады, қателерін табуға жаттығады. Мұғалімге қойылатын басты талап – оқушылардың ішінен ең тиімді ой-тұжырымды дәл таба білуі, оны алдын ала болжауы, оқу

ситуациясын туғызуы, сабақтың міндеттеріне жауап іздеуі; барлық айтқысы келген ынталы оқушыны ықыласпен таңдауы, оны мәдени тұрғыда қолдауы, мұнымен бірге қажетті сәттерде түзетулер енгізуі, әр оқушының мүмкіндігіне жол ашу.

Фронтальды оқытуды ұйымдастыру мәселелік, ақпараттық және түсіндірмелі иллюстративті мазмұнда және репродуктивті және шығармашылық тапсырмалармен келуі мүмкін. Мұнда шығармашылық негізге құрылған тапсырма бірнеше шағын тапсырмаларға бөлінеді, жұмыстың бұл түрі барлық оқушылардың белсенділікпен іс-әрекетте болуына жағдай туғызады. Бірақ, сабақтың бұл түрінде көптеген кемшіліктер бар, жұмыс барысында оқушылар әр түрлі деңгейлерде өз мүмкіндігіне қарай білімін арттыра алмайды, бәрінің білімі бір мөлшерде оқшауланбайды, әсіресе, нашар үлгеретін оқушыға мұғалімнің көмегі үнемі қажет болса, ал қабілеті өте жоғары оқушыда уақыт артық қалады. Сол себепті сабақтың тиімділігін арттыру үшін жұмыстың басқа түрлерін де пайдалану керек. Жеке жұмысты ұйымдастыру сабағында әр оқушының өзіндік іс-әрекеті ескеріліп, оған арнаулы әзірліктер жасалып, оқу мүмкіндіктері алдын-ала есепке алынады: әдебиеттермен, анықтамалармен, энциклопедиямен жұмыс міндетін шешу, шығарма әзірлеу, реферат

жазу. Жеке жұмысты ұйымдастыру барысында екі түрлі тапсырма орындалады: жеке және жекелендіру. Біріншісінің ерекшелігі ол: оқушы алдымен барлық сыныпқа берілген тапсырманы орындайды, басқа оқушымен қарым-қатынасқа түспейді, бірақ жұмыс қарқыны бәріне бірдей. Екіншісінің ерекшелігі, ол оқушы арнаулы тапсырманы орындауда өзінің танымдық оқу іс-әрекетін мөлшерлейді, атап айтсақ, әр оқушы өзінің оқу қызметінің режиміне орай жұмыс қарқынын белгілейді. Жеке жұмысты сабақтың барлық кезеңдерінде жүргізу тиімді және оны бекітіп отыру көзделеді, мұның өзі оқушының бұрын меңгерген білімдерін, қабілетін, дағдысын жетілдіріп отыруына ықпалы зор, сол секілді бақылау үшін зерттеу әдісін меңгеруге жол ашады. Сабақтың бұл түрі оқушылардың өзіндік іс-әрекетін тәрбиелейді, жинақылыққа, ұшқырлыққа, өзінің мақсатын айқындауға таба білуге бағыттайды, бірақ бұл сабақта оқушылардың қарым-қатынасы шектеулі, оны ұжымдық, топтық жұмыстың түрімен толықтыруға болады.

Топтық жұмысты оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру негізінде шаралары:

- Оқу міндетін анықтау үшін сынып екі топқа бөлінеді;
- Әр топ тапсырма орындайды (не бірдей, не саралап, даралап берілген) ол топ ішінен бөлініп шыққан топ басымен немесе мұғалімнің

басқаруымен өтеді;

– Топтың енгізген жаңалығына орай тапсырмалар іріктеледі;

– Топтың құрамы сабақтың мазмұнына қарай өзгереді, ең жоғары деңгейдегі оқушының мүмкіндігін ескеру қарастырылады;

– Топтың және құрамның әр түрлі деңгейлікке орай оқушылардың қауымдастық құрамы сұрыпталады және мұның өзі оқушыларға байланысты.

Сабақтың топтық жұмыс түрінде оқушы саны көбейеді және жеке жұмыс барысында оқушыға не топ басшысының, не мұғалімнің көмегі қажет болып отырады (фронтальды және жеке жұмыс кезінде мұғалімнің оқушыға көмек беруі қиындай түседі, сондықтан олар жеке жұмысқа көшкенге дейін кезек күтуге мәжбүр).

Топтық жұмыс тәжірибелік жұмыстарды, зертханалық және жаратылыстану ғылыми тақырыптардағы тәжірибелік жұмыстарды, сондай-ақ шет тілдерді меңгеруде, ауыз екі сөйлеуде тілді дамыту бағытында және еңбек сабақтарын өткізу өте тиімді. Жұмыстың бұл түрінде ұжымдық талқылау қолданыла отырып, өзара кеңес беріп, өлшемдік параметрлері күрделеніп, өздік жұмыс тиімділігі жағынан бұрынғыға қарағанда жақсара түседі.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы өзара байланысты екі кезеңнен тұрады: сабақтарды

тақырыптар бойынша жоспарлау және осы жоспарлауды әрбір сабаққа сәйкес нақтыландыру, әрбір жеке сабақтың жоспарын терең ойластыру мен құрастыру.

Тақырыптық жоспарлау оқу бағдарламасының белгілі бір тақырыбы немесе тарауы бойынша өтілетін сабақтар мен сабақтан тыс оқу жүйесіндегі оқыту – тәрбиелік үрдісі білім беру, дамыту және тәрбие беру қызметтерін іске асыруының қолайлы жолдарын анықтау үшін қажет. Бұл жүйеге, негізгі дидактикалық мақсатына байланысты, сабақтың әр алуан түрпаты және түрлерімен қоса оқушылардың сыныптан тыс және оқудан тыс жұмыстарының басқа түрлері де кіреді. Тақырыптық жоспарлаудың ойдағыдай іске асырылуы, көбінесе мұғалімнің оқушылар нені білулері керек, т.б. деген сияқты мәселелерді қаншалықты терең ойластырғанына байланысты болып келеді. Сондықтан мұғалім тақырыптық жоспарлауды пәннің оқу бағдарламасы, білім беру стандартымен мұқият танысудан, пәнді оқыту кезіндегі және берілген тақырып бойынша дидактикалық міндеттерді шешудегі негізгі тәрбиелік мақсаттарды және оқушыларды дамыту мақсаттарын анықтаудан бастауы қажет. Бір сабақты жоспарлау – мұғалімнің тиянақты бір сабаққа дайындығы, яғни сабақты жоспарлау, тақырыптық жоспарлауды әрбір жеке сабаққа сәйкес нақтыландыру, сабақтың негізгі мазмұны

мен бағыты анықталғаннан кейін сабақтың жоспары мен қысқаша мазмұнын терең ойластыру мен құрастыру. Сабақ жоспары мұғалімнің жұмыс тәжірибесіне, білімдарлығына, педагогикалық шеберлігінің деңгейіне қарамастан, әрбір мұғалім үшін қажет.

Сабақтың жоспары, тақырыптық жоспар, бағдарлама мазмұны негізінде, мұғалімнің оқушыларды және олардың дайындық деңгейін білуінің негізінде, құрастырылады. Сабақты жоспарлауда және оны өткізу технологияларын дайындауда екі өзара байланысты бөліктер бар: сабақ мақсатын, оның әрбір қадамын терең ойластыру; арнайы дәптерге сабақ жоспарын белгілі бір түрде жазып алу.

Сабақтың мақсаты – бағдарлама материалының мазмұны негізінде, мектептің материалдық базасының және оқушылардың белгілі бір оқу жағдайына сәйкес ұйымдастыруға болатын оқу материалымен жұмысының мазмұны негізінде анықталады. Сабаққа дайындалудың бұл бөлімінде мұғалім болашақ сабақтың өту барысын болжайды, оны ой-санасынан өткізіп, өзінің оқушылармен бірлесіп жасайтын іс-әрекеттерінің өзіндік бір көрінісін дайындайды. Өзінің жеке оқушылардың сабақтағы әрекеттерінің негізгі мазмұны мен бағыттылығын анықтағаннан кейін барып мұғалім оқушылар меңгеруге тиісті қажет және жеткілікті материалды таңдайды,

сабақта талданатын жаңа түсініктерді енгізудің жүйелілігін анықтайды. Мұғалім оқушылардың белсенділігін арттыратын қызықты материалды таңдайды, оған оқушылардың назарын жалпылама сұрақтар, есептер арқылы аударатын, сабақтың құрылысын алдағы жұмыстың көлеміне қарай алдын ала анықтайды.

Сонымен мұғалімнің сабаққа дайындығы дегеніміз – тек оқу материалының тиянақты талдауы, оны оқып білу кезеңдеріне сәйкес құрастыруы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың осы материалмен жұмысы кезінде пайда болуы мүмкін сұрақтары, жауаптары, пайымдаулары – оны қабылдауы, түсінуі, т.б.

Сабақтың осындай алдын ала талдамасы неғұрлым тиянақты жасалса, сабақ өткізу барысында кездейсоқ жағдайларға тап болу мүмкіндігі біртұтас педагогикалық процесте соғұрлым аз болады. Осындай мұқият талдаудан кейін және сабақтың құрылысын тиянақты ойластырғаннан кейін мұғалім сабақтың жоспарын жасайды. Сабақтың конспектісі , әсіресе жас мұғалімдер үшін, толық және жан-жақты жасалады. Мұндай конспект мұғалімге тек бір сыныптағы ғана емес, сонымен бірге барлық қосалқы сыныптардағы жұмысы кезінде де қажет болады. Алайда, сабақтың ойдағыдай өтуі мұғаліммен қатар оның оқушыларды алдағы сабақтағы жұмысқа әзірленуіне

және оқушылардың өздерінің сабаққа деген психологиялық дайындығына байланысты. Ол үшін оқушыларды келер сабақтағы жұмыс жоспарымен таныстырып, оқулықтың немесе әдеби шығарманың жекелеген тараулары мен тақырыптарымен алдын ала таныстыруға бағыттап, жаңа материалды меңгеруге септігін тигізетін бақылау мен күрделі емес сынақтар өткізу қажет.

Сабақтың жоспарында сабақтың тақырыбы, сабақ өткізілетін сынып бөлмесі және дидактикалық міндеттері нақтыланған сабақтың мақсаты, сабақта өтілетін материалдың қысқаша мазмұны, оның міндеттері көрініс табады. Сондай-ақ, сабаққа қатысатын оқушылардың өзара қатынасын ұйымдастыру, оқушылардың оқу - танымдық қызметін дамытатын тапсырмалар, білім беру әдістері мен дидактикалық әдіс-тәсілдері анықталады. Тапсырмалар арқылы алға қойылған міндеттерге қарай, ол міндеттерді орындау барысында бұған дейінгі алған білімдері толықтырылады, жаңа ғылыми түсініктер және білім жолындағы кездесетін әр – түрлі жағдайларда қолданыла алатын әрекеттердің тәсілдері қалыптасады, оқушылардың оқу әрекетін бақылау мен түзету жүзеге асады, олар білімсіздіктен білімге, епсіздіктен біліктілікке қарай қадам жасайды.

Сабақтың сапасы мен нәтижелі өтуі,

көбінесе, мұғалімнің өзінің және басқалардың жетістіктері мен қателерін дұрыс талдай алуына байланысты. Өз жұмысына талдауды сабақ өткізе салысымен және келесі сабақтың алдында, яғни сабақтың конспектiсiнiң негiзi дайын болған кезде жүргiзуi тиiмдi. Бұндай жағдайда мұғалiм өткен сабақтың нәтижелерiне сүйене отырып, келесi сабаққа дайындығы кезiнде осының барлығы ескерiлуiн ойластырады. Өзiн-өзi бағалау өткен сабақтың талдауына негiзделедi, яғни мұғалiм жасаған жоспарын тағы қайтар талдап, сәтсiздiктерiнiң себебiн табуға тырысып, дидактикалық тұрғыдан ұтымды тұстарын қайталауға тырысады. Осылайша, қазiргi уақытта да сабақ оқушылардың мектепте бiлiм алуын ұйымдастыру түрiнiң ең негiзгiсi болып қала бередi. Сабақтың нәтижелiлiгi мұғалiмнiң дайындық деңгейiне, оқушылардың оқу - танымдық әрекетiн ұйымдастыра алуына және ол оқу әрекетiнiң нәтижесiн болжай алуына байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рахметова С. Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы.- Алматы: ҚазҰПУ, 2007.- 184б .
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикалық оқытудың дидактикалық негіздері. Пед. Ғыл. д.....автореф.-Алматы, 2004.- 43 б.

Қ.АБУОВА,
Назарбаев Зияткерлік
мектебінің қазақ тілі мен
әдебиетінің мұғалімі.
Қызылорда қаласы

САБАҚТЫ LESSON STUDY АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУ: СІЗ САБАҚТЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ САПАЛЫ БЕРУДЕСІЗ?

Сабақты зерттеу – бұл бірнеше мұғалімнің сабақты бірлесе жоспарлауы, сабақ процесін бақылауы, оқушы жеткен жетістігі мен нәтижеге жетпеу салдарын саралайтын үдеріс, яғни сыныпты жан-жақты зерттеу құралы. Сабақты сапалы зерттеу мақсатында мұғалімдер төмендегі іс-әрекеттерді жасағаны дұрыс:

* **Зерттеу тобын құру:** топ шамамен 3-6 адамнан жасақталады;

* **Оқу мақсатын жан-жақты талдау:** зерттеу тобының мүшелері оқушылардың сабақта қандай нәтижеге қол жеткізгенін қалайтындығын талқылайды;

* **Сабақты жоспарлау:** сабақтың әр бөлігін, уақыты мен талабын, оқушының жеке қажеттілігін ескере жоспарлайды;

* **Оқыту және бақылау:** топ мүшесінің біреуі сабақты өткізеді, қалғандары әр деңгейдегі фокус оқушыларды бақылайды, топта, жұпта орын алатын іс-әрекеттерге баға береді;

* **Анализ және талқылау:** топ мүшелері бірлесе жоспарланған сабақтың нәтижелілігін, кеткен кемшілігін талдайды;

* **Құжаттарды рәсімдеу және жариялау:** топ мүшелері барлық жасалынған процесті егжей-тегжейлі талқылап, өзге әріптестерге үлгі ретінде өз жұмыстарының нәтижесін, оған қол жетізудегі алгоритмдерін ұсынады.

Жоғарыда аталған критерийлерге сай 2017-2018 оқу жылының қыркүйек айында Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің даму жоспарына сай Lesson Study шағын топ құрылды. Зерттеу жүргізу үшін мұғалімдердің бірлесуімен Lesson Study-ді өткізу жоспары құрылды.

| № | Жұмыс түрі | күні | Жауапты |
|----|--|-----------|---|
| 1. | П ә н мұғалімдеріне сауалнама дайындау және сауалнама алуды ұйымдастыру. | 28.09.17. | Тимлидер |
| 2. | П ә н мұғалімдерімен кеңесу, Т-2 сыныптарындағы проблеманы анықтау. | 04.10.17 | Қасенова Г.И., Абуова Қ.Б. Өксікбаева Г.Ж. |
| 3. | Зерттеуші топ мүшелерін жасақтау. | 11.10.17. | Дөненқожаева М., Мананбай Г. А. Ажибаева Ж., Бибатырова А., |
| 4. | Оқушылар үшін сауалнама мәтінін дайындау. | 18.10.17 | Топ мүшелері |

| | | | |
|-----|--|-----------|---|
| 5. | Сауалнама алу, сұхбат жасау, нәтижесін талқылау. | 20.10.17. | Топ мүшелері |
| 6. | Тақырып таңдау, топ мақсатын айқындау. | 21.10.17. | Топ мүшелері |
| 7. | Коучинг ұйымдастыру, таныстыру. | 23.10.17. | Дөненкожаева М. Ө. Мананбай Г.А. Ниязбаева Г.К. |
| 8. | Зерттеуші топ жоспарын құру, таныстыру. Зерттеу жұмысының нәтижелілігін қамтамасыз ететін ережелер жүйесі жасалды. | 25.10.17. | Топ мүшелері |
| 9. | Түйінді идеяларды зерттеуге қатысты жауап іздеу үшін әдебиеттер тізімін жасау, нұсқау беру. | 26.10.17. | Жүнісов Д.Б. Өксікбаева Г.Ж. |
| 10. | Зерттелетін сыныпты анықтау. Сыныпты зерттеу, «зерттелетін оқушыларды үш деңгейге бөлу» анықтау. | 28.10.17. | Топ мүшелері |
| 11. | Топ мүшелерінің қызметін бөлу. | 30.10.17. | Тимлидер |
| 12. | 1-сабақты жоспарлау. ABC оқушыларына берілетін тапсырманы жүйелеу | 04.11.17 | Топ мүшелері |
| 13. | 1-сабақты өту, оқушы әрекетін бақылау, бақылау парағын толтыру | 06.11.17. | Топ мүшелері |
| 14. | Сабақты талқылау, ұсыныс. | 06.11.17. | Топ мүшелері |
| 15. | Екінші сабақты жоспарлау. | 21.11.17. | Топ мүшелері |
| 16. | Екінші сабақты өткізу. | 24.11.17 | Топ мүшелері |
| 17. | Екінші сабақты өткізу. | 24.11.17 | Топ мүшелері |
| 18. | 4-отырыс. Үшінші сабақты жоспарлау | 01.02.18. | Топ мүшелері |

| | | | |
|-----|---|-----------|--------------|
| 19. | Сабақты өткізу | 06.02.18. | Топ мүшелері |
| 20. | Сабақты талқылау | 07.02.18. | Топ мүшелері |
| 21. | Ц и к л қ о р ы т ы н д ы с ы н шығару, есеп беру | 20.02.18. | Топ мүшелері |
| 22. | Нәтижені талдауға арналған коучинг ұйымдастыру. | 05.03.18 | Тимлидер |

Мәселе қалай анықталды? Пән мұғалімдерінен алынған сауалнама қорытындысы бойынша 10X сыныбында оқушыларға білімді топтық жұмыс арқылы меңгерту қиындық туғызады. Оқушылар сауалнамасы да осыны дәлелдеді. Сондықтан бұл сыныпта көбіне жұптық және жеке оқу формасы жүзеге асады, алайда ғылыми-теориялық еңбектерге сүйенсек, Александер (2004) топтық оқытудағы әңгімелесу – қарым-қатынас жасаудың бір сарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екіжақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды десе, Мерсер (2000) білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында оқушылар тең құқылы серіктестер болып табылады деп тұжырымдайды. Мерсер (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын дәлелдеп шыққан. Оқушылар жұпта не топта жұмыс істегенде «мұғалім-оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше симметриялы болып табылатын іс-қимылға тартылады.

Сауалнама қорытындысы бойынша өтпелі

кезеңге байланысты, оқушылардың мінез-құлықтарындағы психологиялық әртүрлі ахуалдар әсерінен және әлеуметтік, эмоционалдық аспектілер әсерінен топтық жұмыста өз бетінше жаңа білімді қалыптастыра алмайтыны анықталды. Себебі, топтық өнімді қорғау кезінде бір-бірін тыңдамау әсерінен зейінді тұрақтандыра алмайды немесе зерігу сияқты келеңсіздіктер орын алады, ТЖБ кезінде оқушылар орташа көрсеткіштер көрсетеді.

Оқушылардан алынған сауалнама үлгісі

Сондықтан «(Т2) Оқуы орыс тілді сыныптардағы оқушыларының сөздік қорын дамытудың тиімді жолдары» деген тақырыпқа мән берілді. Осыған орай, зерттеу сабақтарының кестесі жоспарланды. 10-сынып бойынша:

| | Сабақ тақырыбы | Күні | Мақсаты |
|----|--|----------|---|
| 1. | БАҚ: әйелдер мен ерлер бейнесі. Пән мұғалімі Абуова Қ.Б. | 06.11.17 | «Медиақұралдарды пайдаланып, ғаламдық мәселелермен салыстыра отырып, сөйлеушілердің пікіріне сараптама жасайды, түсіндіреді.» |

| | | | |
|----|--|-----------|---|
| 2. | Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне: ерлер мен әйелдер суреттері. Пән мұғалімі Абуова Қ.Б. | 24.11.17. | «О5 Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу» |
| 3. | Супермаркетке деген сенім. Пән мұғалімі Абуова Қ.Б. | 06.02.18. | А1 Сөз көлемі және сөздік қорының алуандылығы Меңгерген сөздік қорын кез келген тақырыпта тиімді қолдана біледі. |

Мақсаты: оқушылардың сөздік қорын дамытудың тиімді жолдарын қарастыру.

Lesson Study тобы зерттеудің басты мақсаты мен міндеттерін анықтап алғаннан соң әр пән мұғаліміне негізгі нысандарды анықтау міндеттелді:

1. *Сыныпты зерттеу, осы сыныптағы зерттелетін үш оқушыны анықтау;*

А деңгейлі оқушыны бақылау – Жүнісов Д.Б.

В деңгейлі оқушыны бақылау – Қасенова Г.И.

С деңгейлі оқушыны бақылау – Өксікбаева К.Ж.

2. *Қосымша теориялық мәліметтер мен әдебиеттерді, ресурстарды іріктеу Өксікбаева Г.Ж. жүктелді;*

3. *Талқылаудың «модераторы» (талқылауға позитивті бағыт беріп отыратын төраға) Бибатырова А.М. тапсырылды;*

4. *Keңесші. Талқылау барысында Lesson Study тобының білім алғандығын жазып алушы болып Дөненқожаева М. белгіленді.*

Lesson Study үш цикл бойынша өткізілді. 1-циклде алғашқы зерттеу 10X сыныбында қазақ тілі мен әдебиеті «**БАҚ: әйелдер мен ерлер бейнесі**» деген тақырыпта өтті.

Оқу мақсаты: Медиакұралдарды пайдаланып, ғаламдық мәселелермен салыстыра отырып, сөйлеушілердің пікіріне анализ жасайды, түсіндіреді.

Сабақ жоспары топ мүшелерімен алдын ала жоспарланғандықтан оқу мақсаты жүзеге асты. Оқушылар топтық жұмыстан білім алуға, зейінін тұрақтандыруға үйренді. Оның дәлелі топ жұмысын қорғау кезінде, басқа топ таныстырылымын тыңдай отырып, кестемен жеке жұмыс жасауы. Оқыту ортасы – үш оқушыдан құралған топтық жұмыста үш түрлі тапсырма берілді, көшбасшы оқушының араласуымен тапсырмаларды қабілеттеріне қарай бөліп алады. АВС деңгейлі тапсырмалар қамтылды. Уақыт ұтымды пайдаланылды, алайда 1-2 оқушының рефлексиясын ауызша тыңдағанда болар еді. Сабақ зерттеу тобы жоспарына сай өтілді.

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе:

1. Топтық жұмысты бағалау кезінде бағалау парағына критерийлерді үш бағанға бөліп бергеніміз, нақты әрі сенімді шықты.

2. Топтық жұмысты тыңдау үшін берілген жеке тапсырма өте сәтті шықты, оқушылар бір-бірін тыңдап, жаңа білімді түсіріп отырды, зейінін тұрақтандырды және өз бетінше білім алды.

Екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді.

1. Топтық жұмыста жеке міндеттерді орындай отырып, топтық ортақ өнім жасау үшін, белгілі бір стратегия беру керек еді, оқушылар жұмысында топтық өнім көрінбей қалды.

2. Деңгейлік тапсырманы нақтылау және уақытты тиімді бөлу, оқушылардың жауаптарындағы кейбір қателерді түзетуге уақыт тапшылық жасады.

Сабақты талқылау кезінде алдағы сабақта ескерілуге тиіс Топтық жұмыс болған соң, ортақ өнім жасау мүмкіндігін беру, ол үшін белгілі бір стратегияны пайдалану қажет.

Уақытты барынша тиімді пайдалану, оқушы жауаптарында әдеби сөйлеу нормасының сақталуын критерийге қосу.

АВС деңгейіндегі оқушылардың өзі деңгейлес оқушылар арасында көшбасшылық жасау және өзгені тыңдау, мойындау қабілетін байқау үшін тапсырмалар беру ұсынылды.

2-сабақ.

Зерттеу тобының мүшелері 2-зерттеу сабағын жоспарлауда өзара кеңесіп, алдыңғы сабақта орын алған кемшіліктердің алдын алу үшін қандай стратегиялар мен әдістерді алатындығын талқылады.

Топ мүшелері «**Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне: ерлер мен**

әйелдер суреттері» тақырыбында «О5 Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу» мақсатын тандап, оқушылардың сөздік қорын молайту мақсатында бірнеше әдістерді ұсынды.

Сабактың кіріспе бөлігінде оқушыларды әлеуметтік желілер арқылы жұпқа бөлу ұйғарылды. Осы тұста дифференциациялық тапсырманы жүзеге асыру дұрыс деп шешілді.

1-жүп: «Шаңырақ» жұбының тапсырмасы: Баян Есентаева туралы мәтінді оқып, «Түнгі студия» бағдарламасы форматына сәйкес сұхбат дайындайды. Сұхбат барысында 1 эпитет пен 1 мақал-мәтел пайдаланады. **В деңгейі.**

2-жүп: «Уық» жұбының тапсырмасы: Рая Удербаева туралы ақпараттардан «Екі жақты күнделік» толтырады. Күнделік толтыру барысында 1 мақал-мәтел пайдаланады. **С деңгейі.**

3-жүп: «Кереге» жұбының тапсырмасы: Бекболат Тілеухан туралы ақпараттарды «Дербес пікір» әдісі арқылы саралайды. Тапсырма орындау барысында 1 метафора қолданады. **А деңгейі.**

1.Өзіндік пікір (ой, идея)-1-2 сөйлем;

2.Өз пікірін айғақтайтын дәлелдер мен мысалдар-1-2 сөйлем;

3.Өз пікіріне қарсы мысалдар-1-2 сөйлем;

4.Қарсы дәлелдерді жоққа шығаратын мысал-2 сөйлем;

5.Қорытынды-2 сөйлем.

4-жүп: «Сықырлауық» жұбының тапсырмасы:

Нұрсұлтан Назарбаев туралы ақпараттарды «SWOT» әдісі арқылы талдайды. Тапсырма орындау барысында 1 тұрақты тіркес пен 1 теңеу қолданады. **В деңгейі.**

Жоғарыда аталған тапсырмалар сабақ процесінде шынайы көрініс тауып, алдыңғы сабақтағы топтық тапсырмаға қарағанда тиімдірек жұпта жүзеге асты.

Бұл жоспарланған 2-сабақ барлық жағынан жинақы, уақытқа сай, әрі сапалы болғандығын зерттеу тобының барлық мүшелері атап өтті. Себебі, оқушылар жұпта өзара талқылап, уақытқа және бағалау критерийіне сай тапсырманы орындады.

Сабакты бекіту кезеңінде топ мүшелері бірігіп «**Өрмекші торы»** әдісі арқылы сабақта алған бір маңызды ақпаратымен бөлісті.

Жетістіктер: Оқушылар оқылымалды, оқылым және оқылымнан кейінгі тапсырмаларға берілген уақытты тиімді пайдалана алды. Рефлексияда өздеріне болашаққа бағдар ретінде жетілдіретін кемшін тұстарын айқындай алды.

Ұсыныс: Оқушылардың жетістігін бекітіп, оларға қолдау көрсету. Соңғы зерттеу сабағында оқушылардың сөздік қорын молайтуға бағытталған түрленген тапсырмаларды сабақ жоспарына енгізіп, оқушылардың білімін мектеп құндылықтарымен ұштастыру.

3-сабақ: Сабақтың кіріспе бөлімінде оқушылар біз күткендей белсенділік танытты. Супермаркетке қатысты суреттер арқылы өз болжамдарын айтып, пән мұғалімінің бағыттауымен тақырыпты нақты болжай алды. **«Сауда арбасын толтырайық» ойынының** шартын оқушылар еш кедергісіз түсініп, әр оқушы бір арбадан алып, оның ішін жаңа сөзбен, көркемдегіш құралдармен толтырды. Жоспарға сәйкес уақытқа сай орындады. Оқушылар өздерінің есімдері жазылған түрлі түсті қағаздар арқылы топқа бөлінді. **«Мағынаны тану» кезеңінде** айтылымалды тапсырмада топтағы нақты бір оқушының (С деңгейлі) өзге топ мүшелерін тексеретіндігін түсінген соң, нұсқаулық бойынша А және В оқушылар жаңа сөздердің мағынасын сөздік арқылы белгіленген уақытта тапты. С оқушыға өзгелерге дайын жауапты айтуға болмайдығын ескерткен соң, ол оқушылар өз рөлдерін дұрыс атқарды. Тапсырма орындау уақыты тәмамдалғанда, С оқушы сенімділікпен А, В оқушылардың жауабын тексеріп, қате тұстарын айтып өтті. Пән мұғалімінің жоспарлаған көшбасшылық қабілеті расымен де көрініс берді. Оқушылар үнемі өздерінен басым түсетін оқушылардың да қателесетінін, оларды практикада жөңдей алатындығына көзі жетіп, қанағаттану сезімі олардың бет-бейнесінен айқын аңғарылды. Дұрыс жауабын дәптерлеріне жазып, оларды сабақта қолдану керектігін түсінген соң,

айтылым тапсырмасына көшті. Бұл тапсырмада көшбасшылық екінші оқушыға (В деңгейлі) ауысатыны ескертілді. В оқушылар тапсырманы орындауды өзара үлестірді. Бір топта барлық мүшелер келіссе, екінші топта өз уәждемелерін айтып, тапсырманы топта талқылып, ауыстырып алып жатты. Әр топтағы В деңгейіндегі оқушылардың көшбасшылығы әртүрлі көрініс берді.

Бағалау критерийі алдын-ала ұсынылды.

Сол критерийге сай жұмыс жасалынды. Тапсырманы орындау барысында кей оқушыларда сұрақтар туындады, оны дайын білім ретінде ұсынбай, көшбасшы оқушыға бағыттап, оны қолдау, білмеген тұсын бағдар беру арқылы жауабын айтқызуға тырыстым. Көшбасшылығын жақсы орындап жатқандығын айту арқылы оқушының сенімділігі нығайтылды.

«Сыншылар» тобындағы фокустағы В оқушы өзіне сенімсіздік танытып, топ мүшелеріне үлестіріп бере алмады, қалған мүшелер өз деңгейлеріне сай тапсырманы таңдап алды, ол өзіне қалған В оқушының тапсырмасын еш қарсылықсыз алды. Топ мүшелеріне қолдау көрсете алмады, яғни өзіне тиесілі көшбасшылықты танытпады. Тек өзінің тапсырмасын уақытылы орындап, мақалды тиімді қолдануды мақсат еткендігі көрінді. Тапсырманы орындауына кедергі жасағым келмегендіктен, тапсырма үлестіру кезеңінде

топ мүшелерінен қандай қолдау қажет екендігін сұрағанымда, барлығы түсінікті, еш кедергісіз уақытылы орындайтындықтарын айтты.

«Кеңесшілер» тобындағы фокустағы А оқушы
В оқушының тапсырма үлестіруіне бастапқы кезеңнен келісті, бірақ ол оқушының қолдауын қажет етпеді. Тапсырманы еш қиындықсыз, уақытылы орындап, тіпті топтағы С оқушыға көркемдегіш құралды орынды қолдануына бағыт-бағдар берді. Сабақ барысында ұсынылмаған өзі білетін мақал-мәтелді орынды қолдана білді. В оқушының өзін бағалауына, яғни «жетті» бағасына толықтай келісті, көшбасшы оқушыға топтың әр мүшесіне кері байланыс, ұсыныс айту берілгенде А оқушының алдағы уақытта жетілдіретін тұсы жоқтығын айтты.

«Оптимистер» тобындағы фокустағы С оқушы
тапсырманы орындау барысында көшбасшылық таныту тапсырылған В деңгейлі оқушыға жүгінді. Кей сөздердің лексикалық мағынасын түсінбеуде сөздікке сүйенді, алдағы сабақтарға қарағанда бұл оқушының жан-жақты іздену, білмегенін жасырмай, талқылау арқылы білуге құмартқанын барлық зерттеуге қатысқан ұстаздар аңғарды. Тапсырманы орындау кезеңінде әдеттегідей дәптерге жүгінбей, барлық тапсырманы айтылым негізінде орындай алды. Оқыту процесінде жоспарлаған іс-әрекеттердің көпшілігі көрініс тапты, тіпті күткен нәтижеден асқан тұсы да, күткен

нәтижеден сәл төмен тұсы да орын алды. Мысалы, айтылымнан кейінгі тапсырмада тақырыпқа сай 1 құрмалас сөйлемді **«Егер... онда... өйткені» әдісі** арқылы жинақтап айтуда А оқушы тосылып тұрғанда, С оқушы **«Егер мен супермаркетке барсам»** деп кенеттен бастап кетті, В оқушы жалғастырып, А оқушы аяқтады. Бұл сабақтың басынан С деңгейіндегі оқушыға сенімділік танытып, көшбасшылығын, өзге оқушылардан еш кем еместігін көрсетудің нәтижесі деп түсінуге болады.

Ең жақсы өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты)

1. Оқушылардың деңгей бойынша таңдап, орындаған тапсырмаларының ішінен ең үздіктерін анықтауы, Өзара пікірталасқа қатысқаны, салыстырғаны, өзара бағалағаны сәтті шықты, өз –өздерін бағалады, бір- бірін бағалады, ортақ шешімге келді.

2. Тапсырманың жеңілден ауырға қарай жүйелі құрылуы, шығаршылыққа бағытталуы; Керібайланыс өте жақсы жүрді. Оқушылар деңгейлік тапсырмаға құрылған сабақ екенін сабақ соңында білді.

Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқытуға және үйренуге қатысты)? *1. Топтық жұмыстардан білім алу арқылы зейінін тұрақтандыруға арналған тапсырманы белгілі бір*

стратегия бойынша нақтылай түскенде.

2. ABC деңгейлі оқушылардың бір-бірінен үйренуі үшін араласқан тапсырмалар беру, деңгейлерді араластыру.

Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпаратты білдім?

Әр түрлі деңгейдегі оқушыларды араластыру қажет немесе С деңгейлі оқушыны В деңгейлес оқушылармен, В деңгейлі баланы А деңгейлес оқушылармен бір топқа түсіру және тапсырманы түрлендіру керек деп ойлаймыз.

Үш цикл аяқталған соң мұғалімдердің бірлесуімен Lesson Study қорытындыланды. Нәтижесінде жалпы сыныптағы әр түрлі деңгейдегі оқушылар бойынша өзгерістерді анықтап, төмендегідей қорытынды жасалды:

1-зерттеу сабағы бойынша нәтиже және ұсыныстар:

Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер Т-2 оқу тобындағы оқушылардың сөздік қорын молайтуға бағытталды. Сабақта сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, оқушыларды бірлесіп жұмыс істеуге, өз беттерінше ізденуге, шығармашылыққа баулыды. Сабақ жоспарға сай жүйелі түрде өтті, сабақ мақсатына жетті. Бақылау нәтижесінде ұсыныстар берілді:

Оқушылардың топпен бірлесе жұмыс жасау дағдысын жетілдіру керек, себебі топта барлық

бала бірдей жұмыс атқармайды. Топ белсенділерінің тасасында қалып қояды. Топпен жұмыс істеуді дамыту керек. Фокустағы оқушылар А деңгейлі оқушыға және В деңгейлі оқушыға жеке жұмыстар мен жұптық жұмыстар орындату арқылы сөздік қорын көркемдік тәсілдер арқылы дамыту, ал С деңгейлі оқушыға тарауға қатысты жаңа сөздерді көбірек жаттатып, сабақта жаңа сөздерді, олардың синонимдік қатарын қолдануды үйрену керек. Сол себепті келесі зерттеу сабағын жоспарлау барысында осы ұсыныстарға сай тапсырмалар жоспарлану ұсынылды.

2-сабақтың нәтижесі бойынша:

Сабақ жүйелі түрде өтті, сабақ кезеңдері сақталып, өзара байланыста болды. Оқушылар жаңа сабақты игерді, уақыт тиімді пайдаланылды, оқушыларды топқа бөлудегі әдіс өте тиімді болды. Оқушылар жұпта жұмыс жасап, бір-бірін бағалай алды. Оқушы мен мұғалім арасында тығыз қарым-қатынас орнады, сабақ мақсатына жетті.

Ұсыныстар: Оқушылардың жұпта жұмыс істеуі әлі де толық жетілмеген, себебі, жұпта барлық бала бірдей жұмыс атқармайды. Өзіне сенімсіз оқушыларға, мінезі тұйық, тілдік барьері бар оқушыларға тапсырмалардың өзге формаларын ұсыну. Зерттеу нысаны болған үш деңгейдегі оқушылар туралы қорытынды.



3-сабақ нәтижесі бойынша:

Үлгерімдері жоғары, орта және төмен деңгейдегі үш оқушылардың іс-әрекетінде өзгерістердің болуын, не болмауы талқыланды. Бірлескен топ мүшелері сабақ бойы осы үш оқушының іс-әрекетін бақылай отырып, төмендегідей қорытынды шығарды.

А деңгейлі оқушы қабілеті, дарындылығы жоғары болғанымен, топта, жұпта, сыныпта бірлесе жұмыс жасаудан, жауапкершілік алудан бас тартатын. Оны сабақ барысында бақылаған мұғалім, Жүнісов Д. төмендегідей қорытынды жасады: *«Сабақ тақырыбын болжауда белсенділік танытты. Түсіндірме сөздікпен жұмыс жасауда дұрыс жауап берді. Тапсырманы орындау кезеңінде көркемдік тәсілдерді орынды қолдана алды. Бағалаушыдан жоғары жауап берді. Қорытынды кезеңде көңілге қонымды жауап берді. Жалпы бағалауда көшбасшылық танытты».*

В деңгейдегі оқушыны Қасенова Г.И. бақылады. *«Жаңа сөздердің аудармасын табуда баяу қимылдады, тұрақты тіркестің мағынасын*

табуда қиналды. Көшбасшы оқушы мен пән мұғалімінің қолдауымен тапсырманы сәтті орындады. Сабақтың қорытынды бөлімінде ерекше белсенділік танытып, рефлексияны сауатты бере алды. Болашаққа бағдар ретінде өзіне қай тұстарын жетілдіру қажеттігін де атап өтті».

С деңгейдегі оқушыны Өксікбаева Г. фокуста зерттеді. Бақылауын төмендегіше тұжырымдады: *«А деңгейлі оқушыны бағалау тапсырылғанда өз сөзіне анықтама сөздік арқылы түсініктеме тауып алып, бағалады. Бұл іс-әрекет – алдыңғы екі сабақтың жүйелі әрі тиімді жоспарлағанының белгісі. Себебі С деңгейлі оқушы ешкімнің қолдауынсыз өздігінен білім алуға дағдыланғаны анықталды. Түсінбеген тұстарын ашық диалогқа түсе отырып, өз ойын еркін жеткізді. Қорытынды бөлімде ерекше белсенділік танытып, тапсырманы бірінші болып бастады. Сынып оқушыларының да ол оқушыға деген оң көзқарасы, ықыласы сезілді».*

Зерттеу нәтижесінде байқалғаны:

Фокустағы үш оқушының, яғни *А деңгейлі оқушы, В деңгейлі оқушы және С деңгейлі оқушы*да біршама оң өзгерістер болғаны анықталды. Зерттеу тобының орыс сыныптарындағы оқушылардың сөздік қорын молайтудағы мақсаты айқын көрініс берді.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс


Ә.ТАСБОЛАТ,
Сарыағаш ауданының
№4 мамандандырылған
мектеп-интернатының
қазақ тілі мен әдебиеті
мұғалімі.
 ОҚО, Сарыағаш қаласы

ҚАЗАҚТЫҢ БИ-ШЕШЕНДЕРІ


| | |
|--------------------------------|---|
| Оқу мақсаттары | Оқушыларға қазақ ұлттық шешендік өнері және оның жанрлық, мазмұндық ерекшеліктерін, би-шешендердің рухани мұрасын жан-жақты таныту; сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту; функционалдық сауаттылығын арттыру. |
| Күтілетін нәтиже | Барлық оқушылар: қазақ шешендік өнерінің жанрлық, мазмұндық ерекшеліктері, би-шешендер өнернамасы туралы біледі. |
| | Көпшілік оқушылар: шешендік өнердің маңызы, қазақ би-шешендерінің өнернамасы, шешендік сөздердің құрылымы мен көркемдік бітіміне өздігінен мысалдар келтіре алады. |
| | Жекелеген оқушылар: қазақ ұлттық шешендік өнері, би-шешендердің рухани мұрасы және оның бүгінгі таңдағы маңызы жайында өмірмен байланыстырып, шығармашылық тапсырмаларды еркін орындайды. |
| Білім беру құндылықтары | «Мәңгілік ел» жалпықағамдық құндылығы: <i>Мәдениет, тіл мен тарих бірлігі</i> <i>*Жалпы құндылықтар (тәрбиелік элементтер):</i> <i>* Өзара құрмет және ынтымақтастық</i> <i>* Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік</i> <i>* Өмір бойы білім алу</i> <i>Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың жеке, жұптаса, топтаса отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу, өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады.</i> |

| | |
|--|--|
| Пәнаралық байланыс | Мәдениеттану, тарих, әдебиет, саз өнері |
| Жетістік критерийлері (т а б ы с өлшемдері) | Жеке шығармашылық тапсырмалардың табыс өлшемдері: 1). шешендік сөздер тақырыбын жақсы меңгерген; 2). шешендік сөз үлгілерін интерпретациялайды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Топтық тапсырмалардың табыс өлшемдері: 1). оқушы шешендік сөздің жанрлық ерекшеліктерін ажыратады; 2). шешендік сөз үлгілерін жатқа мәнерлеп айтады; 3). тақырып бойынша әр түрлі деңгейдегі жеке және топтық тапсырмаларды орындай алады. |
| Т і л д і к мақсаттар | Сұрақтарға жауап беру барысында менің ойымша, менің пайымдауымша, өз сөзімді қорытындыласам... т.б. пайдалы тіркестерді қолданады. |
| Алдыңғы білім | Шешендік сөздің жанрлық ерекшеліктері. |
| Модульдер | АКТ (ақпараттық коммуникативтік технология) – сабақ барысында қолданылатын тұсаукесер, бейнебаян, тірек сызбалар т.б.; СТО (сын тұрғысынан ойлау) – іздендіру бағытындағы әрқелкі тапсырмаларды орындау барысында; ОЖЕ (оқушылардың жас ерекшеліктері) – тапсырмаларды ЖЕ сай іріктеу, ұсыну кезінде; ТжДОЖ (талантты және дарынды оқушылармен жұмыс) – А деңгейлі оқушылармен жеке жұмыс, шығармашылық тапсырмаларды орындауда; ОБЖК (оқытуды басқару және көшбасшылық) – топтық тапсырмалар кезінде; ОУБжОБ (оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау) – өзін-өзі бағалау, топтық бағалау, «Бес саусақ»; ДО (диалогтік оқыту) – сабақ барысындағы тапсырмаларды орындауда жүзеге асырылады. |
| Бағалау | Өзін-өзі (ӨӨБ), жеке (Ж), топтық (ТБ) |

| | | |
|-----------------------------------|---|--|
| Әдіс-тәсілдер | Психологиялық тренинг, «Иә-жоқ» стратегиясы, интерактивті тапсырмалар, СТО, ЖИГСО, ассоциация, «мендік пікір» т.б. | |
| Тірек сөздер мен тіркестер | Риторика, шешендік сөз, би-шешендер, көркемдік тәсілдер т.б. | |
| Жоспар | | |
| У а қ ы т т ы жоспарлау | Сабақтың жүрісі | Ресурстар |
| Сабақтың басы (2 минут) | <p>Ұйымдастыру кезеңі. Тренинг: оқушылар мұғалімнің белгі беруіне қарай «бір» дегенде оң қолын, «екі» дегенде сол қолын жоғары көтереді, «үш» дегенде екі қолын бір-біріне соғады. Бұл жаттығу үш рет қайталанады. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастырылады.</p> <p>Оқушы үні: «Бүгінгі сабақтан не күтемін?» ***</p> <p>Бағалау парақтарын тарату. Мұғалім түсіндірмесі.</p> | <p>9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы</p> |
| С (2 минут) | | Хрестоматия |
| Ортасы (3 минут) Ж |  <p>1-қадам. Өткен сабаққа оралу. Иә” немесе “жоқ” стратегиясы</p> <p>1. Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиеті саласына жата ма?</p> <p>2. Шешендік сөздердің елге белгілі адамдарға қатысы бар ма?</p> <p>3. Шешендер мен билердің сөздері жазылып сақталған ба?</p> <p>4. Шешендік сөздер тек дауларға байланысты ғана туған ба?</p> | Қима қағаздар |

| | | |
|--|---|---|
| | <p>5. Шешендік сөзде халықтың тіл байлығы байқала ма?</p> <p>6. Айтушылары ұмыт болған шешендік сөздер кездесе ме?</p> <p>7. Шешендік сөздерді аталы сөз деуге бола ма?</p> <p>2-қадам. Бейнекөрініс бойынша сұрақтар (оқушыларға 8-сынып кезінде тосыннан түсірілген бейнекөрініс ұсынылады.)</p> <p>1. Бейнесюжет түсірілген уақытты анықтандар. 2. Сендерге қай кейіпкер көбірек ұнады? Неліктен? 3. Баланың жауабынан шешенге тән қандай қасиеттерді байқадыңдар? 4. Шешенге тән ең басты бес қасиетті санамалап көрсетіндер.</p> <p style="text-align: center;">***</p> <p>3-қадам. Жаңа тақырыпқа жол. Оқушыларға аудиоматериал ұсынылады. (А.Янушкевичтің «Қазақ даласындағы күнделігі мен хаттары» атты еңбегінде қазақтар туралы пікір экранда келтіріліп, дыбысталады.)</p> <p>«...Осының бәрін мен дүние жүзі тағы және жабайы санайтын, далада көшіп жүретін халықтың ортасында өз құлағыммен тыңдадым ғой! Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры есітпеген шешендерге таңқалып, қол соққанмын. Ал бүгін оқи да, жаза да білмейтін ақындар менің алдымда өнерлерін жайып салды. Олардың жыры жанымға жайлы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады, сонысымен өзімді тәнті етті. Сонда бұлар тағы, жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған,</p> |  <p>Презентация</p> <p>«Бес дәлел» қолжазба жинағы</p> <p>Тірек сызба</p> <p>Бейнесюжет</p> <p>«Шешендік сөздер» «Ел аузынан» «Бабалар сөзі» т.б.</p> <p>Плакаттар</p> <p>Желім</p> <p>Стикерлер</p> |
|--|---|---|

| | | |
|--|---|---|
| | <p>2. Үш оқушы шешендік сөз үлгілерін бір-бірін қайталамастан, жатқа мәнерлеп айтсын. 3. Шешендік сөздерге тән көркемдік тәсілдерге 3 мысал келтіріңіздер. 4. «Мендік пікір» стратегиясы. Сізге әсер еткен шешендік сөздерге байланысты қысқаша пікір білдіріңіздер. Бір оқушының пікірі: <i>Мені сүйсіндіргені...</i> деп басталсын. Келесі оқушының пікірі: <i>Мені өкіндіргені...</i> деп басталсын.</p> <p> «Шанырақ» суреті құрастырылған топқа:</p> <p>1. Ассоциация. Өздеріңіз құрастырған пазлдағы суретті қазақ ұлттық шешендік өнерімен байланыстырып, 3-4 сөйлеммен ауызша баяндаңыз. 2. Үш оқушы шешендік сөз үлгілерін бір-бірін қайталамастан, жатқа мәнерлеп айтсын. 3. Шешендік сөздердің жанрлық ерекшеліктеріне 3 мысал келтіріңіздер. 4. «Мендік пікір» стратегиясы. Сізге әсер еткен шешендік сөздерге байланысты қысқаша пікір білдіріңіздер. Бір оқушының пікірі: <i>Мені қинағаны...</i> деп басталсын. Келесі оқушының пікірі: <i>Мені жігерлендіргені...</i> деп басталсын.</p> <p> «Фемида» суреті құрастырылған топқа:</p> <p>1. Ассоциация. Өздеріңіз құрастырған пазлдағы суретті қазақ ұлттық шешендік өнерімен байланыстырып, 3-4 сөйлеммен ауызша баяндаңыз. 2. Үш оқушы шешендік сөз үлгілерін бір-бірін қайталамастан, жатқа мәнерлеп айтсын.</p> |  |
|--|---|---|

| | | |
|--|---|--|
| | <p>3. Қазақтың 10 би-шешенінің есімін атап шығыңыз. 4. «Мендік пікір» стратегиясы. Сізге әсер еткен шешендік сөздерге байланысты қысқаша пікір білдіріңіздер. Бір оқушының пікірі: <i>Менің тілегім...</i> деп басталсын. Келесі оқушының пікірі: <i>Мені қызықтырғаны...</i> деп басталсын. ***</p> <p>Жеке оқушыларды үш топтың мүшелері, ал топ мүшелерін бастапқы жеке тапсырма орындаған оқушылар бағалайды. Барлық бағалар әр оқушының бағалау парағына қойылады.</p> <p>Түйінді сөз</p> | |
| <p>Сабақтың соңы (5 минут)</p> <p>Мұғалімнің жеке бағалауы</p> <p>Рефлексия</p> | <p>Кері байланыс. «Бес саусақ» әдісі.</p> <p></p> <p>Балалар параққа алақандарын қойып, оны қаламмен айналдырып сызады. Осыдан соң олар сабақ туралы мынадай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:</p> <p>1. «Бас бармақ» – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?</p> <p>2. «Балаң үйрек» – бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім?</p> <p>3. «Орған терек» – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?</p> <p>4. «Шылдыр шүмек» – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?</p> <p>5. «Кішкентай бөбек» – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалай сезіндім?</p> | |


| Қосымша ақпарат | | |
|--|--|---|
| <p>Дифференциация. Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз? Сабақ соңында жеке тапсырманы орындау барысында оқушыларға мәтін талдау негізінде сараланған тапсырмалар ұсынылады. Ал қолдауды қажет ететін оқушылар үшін әр тапсырма барысында етелу үшін сұрақтар беріп, бірден нәтижеге тезірек әрі сапалы түрде қол жеткізу мақсатында дарынды оқушылармен топтастырамын. Қабілеті жоғары оқушылар топтық жұмыс барысындағы әңгіме-зерттеу барысында көшбасшылық қасиеттерін көрсете алады.</p> | <p>Бағалау – Оқушылардың тақырыптықаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? Әр тапсырма соңында оқушылар кейде мұғалім тарапынан «жарайсың, өте керемет» сөздері арқылы бағаланса, бірде «жұлдызшалар» арқылы бағаланады. Сондай-ақ оқушылар бір-бірін «бас бармақ» әдісі арқылы бағаласа, бірде оқушы өзін-өзі бағалайды.</p> | <p>Пәнаралық байланыс Мәдениеттану, тарих, әдебиет, саз өнері АКТ-мен байланыс: Бейнебаян, презентация Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) Сабақтың өн бойы «құрмет», «азаматтық жауапкершілік» құндылықтарына негізделген. Сабақтың соңында бүгінгі сабақтың тақырыбымен сәйкестендіріле осы құндылықтар бойынша қорытынды ой айтылады.</p> |
| <p>Рефлексия Сәтті шыққан тұстары:</p> | | |
| <p>Сәтсіз тұстары:</p> | | |

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

З. Х. ЕСЕНҒАЛИЕВА,
Ш.Уалиханов атындағы
негізгі орта мектебі.
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы,
Шортанбай селолық округі,
Жасталап ауылы

ТІЛ – ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ

| | |
|---|---|
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 5.05. Тірек сөздер мен ұсынылған суреттер арқылы тақырыпты болжау; 505.Т/А. Әртүрлі жанрдағы мәтінді талдау. |
| Сабақ мақсаттары | Барлығы: мәтіннің мазмұнын түсінеді, берілген ақпарат бойынша деректер мен көзқарасты ажырата біледі, дыбыстардың жіктелісін үйренеді; Көбі: тақырыпты меңгереді, әдістер арқылы жұмыс жасай алады, белсенді жұмыс жасайды, топпен, жұппен жұмыс жасай алады. Кейбірі: өзіндік пікір білдіре алады, диалог құра алады, ақпараттарды анықтайды. |
| Күтілетін нәтижелер | Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін меңгереді, топпен жұмыс жасайды. |
| Тілдік бағдар | Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі |
| АКТ қолдану дағдылары | Тақырыпқа қатысты слайд |
| Оқыту әдістері | «Сәлемдеме жіберу», «Шапалақ пен бас аяқ», постер құру, «Даналықтың кілттері», «Пантомима» әдісі, «Сикырлы қоржын» әдісі, “3 Қ” стратегиясы, «Веер» әдісі. |
| Сабақ барысы | |

| | | |
|--|--|--|
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс - әрекет | Оқушының іс - әрекеті |
| Сабақтың басы | <p>1. Ұйымдастыру. Сабақтың басы. Сабақтың тақырыбын айту және мақсатын қою. Топқа бөліну «Сәлемдеме жіберу» әдісі Дыбыстар деген сөзді 3 түрлі (кызыл, сары, көк) қағаздарға ораймын. Оқушылар әуен ойнап жатқанда оралған затты сынып ішінде береді; музыка тоқтаған кезде, оқушы бір қабатын ашады. Әр қабатқа тақырыпқа қатысты бір әріп жазылған, оқушылар қағазды ашып, әріпті дауыстап айтады, одан кейін оралған затты әрі қарай береді. Осылайша заттың орамасы біткенше жалғасады. Нәтижесінде бүгінгі сабақтың тақырыбы ашылады және оқушылар 3 түрлі қағаз бойынша топқа бөлініп отырады.</p> |  <p>«Сәлемдеме жіберу» әдісі арқылы топқа бөлінеді.</p> |
| Сабақтың ортасы | <p>Тыңдалым. 1 - тапсырма. Мәтінді ұнтаспадан тыңдап, ақпараттарды есіңе сақта. Тыңдалған мәтіндегі ой не жайында? Негізгі ойды жеткізіп тұрған қандай сөздер? Айтылым. Ойтүрткі 1. Тіл неліктен құралға жатады? 2. «Тіл - қарым - қатынас құралы» дегенді қалай түсінесің? Жазылым. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі» тақырыбына әр топ постер құрып, тақырыпты түсіндіреді. I-топ. Қазақ әліпбиі; II-топ. Дауысты дыбыстар; III-топ. Дауыссыз дыбыстар.</p> | <p>Мәтінді тыңдап, ояларын білдіреді.</p> <p>Постер құрып, бағалау критерийіне сай әр топ бірін – бірі бағалайды.</p> |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|--|-------------------------------|------------------------------|------------------------------|-------------------------------|------|---------|------|--|-------|---------|--|--|--------|------------------------|------------------------|--|--|---|
| p/c | Бағалау критерийі | Ұпай саны | Ширату жаттығуын орындайды. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 1. | Тақырыпты ашу. | 10 | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 2. | Графикалық организерлерге жазып безендіру. | 5 | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 3. | Сауатты қорғау | 5 | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| <p>Ширату жаттығуы. «Шапалақ пен бас аяқ» Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге баулу. Барысы: мұғалім дауысты дыбысты айтса оқушылар шапалақ, дауыссыз дыбысты айтса аяқпен жерді соғады. «Даналықтың кілттері» әдісі 3-топ таңдаған кілттеріне орай тапсырмалар орындайды: «Диалог» кілті. 3-тапсырма. Айтылым - диалог. Суреттерге қарап, «Тіл - қарым - қатынас құралы» деген тақырыпта парталастарыңмен шағын диалог құрыңдар. «Теріп жазу» кілті. 7-тапсырма. Оқылым мәтіндегі дауысты дыбыстарды теріп алып, оларды мына кесте бойынша толтыр.</p> <table border="1" data-bbox="1244 899 1642 1020"> <tr> <td data-bbox="1244 899 1391 982">Тілдің қатысына қарай</td> <td data-bbox="1391 899 1538 982">Жақтың қатысына қарай</td> <td data-bbox="1538 899 1642 982">Ерiннiң қатысына қарай</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1244 982 1391 1020">жуан</td> <td data-bbox="1391 982 1538 1020">жiнiшке</td> <td data-bbox="1538 982 1642 1020">ашық</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1244 1020 1391 1050"></td> <td data-bbox="1391 1020 1538 1050">кысаң</td> <td data-bbox="1538 1020 1642 1050">ерiндiк</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1244 1050 1391 1081"></td> <td data-bbox="1391 1050 1538 1081"></td> <td data-bbox="1538 1050 1642 1081">езулiк</td> </tr> </table> <p>«Ақпарат» кілті. 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Не туралы айтылған? Ана тілінің адам өміріндегі рөлі қандай? Тіл не үшін қызмет етеді? Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты тап.</p> <table border="1" data-bbox="1244 1202 1642 1277"> <tr> <td data-bbox="1244 1202 1460 1232">Негізгі ақпарат</td> <td data-bbox="1460 1202 1642 1232">Қосымша ақпарат</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1244 1232 1460 1277"></td> <td data-bbox="1460 1232 1642 1277"></td> </tr> </table> | | | Тілдің қатысына қарай | Жақтың қатысына қарай | Ерiннiң қатысына қарай | жуан | жiнiшке | ашық | | кысаң | ерiндiк | | | езулiк | Негізгі ақпарат | Қосымша ақпарат | | | «Даналықтың кілттері» әдісімен тапсырмаларды орындайды. |
| Тілдің қатысына қарай | Жақтың қатысына қарай | Ерiннiң қатысына қарай | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| жуан | жiнiшке | ашық | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | кысаң | ерiндiк | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | езулiк | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Негізгі ақпарат | Қосымша ақпарат | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

ҒАЛАМТОР ЖӘНЕ КІТАП

| | | | | | | | | | | | |
|----------------------|--|---|-------|---------|-------------|-------------|-------------|--|--|--|--|
| | Оқушылар өздерін «Пантомима» әдісімен бағалайды. Тапсырманы түсініп, жақсы орындадым десе-екі қолын жоғары көтереді; Тапсырма мен үшін қиын болды десе-басын төмен салбыратады; Тапсырма мен үшін түсініксіз болды, ұнамады десе-екі қолымен бетін басады. | «Пантомима» әдісімен бағалайды. | | | | | | | | | |
| Сабақтың соңы | «Сикырлы коржын» әдісі Оқушылар әріптерді таңдап алып, екі түсті коржынға көк түске (дауысты дыбыстарды), қызыл түске (дауыссыз дыбыстарды) жинайды. Мұнда оқушылардың сабақты қаншалықты меңгергендігі көрініп отырады. | «Сикырлы коржын» әдісімен сабақты бекітеді. | | | | | | | | | |
| Үйге тапсырма | 8-тапсырма. Оқылым мәтінінен дауыссыз дыбыстарды тауып, төмендегі кестеге толтырыңдар. «Веер» әдісі арқылы, оның әрбір бөліктеріне дауыссыз дыбыстардың жіктелісін бөліп жазу. Эстетикалық талғамға сай, сауатты орындалуы тиіс. | Үйге тапсырма алады. | | | | | | | | | |
| | <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td>Қ а т а н</td> <td>Ұ я н</td> <td>Ү н д і</td> </tr> <tr> <td>дауыссыздар</td> <td>дауыссыздар</td> <td>дауыссыздар</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> | Қ а т а н | Ұ я н | Ү н д і | дауыссыздар | дауыссыздар | дауыссыздар | | | | |
| Қ а т а н | Ұ я н | Ү н д і | | | | | | | | | |
| дауыссыздар | дауыссыздар | дауыссыздар | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| Рефлексия | “3 Қ” стратегиясы * Бүгінгі сабақта не қызық болды? * Бүгінгі сабақта не қиындық келтірді? * Бүгінгі сабақта не қажет болды? | “3 Қ” стратегиясымен рефлексия жасайды | | | | | | | | | |

| | |
|------------------------------------|--|
| Оқу мақсаты: | 7.1.5.1 /Т/А/- проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау. 7.3.5.1 /Ж/- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу. |
| Сабақтың мақсаты | <ul style="list-style-type: none"> • Сұрақтарға жауап беру арқылы, көтерілген мәселені анықтайды, дәлелдер келтіреді; • Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдің мағынасын ашады; • Тірек сөздер арқылы негізгі ақпаратқа сүйене отырып, мәтін құрады. |
| Тілдік мақсаттар | Ғаламтор, гаджет, компьютер, кітап |
| Құндылықтарға баулу | Рухани байлық |
| Бағалау критерийі | <ul style="list-style-type: none"> • Жетекші сұрақтар арқылы тақырыпқа қатысты өз ойын білдіреді, кітаптың пайдасын айтады; • Мақал-мәтелдің мәнін таратып айтады; • Іріктелген ақпараттар негізінде мәтінді өз сөзімен баяндайды. |
| Пәнаралық байланыс | Тарих, информатика |
| Тақырып бойынша алдыңғы оқу | Ғаламтор туралы біледі |
| Сабақ барысы | |

| | | |
|---------------------------------|---|---|
| Сабақтың жоспарланған кезендері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Әдістері |
| Сабақтың басы 5 минут | <p>Топқа бөлу. Әлеуметтік желілермен бөлінеді. Тыңдалым алдында сурет ұсынылып оқушылар топта талқылайды.</p>  <p>- Бұл суреттен нені көріп тұрмыз? - Суреттегі қай баланың әрекеті дұрыс деп ойлайсыз? - Ғаламтордың пайдасы мен зияны қандай?</p> | « О й козғау» ФБ «Қол шапалақ- тау» |
| Сабақтың ортасы 7 минут | <p>Мәтінді мұқият тыңдап, топтасып талқылап, негізгі ойды анықтаңыз.</p> <p>- Мәтіннің сабақ тақырыбымен байланысы бар ма? - Қандай мәселе көтеріліп отыр? - Кітап оқу жағынан алдыңғы қатардағы елдер? - Елімізде кітап оқушылар саны неге аз?</p> <p>1.) Мәтін бөлігіндегі қарамен жазылған сөздердің синонимін тауып, «Кітап, ғаламтор» сөздеріне синквэйн құрады.</p> <p>- мәтінмен танысады; - негізгі мәліметті анықтайды; - сөздерді сипаттайды.</p> | Аудио материал «Топтық әңгіме» Ф Б «Мұғалім мадақтауы» |

| | | |
|--|--|--|
| | <p>2). Оқылған мәтін ішінен тірек сөздерді тауып, әлеуметтік желілер туралы мәлімет беру. Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтін бөлігімен танысады; - тірек сөздерді табады; - әлеуметтік желілер туралы ақпарат береді. <p>3). Кітап туралы мақал-мәтел құрау.</p> <ul style="list-style-type: none"> - мақал тауып айтады; - мәнін ашады; - екі тілде сөздердің аудармасын табады; <p>4). Мәтін бөлігінен есімше, көсемше жұрнағы жалғанған сөздерді тауып, талдаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтін бөлігін оқиды; - есімше, көсемше жұрнақты сөздерді табады; - сөздерге морфологиялық талдау жасайды. <p>3). Берілген тірек сөздер арқылы «Ғаламтор әлде кітап» тақырыбына мәтін құраңыз. <i>Ғаламтор, кітап, пайдалы, зиян, қызықты, денсаулық, тәуелділік, сөзін қор, орынды пайдалану, есте қалу.</i></p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Негізгі ақпараттарды қолданып, жинақы мәтін құрайды. - құрауда ойын жүйелі жеткізеді; - Өз көзқарасын білдіреді. <p>Жұмыстарын топта талқылап, үздігін ұсынады.</p> | АКТ (ноутбук, ұялы телефон) « Е р к і н жауап» « М ә т і н құрау» Ф Б «Смайлик арқылы» |
|--|--|--|

| | | |
|-----------------------------|---|-----------------------------------|
| Соңы 2 минут | - Сонымен, кітап оқу маңызды ма? - Ғаламтор болмаса, не болар еді? | ФБ «Мұғалім мадақ- тауы» |
| Кері байланыс минут |  | «Өзін -өзі бағалау» |
| Үйге тапсырма 2 минут | 12-тапсырма, 102-бет. | |



Б. ҚҰЛАНБАЕВА,
«Ж.Құдайбергенов атындағы
орта мектебі мектепке дейінгі
шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінде қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Ұйғыр ауданы



ОРТАҚ ЕТІС. ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС

| | |
|---|--|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | 6. Т/А 3. Тындалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау. 6. Т/А 4. Мәтіннің құрылымды ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау. 6. О.3. Қазақша ауызекі сөйлеу әрекеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату. 6. Ж. 4. Эссе жазу. 6. ӘТН 4. 2 Етістіктің етіс түрлері мен сабақты салт етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және тілдесім барысында қолдану. |
| Сабақтың мақсаттары: | Барлық оқушылар орындай алады: Тындалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, детальді ақпаратты анықтайды. |

| | | | |
|---------------------------------|---|-------------------------------|--------------------------|
| | Оқушылардың көпшілігі: Қазақша ауызекі сөйлеу әрекеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажыратады. Кейбір оқушылар: Етістіктерді пайдалана отырып, эссе жазады. | | |
| Тілдік мақсат | Оқушылар орындай алады: Сұрақтарға жауап береді, етіс түрлерін ажырата алады, жазбаша тапсырмаларда пайдалана алады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс. Талқылауға арналған сұрақтар: Қажымұқанның спорттық мансабының басталуына не себеп болды? Не себепті Қажымұқан «Черный Иван» аталып кетті деп ойлайсыз? Ым-нишара: бас изеу, басбармақ көрсету, қол шапалақтау. | | |
| Бағалау критерийлері | Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударып, негізгі ойды, детальді ақпараттарды анықтайды. Қазақша ауызекі сөйлеу әрекеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажыратады. Етістіктерді пайдалана отырып, эссе жазады. | | |
| Пәнаралық байланыс | Қазақ әдебиеті, тарих | | |
| Құндылық- тармен байланыс | Тапсырмаларды орындау барысында ұлы тұлғалардың бойындағы елжандылықты баули отырып, еліне деген патриоттық сезімдерін дарыту. | | |
| Алдыңғы оқу | Белгілі спорт шебері Қажымұқан Мұңайтпасов туралы ізденіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс туралы ақпарат жинау. | | |
| Жоспар | | | |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған түрлері | жаттығу | Ресурстар |
| Басы 5 минут | Сәлемдесу. Шаттық шеңбері. «Менің ең жақсы үш қасиетім» тренингін жүргізеді. | Сабаққа дайындық жасалады. | Қағаз киын- дылары |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|------------------------|--|------------------------|------------|------------------|--------------------------|-----------------------|------------------|----------------|---------------|------------|------------|----------|---------------------|--|
| | <p>«Пазл» әдісі арқылы оқушыларды төрт топқа бөлемін. Адам есімі жазылған қағаз қиындылары Амангелді Иманов, Қажымұқан Мұңайтпасов, И. Злобин, Генрих Веберд, Нұрлы, Қажытай Шалабаев.</p> <p>Оқу мақсаттарымен таныстырамын.</p> | | | | | | | | | | | | | |
| Ортасы | <p>1-тапсырма Жұптық жұмыс «Ойлан, жұптас, бірік» әдісін пайдаланамын.</p> <p>№20 аудионы тыңдайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Суреттерді мәтінмен қалай байланыстырар едіңдер, ой бөлісіндер. <div style="display: flex; justify-content: space-around;">    </div> <ul style="list-style-type: none"> • Тыңдалған мәтін мазмұнына сәйкес ат қойыңыздар, негізгі ойды анықтаңдар. • Бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңдер. <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 50%;">Жауырынын жерге тигізу</td> <td style="width: 50%;">Бой бермеу</td> </tr> <tr> <td>Тәубасына түсіру</td> <td>Танымал болу, атағы шығу</td> </tr> <tr> <td>Құлаққа ұрған танадай</td> <td>Орнына қою, жеңу</td> </tr> <tr> <td>Атағы жер жару</td> <td>Көп еңбектену</td> </tr> <tr> <td>Дес бермеу</td> <td>Жеңу, жығу</td> </tr> <tr> <td>Тер төгу</td> <td>Тып-тыныш, жым-жырт</td> </tr> </table> <ul style="list-style-type: none"> • Көркем сөйлеудің қандай ерекшеліктерін байқадыңдар, жазыңдар. <p>«Бағдаршам» әдісі арқылы кері байланыс жасатамын.</p> <p>2-тапсырма. Топтық жұмыс. «Уақыт тізбегі» әдісін пайдаланамын. Мәтін беріледі.</p> | Жауырынын жерге тигізу | Бой бермеу | Тәубасына түсіру | Танымал болу, атағы шығу | Құлаққа ұрған танадай | Орнына қою, жеңу | Атағы жер жару | Көп еңбектену | Дес бермеу | Жеңу, жығу | Тер төгу | Тып-тыныш, жым-жырт | <p>Аудио нұсқа</p> <p>Кесте, қағаз</p> <p>Бағдаршам суреті</p> |
| Жауырынын жерге тигізу | Бой бермеу | | | | | | | | | | | | | |
| Тәубасына түсіру | Танымал болу, атағы шығу | | | | | | | | | | | | | |
| Құлаққа ұрған танадай | Орнына қою, жеңу | | | | | | | | | | | | | |
| Атағы жер жару | Көп еңбектену | | | | | | | | | | | | | |
| Дес бермеу | Жеңу, жығу | | | | | | | | | | | | | |
| Тер төгу | Тып-тыныш, жым-жырт | | | | | | | | | | | | | |

| | | |
|--|--|---|
| |  | Мәтін |
| | <p>КҮШ АТАСЫ - ҚАЖЫМҰҚАН</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтінді оқыңдар, мазмұнын айтыңдар. • Мәтіндегі тірек сөздерді табыңдар, ой бөліктеріне бөліңдер. • Уақыт тізбегіне салыңдар. • Мәтіннен ырықсыз етістерді тауып, жасалу жолын көрсетіндер. <p>«Бас бармақ» әдісі арқылы кері байланыс жасатамын.</p> <p>3-тапсырма. Жеке жұмыс «Қос диаграмма» әдісін пайдаланамын.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Берілген етістіктерден 1 – диаграммаға ортақ етісті, 2-диаграммаға ырықсыз етісті салыңдар. <div style="text-align: center;">  </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;"> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 20%;">өткізілді</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 20%;">салысты</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 20%;">сұрасты</div> </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;"> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 20%;">жинасты</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 20%;">орнатылды</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 20%;">тұрғызылды</div> </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;"> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 20%;">бекітілді</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 20%;">айтысты</div> </div> <ul style="list-style-type: none"> • Белгілі бір спортшының өмірбаяны туралы ақпарат жинаңдар. • Эмблеманың (спорттық) алты тапсырмасын орындаңдар, ойларыңды жинақтап шағын эссе жазыңдар. | <p>Б а с бармақ суреті</p> <p>кесте</p> <p>Қағаз қиындылары</p> |

| | | |
|------------------------|---|--|
| |  <p>Эмблема сұрақтары: 1. Қажымұқанның спорттық мансабының басталуына не себеп болды? 2. Палуанның қажы атануының себебі не? 3. Не себепті Қажымұқан «Черный Иван» аталып кетті? 4. Палуанның «Жиырма төрт патшаның жерін басқам» деген сөзін қалай түсінесіңдер? 5. Қажымұқанның күрестегі жетістіктеріне басқа қандай әрекеттерін ерлік деп есептеуге болады? 6. Биылғы қысқы олимпиадада еліміз қандай жеңістерге жетті?</p> | |
| Соңы | <p>Жинақтау. Дара диаграмма</p>  <p>Кері байланыс. «Үш қадам» стратегиясы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бүгінгі сабақта не қызық болды? - Бүгінгі сабақта не қиындық келтірді? - Бүгінгі сабақта не қажет болды? <p>Рефлексия. Кейіпкерге хат (Қажымұқан туралы өз ойларын хат етіп жазып, бүгінгі сабақтан алған білімдері мен түсініктерін білдіреді).</p> | |
| Қосымша ақпарат | | |

| | | |
|---|--|--|
| <p>Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз, қабілетті оқушыларға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</p> | <p>Бағалау-оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p> | <p>Денсаулыққа және қауіпсіздік, АКТ - мен байланыс</p> |
| <p>Оқушыларға тапсырма беру барысында түсінікті нұсқау бере отырып, оқушыларға қолдау көрсетемін. Жұптық жұмыстар «Ойлан, жұптас, бірік» әдісін топтық жұмыста «Уақыт тізбегі» әдісін, жеке жұмыста «Дара диаграмма» әдісін пайдаланып, тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай түрлендіріп отырамын. Қабілетті оқушының деңгейіне қарай шығармашылық тапсырмалар беремін.</p> | <p>Барлық тапсырмалар дескрипторға сәйкес бағаланады. «Бағдаршам», «Бас бармақ», «Үш қадам» әдістерін пайдалана отырып, кері байланыс жүргізу арқылы балалардың білімін әр тапсырма сайын (Жеке, жұптық, топтық) жұмыстарын бағалап отырамын.</p> | <p>Оқушылардың партада дұрыс отыруына, АКТ жұмыс барысында техника қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерімен байланысты қағидаларды ескеремін. Оқушылардың бойына қарым-қатынас жасау қабілетін, сын тұрғысынан ойлау және өмір бойы құндылықтарын дамыту. Интернеттік ресурстарды тиімді пайдалануды қадағалаймын.</p> |
| <p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті? Қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім?</p> | | |

| | |
|--|----|
| Қорытынды бағалау жақсы өткен екі нәрсе (оқу мен оқытуға қатысты) 1: 2: Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқу мен оқуға қатысты) 1: 2: Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажетті болуы мүмкін қандай ақпарат білдім? 1: 2: | Ең |
|--|----|

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар
1-тапсырма
Жұптық жұмыс. «Ойлан, жұптас, бірік» әдісі

| Бағалау критерийі | Тапсырма | Дескриптор | Балл 12 | Мұғ. балы | Оқушы балы |
|-------------------|---|--|---------|-----------|------------|
| | 1. Мәтінді тыңдаңдар (№20) 2. Суреттерді мәтінмен байланыстырыңдар. 3. Мәтінге ат қойыңдар, ойды анықтай, сәйкестендіреді, көркем сөйлеу туралы тілдесім жасайды. | Мәтінді тыңдай алады. | 2 | | |
| | | Суреттерді мәтінмен байланыстыра алады. | 3 | | |
| | | Мәтінге ат қоя, ойды анықтай, сәйкестендіре алады. | 4 | | |
| | | Көркем сөйлеуге дағдыланады. Шағын тілдесім ұйымдас-тыра біледі. | 3 | | |

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар

2-тапсырма.
Топтық жұмыс. Уақыттар тізбегі» әдісі

| р/с | Бағалау критерийі | Тапсырма | Дескриптор | Жалпы балл 9 | Мұғ. балы | Оқушы балы |
|-----|---|--|---|--------------|-----------|------------|
| | Мәтінді оқиды, мазмұнын айтады, тірек сөздерді табады, уақыт тізбегіне салады, мәтіннен ырықсыз етістерді табады, жасалу жолын көрсетеді. | 1. Мәтінді оқыңдар, мазмұнын айтыңдар. 2. Мәтіндегі тірек сөздерді табыңдар. 3. Уақыт тізбегіне салыңдар. 4. Мәтіннен ырықсыз етістерді табыңдар, жасалу жолын көрсетіңдер. | Мәтінді оқиды, мазмұнын айта алады. | 2 | | |
| | | | Мәтіндегі тірек сөздерді таба алады. | 2 | | |
| | | | Уақыт тізбегіне сала алады. | 2 | | |
| | | | Мәтіннен ырықсыз етістерді таба отырып, жасалу жолын көрсете алады. | 3 | | |

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар
3-тапсырма.
Жеке жұмыс. «Қос диаграмма» әдісі

| р/с | Бағалау критерийі | Тапсырма | Дескриптор | Жалпы балл 8 | Мұғ. балы | О.-шы балы |
|-----|--|--|---|--------------|-----------|------------|
| | Берілген етістіктерден 1-диаграммаға ортақ етісті, 2-диаграммаға ырықсыз етісті салыңдар. 2. Ақпарат жинайды, орын-дайды, эссе жазады. | 1. Берілген етістіктерден 1-диаграммаға ортақ етісті, 2-диаграммаға ырықсыз етісті салыңдар. 2. Ақпарат жинаңдар. 3. Тапсырманы орындаңдар. 4. Эссе жазыңдар. | Берілген етістіктерден 1-диаграммаға ортақ етісті, 2-диаграммаға ырықсыз етісті сала алады. | 2 | | |
| | | | Ақпарат жинай алады. | 2 | | |
| | | | Тапсырманы орындай алады. | 2 | | |
| | | | Эссе жаза біледі. | 2 | | |

Сыныптан тыс шара

А.АБДИЕВА,
№85 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі.
Төретам кенті,
Қызылорда облысы

КЕЙІПКЕРЛЕР ӘЛЕМІ

(Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз»
романы бойынша)

Мақсаты: Оқушыларға жерлесіміз Ә.Нұрпейісовтің өмірі мен шығармашылығына шолу жасай отырып, Қазақстанның халық жазушысы, әлем оқырманына танымал жазушының «Соңғы парыз» романын талдау арқылы прагматизм, бәсекелік қабілет пен сананың ашықтығын дамыту, ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, әлемдік мәдениет көшіне ілесу, қазақ халқының рухани бай дүниесін паш ету. Көне Арал аймағының экологиялық зардаптарын, теңіздің тағдырын тамшыдай тап баса суреттей алған шығармашылығын талдау арқылы оқырмандық қызығушылықты арттыру, кейіпкерлерге мінездеме беру арқылы кейіпкерлер әлеміне саяхат жасау.

Көрнекілігі: Ә.Нұрпейісовтің портреті, нақыл сөздер, слайдтар.

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

а). Топтарға бөлу

Оқушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттеріне, сөз өнерінің ерекшеліктерін түсінуіне қарай 2 топқа бөлу:

I-топ: «Журналистер»;

II-топ: «Әдебиетшілер».

б). Психологиялық ахуал қалыптастыру:

«Аялы алақан»

Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту.

Нұсқаулық: Қатысушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сыныптан тыс жұмыстан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» – сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында қатысушылар дөңгеленіп қолдарын ұстайды).

Әбдіжәміл Нұрпейісов – ұлттық көркемдік ойымыздың көкжиегін кеңейтіп, қазақ әдебиетінде өзіндік орын алған халық жазушысы.

Слайд көрсету.

***Әбдіжәміл Нұрпейісов өмірі мен шығармашылығы.**

***«Соңғы парыз» романының қысқаша мазмұнын түсіндіру.**

Оқушылар негізгі тақырыппен танысады.



«Көшбасшы және тыңдаушылар» әдісі

Берілген жаңа тақырыпты түсіндіру үшін сыныптан өз еркімен бір оқушы Көшбасшы ретінде өзін ұсынады. Көшбасшының қалауынша мәтінмен жұмыс жүргізу.

– Әбдіжәміл Нұрпейісов туралы не білдіңдер? Ол туралы айтып беріңдер.

Қолдану;

«Ойланту»;

Постер қорғау.

I-топ: Арал теңізінің тарихы

II-топ: Арал теңізінің географиялық сипаттамасы

«Ойлан, жұптас, пікірлес»

I-топ: Жәдігерге мінездеме беру

II-топ: «Венн диаграмма» Жәдігер мен Әзімге салыстырмалы мінездеме беру

«Ойлан, тап!»

Әр топқа «Соңғы парыз» романынан үзінді мәтін беріледі.

I-топ: «Семантикалық карта» толтырады.

| Әңгіме иесі | Айтқан әңгімелер |
|-------------|------------------|
| | |
| | |
| | |

II-топ: «Тұжырым» кестесін толтырады.

| Кейіпкер сөзі | Жәдігер | Бәкизат | Әзім |
|---------------|---------|---------|------|
| | | | |

«Ой толғаныс»

I-топ: Жәдігерге хат жазу;

II-топ: Ойтолғау жазу: «Соңғы парыз».

«Ойлы сұрақ-жедел жауап»

Әр топқа «Соңғы парыз» романы бойынша **3 сұрақ қойылды.**

I топқа:

1. Романдағы басты кейіпкерлерді ата.

2. Негізгі оқиға желісі қандай?

3. Жәдігер қандай адам?

II топқа:

1. Романның басты тақырыбы не?
2. Әзім қандай адам?
3. Жәдігерді алаңдатқан не жағдай?

«Ой түйін»

Тағдырыңды тамырсыздық
індетінен қалқала,

Ер адамда өз анасынан басқа да

Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы, айбыны,


Туған тілі – сатылмайтын байлығы,

Туған дәстүр, салт-санасы, тірегі,

Қадамыңа шуақ шашар үнемі

Және туған тарихы.

«Жетістік» баспалдағы.



Қорытындысында қазылар ұпай санын анықтап, жетістікке жеткен топты марапаттады.

Уақыт ағымында

Қ. Б. АСАУБАЕВА,
Қ. Сәтбаев атындағы
№216 мектептің
жоғары санатты
қазақ тілі мен әдебиет пәні
мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы

ҮШТІЛДІЛІК – ЗАМАН ТАЛАБЫ

«Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»

Н.Ә.Назарбаев.

XXI ғасыр – жаңаша даму кезеңінің бастауы білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үштілді білу қажеттігін қойып отыр. Үштілділік – нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы.

Қазіргі таңда барлығымызға белгілі тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды мәселесіне

айналып отыр. Үш тілде білім беру орта мектепте оқушылардың пәнге деген қызығушылығымен бірге сабаққа белсене қатысуын арттырып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда көп септігін тигізуде.

Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың *“Тілдердің үш тұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі”* деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын. Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: *“Мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет”* [1] – деп ерекше атап көрсеткен.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп

санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалыс қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз керек. Бұл – заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Бүгінде ағылшын тілі бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Бұл – өте дұрыс нәрсе. Себебі, бала жастайынан тілді базалық деңгейде білсе, болашақта кәсіби деңгейде үйреніп алуына мүмкіндік туады. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасынан ағылшын тілін еркін меңгерген көптеген бітірушілер шет елдерде білімін дамытып, тәжірибесін молайтуда.

Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз [2].

Ең бастысы, жүрегі «Отаным, Қазағым, Тілім» деп соғатын ұлттық сана – сезімі жоғары, ұлтжанды оқушылар тәрбиелеу. Бірнеше тілді меңгеру арқылы жас ұрпақ білім кеңістігінде еркін самғап, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік алады. Мектептердің үш тілде оқытуды қолға алудағы негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Барлық салалардағы жаңалықтардың қалыптасу заңдылықтарындағы үздік, озық тәжірибелерді оқып білу, оны тануда тілдің қажет екендігі белгілі. Себебі, өндірістің, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілдердің көптеген саладағы қызметі артып, күннен күнге тілдердің дамуы мен өзгеруі жеделдеуде. Әсіресе, біздің еліміз үшін экономика мен өндірісті, білім мен ғылымды, медицинаны, туризмді дамытуда, телекоммуникацияны жетілдіруде, ғарышты игеруде, тағы басқа

қоғамның біршама салаларында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қызметі дамып, үштілділік мәселесі белсенді қолданыс табууда.

Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі дінгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш дінгек керек емес. Бір дінгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын дінгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап, уық секілді қадалады.

Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Мемлекеттік тіл – ұлт тілі, қазақ тілі! Мемлекеттік тілде сөйлеу – әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек.

Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші,

ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу – ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны – аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Ендеше, аталған компоненттерден тұратын, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе. Мәселені түбегейлі шешу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын, қазақ тілінен маман болып шыққан қазақ тілді қазақ және басқа ұлт өкілдерін үштілділікке ыңғайлап қайта дайындаудан өткізіп, оларға үштілділік маманы деген құжат табыс еткен жөн.

Егер біз, Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол- қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса, өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттың өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де

өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ.

Тілдік пәндерді оқу барысында оқушылар әр ұлт пен әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерімен танысып, әр тілдің ұлттық нормаларының көптүрлілігіне, оларды бағалауға немесе салыстыруға болмайтынына көз жеткізеді және тілдерге тән бұл ерекшеліктерге түсіністікпен қарай отырып, әр азамат өз бойында басқа ұлттарға деген құрметтеушілік сезімді қалыптастырудың маңыздылығын түсінеді. Сонымен қатар бастауыш сынып пәндерін оқытуда қазақ-ағылшын тілі және қазақ-орыс тілі екітілділік элементтерін біртіндеп енгізу жоспарлануда. Көптілді білімнің дамуына байланысты қазақ-орыс-ағылшын тілді ортаны кеңейту қажеттілігі туындайды.

Өскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін – ұлтаралық

қатынас тілі және ағылшын тілін – халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы – замана талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Көптілді болу – уақыт талабы. Тіл арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға қосу, әлемдік кеңістік пен көршілес мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыруға болады. Көптілділік қазіргі әлемнің басты мәселесі – адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі.

Осы қағиданы басшылыққа алып, ұстаздарымыз үш тілді еркін меңгерген, өз білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын ұрпақ тәрбиелеуге кірісіп те кетті. Қазіргі ақпараттық технологияларының дамыған заманында

үш тілді меңгеру қиындық тудырмайды. Оқушылар ағылшын тілін тек қана сабақ барысында емес, ғаламтордың көмегімен де еркін меңгеріп жүр. Көп тілді үйрету арқылы біз болашақта көкірегі ояу, көзі ашық, әлемдік мәдениетке көзқарасы қалыптасқан азамат тәрбиелейміз деген ойдамын. Ақын Қадыр Мырза-Әли ағамыз айтқандай: *«Ана тілің арың бұл, ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»* – дей келе, ана тілімізді құрметтейік, ал өзге тілдерді меңгеруге барынша құлшыныс жасайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008
3. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. 2008
4. Ғабжәлелов Х. // Тасжарған, №18. 2008
5. Хасенов Ә. Тіл білімі.- Алматы: Ер-дәулет, 2003.
6. Нұртазин Т. Сөз құдіреті. - Астана: Ер-дәулет, 2007.
7. Әлімбек Г. Қазақ тілі. - Астана: Ер-дәулет, 2007.

Балауса жыр бағында

Н. АМАНБЕК,
Жамбыл атындағы шағын
орталықты орта мектебінің
10 сынып оқушысы.
Жамбыл облысы,
Т.Рысқұлов ауданы,
Тереңөзек ауылы

ТІЛІМ МЕНІҢ

Тілім менің – бақытым, тілектесім,
Сен менімен біргесің, жүректесің.
Мен мәңгіге біргемін бір өзіңмен,
Тағдырымды сенімен бір еткесін.

Ана тілім – көкке самғар қыраным,
Ана тілім – сен әуезді жыр-әнім.
Ана тілім – қайта-қайта айтылар,
Сенсің менің мәңгі бақи ұраным.

Тілім менің – аспандағы ай-күнім,
Тілім менің – жүрегім де айбыным.
Тілім менің – жолдасым мен серігім,
Сенсіз өткен мына менің қай күнім?

Сенсіз өтпес күн түгілі уақыт та
Тілім, сенсіз ұлт бақыты – бақыт па?!

Мына саған теңеу таппай отырмын,
Теңесем де аз секілді жақұтқа.

Аз секілді теңесем де көкке бір,
Абыройың шарықтап бір көкте жүр.
Рәмізіндей биік ұстап қазақтың,
Үлгі қылып қояйын ба көпке бір.

...Кешегіден бір жалықпай сыр шерткен,
Сен бір ескі, көпті көрген сұр шекпен.
Өзің барда ана тілім ардақты,
Басқа тілдер орын алар бір шеттен.

Тілім менің – болашағым, ертеңім,
Бір сенімен ататындай ерте күн.
Тілім менің – бақытым мен байлығым,
Сен туралы біте қоймас ертегім...

Тілім менің! Қазақ тілім! Ана тілім!
Шамшырағым!
Шұғылам!

Дара тілім!

Сен қырандайсың биік ұшқан,
Ал мен – қауырсыны қанатыңның!

ТӘРБИЕ БАСТАУЫ – СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНДЕ

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық құндылығы қалыптасқан, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, намысшыл, іскер ұрпақты қалыптастыру, тәрбиелеу. Тәрбиенің мазмұны, негізінен, адамгершілік, имандылық, ізгілік. Сол себепті бала тәрбиесінде сынып жетекшісінің алатын орны зор.

Мектептегі білім мен тәрбие егіз ұғымдар. Мектеп – білім тірегі десек, ұстаз – оның жүрегі. Мұғалім жас ұрпақтың жан-жақты терең білім алумен қатар саналы да тәрбиелі, зерделілік деңгейі жоғары болуы үшін тер төгіп еңбек етеді. Менің байқауымша, сынып жетекшісінен үлкен жауапкершілік талап етіледі. Сынып жетекшісі – оқушы идеалы, адами қасиетті бойға дарытушы, рухани тәрбие беріп мәдениетке шақырушы. Ең биік шыңында жеке тұлға қалыптастырады. Оқушы

бойындағы өзін-өзі тәрбиелеу және дамытуға саналы көзқарасты қалыптастыру үшін түрлі шаралар өткізу уақыт өте келе өз нәтежиесін беруі мүмкін. Осындай қамқор сынып жетекшісі сөзіне әбденлайықөзсыныпжетекшім – Байбатырова Айкүміс апай. Бізге бесінші сыныптан бері анамыздай тәрбие беріп, кекшіл болмай, көпшіл болуды қалайтын. Айкүміс апай бізге білім берген кезде жай сабақ түрінде емес, ойын түрінде немесе басқа қызықты тапсырмалар арқылы оқушы бойына жол таба біледі. Айкүміс апай оқушыларға білім берумен қатар жан-жақты дамуы үшін түрлі іс-шаралар: пікірталас, әдеби кеш, шығармашылық, ашық сабақтарды көптеп өткізді. Мұндағы мақсаты біздің көпшілік алдында қысылмай өнер көрсетуімізге, ойымызды ашық жеткізуге, іздену, шығармашылық қабілетін ояту сияқты қасиеттерге жол ашып, ары қарай дамытып, адамгершілігі мол, елге сыйлы азамат болуға үлкен сеніммен қарайды. Сынып жетекшіміз – біздің екінші анамыздай. Олай айту себебім, қай жерде, қай уақытта болмасын әрдайым бізді ойлап, алаңдап жүреді. Апай бізге әрдайым үлкен ақындар, ғұлама ғалымдар, жыршылардың қанатты сөздерін құлағымызға

құйып, сол адамдай болуға талпындырады. Бізге айтқан әрбір қанатты сөзі қараңғы жерге жарқ етіп сәуле бергендей әсер қалдырады. Мұғалім бізге әрдайым адами құндылықтарды бойымызға, жақсы кісінің іс-әрекетін көріп сіңіруді үйрететін және мына екі қасиетті ешқашан ұмытпау керектігін айтатын, бірі-өтірік айтпау, бірі – кез-келген жерде әдеп сақтай білу. Сен ешқашан өтірік айтпасаң, саған елдің сенімі молаяды, сенен басқалар үлгі алады, ал әдепке келетін болсақ әдеп сенің басындағы көрінбейтін тәжің, сенің тәжің жарқырай түскен сайын сенің жақсылыққа деген бетбұрысың күшейе түседі. Бұл қасиеттер арқылы шыдамдылық, адамгершілік секілді құндылықтарға жол ашылады. Сынып жетекшіміз *Айкүміс апайдың ендігі арманы – қанат қағып ұядан ұшқан шәкірттерінің өмірде қателеспей, сүйікті мамандығының иесі атанып, Отанына, еліне, ата-анасына адал қызмет етер саналы азамат, азаматша атанып, қай ортада жүрсе де өнегелі тәрбиемен өскендігін таныта алса, ұрпағына үлгі болғанын қаласа, ал менің арманым – әрбір ұстаз осындай болса оқушы үшін, оның білім алуы үшін бар жанын салып оқытса дегім келеді.*

Білім көзі – кітапханада

Л. С. БУЛТЕКОВА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық
жасөспірімдер
кітапханасының
бөлім меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

МӘДЕНИЕТТІҢ ТУЫН КӨТЕРГЕНДЕР

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында кітапхана қызметкерлері 21-мамыр Мәдениет күні мерекесі аясында «Мәдениеттің туын көтергендер» тақырыбында өнер қызметкерлерімен кездесу кешін ұйымдастырды.

Кездесу кешіне ҚР Мәдениет саласының үздігі, Т.Ахтанов атындағы драма театрының белді актеры Оразалин Әсет Сақтапбергенұлы мен Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның әншісі Адаханова Алма Мұхтарқызы шақырылды.

Өнер иелерінен сұхбат алып, өнерлерін тамашалауға «Рауан» колледжінің студенттері, №34 және №36 мектептің оқушылары қатысты. Шара барысында Әсет Сақтапбергенұлының өлең оқудағы дауысы ерекше, мәнері

жылы болғандықтан жерлес лирик ақын С.Жиенбаевтың 80 жылдығында оқыған ақынның өлеңі таспадан тыңдалды. Сөз ішінде Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрында 1995 жылдан бастап, әртіс болып қызмет істеп келе жатқан Әсет Сақтапбергенұлы 60-тан астам рөлдерді сомдағанын айтты.

Ұлы Жеңістің 60-жылдық мерейтойына арналған «Жырлайық, Ұлы Жеңісті!» атты әндер байқауында облыс бойынша бірінші орын иеленген. Республика бойынша Астанада «Елім менің!» патриоттық әндер сайысының лауреаты. 2007 жылғы Облыс әкімі сыйлығының иегері. «Ой-хой 25», «Ауылдан келген Ару», «Үй тандаған лақ» қойылымдарында өз өлеңдерімен қолтаңбасын қалдырды.

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлын шебер сомдап жүрген Әсет Сақтапбергенұлы ақынның 45 қара сөзін жергілікті бағдарлама «Рика ТВ» арқылы халыққа жеткізді. Өнер иесінің жанынан өлең шығаратындығын, яғни ақындық қыры бар екендігін де байқатты. Жастарға тәлім-тәрбие беруде үлкен үлес қосып, ең жоғары бағаға ие болып жүрген азаматтың бірі – Әсет Оразалин.

Қатысушы жастар өнер иелеріне:

– *Өлеңді мәнерлеп оқудың арнайы ережесі бар*

ма?

– *Туған жеріңіз, өскен ортаңыз туралы айтсаңыз..., ал өнер адамы болу бала күнгі арманыңыз ба?*

– *Театрға қалай қабылдандыңыз?*

– *Осы уақытқа дейін бірнеше кейіпкерді сомдадыңыз, соның ішіндегі сізді қатты қинаған рөл болды ма? т.б. сұрақтар қойып, шарада белсенділіктерін көрсетті.*

Сонымен қатар, Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның әншісі Адаханова Алма Мұхтарқызымен де керемет сұхбат болды.

Мәдина Ералиева мен Роза Бағлановаға еліктеп өскен әнші қыз Алмаға жастар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды.

– *Сіз әншісіз, жақсы әнші болудың сыры қандай деп ойлайсыз?*

– *Болашақтағы жоспарыңыз қандай?*

– *Жеке концертіңізді өткізуді жоспарлап жүрсіз бе?*

Сондай-ақ, екі бірдей өнер иелеріне «*Өнер адамдары өнердің киесі дегенді қалай түсінеді?*» деген ортақ сұрақ қойылып, ой-пікірлерін тыңдады.

С.Жиенбаев атындағы облыстық

жасөспірімдер кітапханасының директоры Гүлжайнар Наренқызы қорытынды сөз сөйлеп, Мәдениет күні мерекесімен құттықтап, алғыс хаттар мен сыйлықтар табыстады.

Қазіргі жастар арасында смайлик деген сөзді көп қолданады. Әсіресе әлеуметтік желілерде бір-біріне көңіл күйлерін білдіру арқылы смайликтерді жіберіп жатады. Осы смайликтерді пайдалану арқылы өнер иелері осы сұхбаттан алған көңіл-күйлерін, оқушылардан алған әсерлерін смайликтер ішінен біреуін таңдап алып көрсетті.

«Рухани жаңғырудың бастауы – мәдениет пен өнер», «Өнер мен әдебиет халықтың жаны» тақырыбында кітап көрмелері ұйымдастырылып, кітапханашы Кошанова Шынар библиографиялық шолу жүргізді. Шара барысында кейіпкерлерге арналған бейнеролик көрсетіп жатты. Шара соңында қонақтарымыз қонақ кәдеге домбырамен әндер орындап, өлеңдерін оқыды.

Өнер иелерімен кездесу кешін кітапхананың қызметкері Өтегенова Гүлжан Ескендірқызы жүргізді. Жастар бұл маңызды кездесуден үлкен әсер алды деп ойлаймыз. Қонақтарға өнер әлемінде бақтары жана берсін демекпіз!

Г.ДАНИБЕКҚЫЗЫ,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық
әмбебап ғылыми кітапханасының
Өнер әдебиеттері бөлімінің
кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы

МОЛДАБАЙ – ТІЛГЕ ШЕШЕН, ӘНГЕ БАЙ

С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұйымдастыруымен Мәртөк өлкесінде өмір сүрген, Алашқа аты мәлім, ән-жырдың майын тамызған ақын, әнші Тәңірберді Молдабайдың туғанына 160 жыл толуы қарсаңында жарық көрген «Молдабай – тілге шешен, әнге бай» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Шара барысында «Ел еркесі – әнші Молдабай» тақырыбында көрме жасалып, слайд көрсетілді.

Кешті Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ермұқан Қыдырғали Мұхитұлы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізіліп жатқан шараға алғысын айтып, ұлттық тарихи мәдениет пен өнерді біз барлығымыз бірлесіп танытпасақ кім танытады деп шараны ашып берді. ҚР Мәдениет қайраткері, Құрметті профессор, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Құрманбек Еркін Жолмырзақұлы: «Ақын,

әнші Тәңірберді Молдабай Мәртөк ауданында 1858 жылы дүниеге келді. Жеңелері оған Молдабай деп ат қойған. Кейіннен ол әнші болып елге таныла бастайды. Оның даусы керемет болған. Мәртөк ауданына бара жатқанда “5 теңге” деген тау бар, сол жақта Молдабай ән айтып серілік құрған” – деп, Молдабайдың өмірі мен шығармашылығын таныстырса, «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» тақырыбында сөз сөйлеген Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Пангереев Абат Шамұлы сал мен серінің айырмашылығы киім киісі мен мінезінде екенін айтып, сол заманда сал мен серінің ауылға келуі театр келгендей болғандығын, халық не қаласа соны айтатындығын айтып баяндамасын аяқтады, аталмыш университетінің кандидаты, доцент Тілеуова Ақмоншақ, Мәртөк аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің меңгерушісі Ысқақов Медет, Мәртөк аудандық тарихи – өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері Осанова Ұлдай шараға қатысып, Молдабай жайлы көптеген әңгімелер мен өз білген және естігендерін ортаға салды.

Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филормониясының әншісі облыстық «Асыл мұра» байқауының Бас жүлде иегері Күзембаев Әділет тұсаукесерге қатысып, Молдабайдың әнін орындап берді.

Г. ӨТЕГЕНОВА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының әдіскері.
Ақтөбе қаласы

ҰЛТ – МӘДЕНИЕТІМЕН МӘҢГІЛІК

21 мамырда Мәдениет және өнер қызметкерлерінің төл мерекесі. Бұл мейрамды Қазақстанның барша өнер, мәдениет қызметкерлері қуанышпен атап өтеді.

Аталған мереке қарсаңында Ақтөбе қаласында мәдениет қызметкерлерінің ұйымдастыруымен мерекелік шара өтіп, облыс әкімі Б.Сапарбаев және Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы М.Н.Қорғанбаева мәдениет саласының қызметкерлерін мәдениет саласын дамытуға қосқан елеулі еңбектері үшін құттықтап, марапаттады.

«Мәдениет – ең алдымен жәдігерлік. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші - зиялы қауым», – дейді елбасы Н.Ә.Назарбаев. Ал мәдениет саласының ішінде адамға рухани байлық сыйлап, ғылым мен білімнің терең сырынан сусындатар мәдени орын – кітапхана. Сол қазынаны көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылардың да еңбегі зор деп білеміз. Сондықтан осы игілікті шара барысында кітапхана қызметкерлерінің де еңбегі еленіп,

марапатқа ие болды.

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында директорының орынбасары Құдасова Үржан Құрманқызына ұзақ жылдардан бері тынымсыз еңбек етіп, жастарға бағыт-бағдар беріп келеді. Осы еңбегінің арқасында Үржан Құрманқызына мереке қарсаңында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының атынан Астананың 20 жылдығына орай «Кітапхана ісінің шебері» атты төсбелгі табысталып, марапат өз иесін тапты деуге болады. Сондай-ақ осы саланы дамытуға бағытталған еңбегі үшін Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері кәсіподағы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Н.Табылдинова кітапхананың инновациялық әдістемелік жұмыс бөлімінің меңгерушісі Ермекбаева Алтынгүл Асқарқызын ҚР мәдениет министрі А.Мұхамедиұлының «Құрмет грамотасымен» және кітапхананың есеп бөлімінің бас есепшісі Қойлыбаева Айсұлу Жеңісқызын «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі атынан алғыс хатпен марапаттады.

«Мәдениеттің мәйегі – кітап», – дейді Ш.Мұртаза. Ендеше сол қазынаны көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылардың еңбегі еленіп жатырғаны көңілімізге қуаныш сыйлады.

Г. ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ,
С.Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасының
қызметкері.
Ақтөбе қаласы

ӨЛЕҢ – ТАҒДЫР ТАҢБАСЫ

2018 жылдың сәуір айында елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Хромтау ауданы Никельтау ауылында С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры, ақын Гүлжайнар Калдинамен «Тағдырымның таңбасы – өлең» атты кездесу кеші өтті.

Өткізілген шараның мақсаты – Ақтөбе өңірінен шыққан ақынды жас ұрпаққа үлгі ету, ұғындыру және шығармаларын насихаттау. Әдеби рухани көңіл күй сыйлау сонымен бірге жастардың әдебиетке ынтасын ояту.

Кешке Хромтау ауданы әкімінің орынбасары, ауданның ішкі саясат бөлімінің басшысы Ракишева Жайнагүл Баймағамбетқызы, Никельтау ауданының әкімі Әлмұратов Нұрлан Болатұлы, ақын Индира Кереева және жас ақындар, кітапханашылар, ауыл тұрғындары мен мектеп оқушылары қатысты.

Ақын Гүлжайнар Нәренқызы Шалқар

ауданы, Аққайтым ауылында ұстаздар шаңырағында өмірге келген. 2003 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. С.Томанов (Алматы-2003), Қожа-Ахмет Яссауи (Түркістан -2007) атындағы және «Өлең, мен сені аялап өтем» атты (Атырау-2010) республикалық ақындар мүшәйраларының жеңімпазы. Тұманбай Молдағалиев атындағы арнайы сыйлықтың иегері, Солтүстік Қазақстан облысында өткен Мағжан Жұмабаевқа арналған республикалық жыр мүшайрасының жүлдегері болған. 2018 жылы «Ұлт болмысы» атты республикалық әдеби байқауында поэзия жанры бойынша 1-орынды жеңіп алған.

Ақын Гүлжайнар Нәренқызы: *«Журналист болсам деген арманым анам қарсылық білдірді. Ауыр да жауапты сала деді. Есесіне, әкем маған үлкен сенім артты. Алланың қалауымен журналистика мамандығына оқуға түстім. 2003 жылы облыстық «Ақтөбе» газетінде еңбек жолым басталды. «Ақтөбе» газетінде Ертай Ашықбаев, Мейірхан Ақдәулетұлы, Бауыржан Бабажанұлы секілді белгілі ақын ағаларымызбен бірге қызмет жасаған кезде өлеңнің не екенін түсіне бастадым. Алматы қаласында өткен республикалық С.Томанов*

атындағы ақындар мүшәйрасы болды. Мүшәйраға ең бірінші рет қатысып, 3-орын алып келу жеңісімнің басы және өлеңге деген қадамымның басталуы деп білемін», – дейді. Шарада ақын Гүлжайнар Нәренқызы өзінің өмірі мен шығармашылық жолын жиналған қауымға айтып берді. Жастар ақынға сұрақтар қойып, өз ойларымен бөлісті. Әр түрлі тақырыпта ашық әңгімелесті. Оқушылар Гүлжайнар Калдинаның туындыларынан өлеңдер оқып, өз өнерлерін көрсетті. Хромтау аудандық кітапханасының мамандары кеш иесі туралы дайындаған бейне ролик пен слайд көрсетті. «Шұғыла» шығармашылық орталығының ақындары өлеңді сүйер халқына музыкалық драмадан көрініс көрсетті. Гүлжайнар Нәренқызы кітабын Хромтау ауданының кітапханасына және Никельтау ауылына сыйға тартты.

Шараға келушілер С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы ұжымының дайындаған кітап көрмесімен танысты. Көрмеге өлкемізден шыққан ақын-жазушылардың туындылары қойылды.

Кеш соңында көрермендер ақынға жылы лебіздерін білдіріп, ауылдың үлкендері батасын берді.

Бас редакторы – Гүлдәрі ЖҮСПОВА.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.07.2018 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №7, 2018 ж., 144 бет, Алматы.